Изучение русского языка в Казахстане на современном этапе развития общества невозможно без знания истории и культуры Республики.

Лингвострановедческий аспект изучения русского языка предполагает ознакомление студентов как с историей, так и современной действительностью Казахстана через русский язык.

В настоящее время наблюдается повышение интереса в области топонимики. К сожалению, в топонимике Казахстана отсутствуют работы, посвященные современной топонимической ситуации, а также детальные хронологические исследования в этой области.

Содержание данных статей отражает попытку собрать материал об истории возникновения и развития некоторых географических наименований в зависимости от исторического развития той или иной области Казахстана [4].

В 1818 году основана крепость Акмечеть Кокандским ханством после завоевания берегов нижнего течения реки Сыр-Дарьи до Кармакчи. Строили крепость более 10 тыс. казахов окрестных аулов. Она основана на узловом пункте караванной дороги от Бухары и Хивы в Центральный и Северный Казахстан, и с Востока на Запад. В 1853 году Кокандская крепость Акмечеть была завоевана оренбургским генерал-губернатором В. А. Перовским. Крепость была переименована 31 августа того же года Указом Царя в форт Перовский. В 1867 году в связи с созданием Туркенстанского генерал-губернаторства была организована Сырдарьинская область в составе 5 уездов. Центром Перовского уезда стал форт Перовский, переименованный в город Перовск. В 1901 году начато строительство Оренбургско-Ташкентской железной дороги, которая проходила через Перовск, что привело к резкому увеличению количества населения города. Строительство железной дороги завершилось в 1906 году. Возникли паровозные и вагонные депо и обслуживающие железную дорогу хозяйства. После строительства железной дороги население города увеличилось до 8328 человек. В 1922 году город Перовск переименован в Акмечеть. 17 апреля 1925 года на V съезде Советов Киргизской АССР город Акмечеть стал столицей Республики и был переименован в город Кызыл-Орда. На этом же съезде народ получил свое историческое название «казахи», а Республика – Казахская АССР. В городе проживало 22577 человек. С 1931 года районный центр, а с 15 января 1938 года областной центр. В 1940 году началось строительство Кызылординской плотины, которое завершилось в 1958 году. В 1950 году организация «Камыштрест» для подготовки сырьевых ресурсов будущего целлюлозно-картонного комбината, строительство которого завершилось в 1963 году была переименована в целлюлозно-картонный завод. В 1958-1959 гг. было завершено строительство обувной фабрики. В 1964 году сдана в эксплуатацию ТЭЦ-6. Она возникла на основе двух энергопоездов, которые работали в 1958-1962 гг.. В 1963 году начато строительство мясокомбината, завершенного в 1966 году. В 1974 году на основе машинно-испытательной станции был создан завод «Кызылордарисмаш». В 1983 году начато строительство фабрики нетканных материалов, завершено в 1984 году. В этом же году запущен ремонтно-механический завод. В 1996-1999 годы – Кызылординская специальная экономическая зона. Кызыл-Орда - город с удивительной историей, уходящей корнями в глубокую древность. Ученые и по сей день находят здесь стоянки неолита и памятники эпохи бронзы. Расположенные на территории области стоянки Сапак, Саксаульск, Камысты-Бас, могильник Тогускен, памятники Ак-еспе, Шокы-су, Шелги-загем, Коксу, Сары-Шыганак, Жаксы-Кылыш являются немыми свидетелями древности. Кызыл-Орда известна и великими людьми прошлого. В VIII в. здесь жил знаменитый тюркский философ, поэт, политический деятель – Коркыт Ата, сумевший объединить народы, населявшие нынешнюю Кызылординскую область в борьбе против захватчиков. Коркыт Ата – гордость не только

казахского народа, но и туркменов, узбеков, азербайджанцев... Коркыт Ата – это символ единения всех тюркоязычных стран. Новая история Кызыл-Орды не менее интересна. Всего за 100 лет город три раза изменил свое имя. Основанный около 1820 г. как крепость Кокандского ханства под названием Акмечеть, в июле 1853 года он был переименован в форт Перовский. А в 1925 году Перовск стал Кызыл-Ордой. С 1925 по 1929 годы Кызыл-Орда была столицей Казахстана. Кызылординская область переживает свой новый бурный расцвет в экономике. И такому крупному промышленному и сельскохозяйственному центру требуются достойные воздушные ворота. В Кызылорде уже более 20 лет существует аэропорт «Коркыт Ата», названный в честь великого предка кызылординцев.

В 2001 году в аэропорту был построен новый аэровокзальный комплекс пропускной способностью 150 пассажиров в час. Войдя в зал аэровокзала, становится понятным, почему аэропорт носит имя «Коркыт Ата»: современный тезка древнего предка тоже стал символом единения многих народов. Здесь можно встретить представителей многих стран. Ведь Кызылорда с каждым годом становится все более привлекательной для бизнесменов со всего мира [3].

Еще не так давно Аральское море было четвертым по величине озером в мире, славилось богатейшими природными запасами, а зона Приаралья считалась процветающей и биологически богатой природной средой. Уникальная замкнутость и разнообразие Арала не оставляли никого равнодушным. И неудивительно, что озеро получило такое название. Ведь слово "арал" в переводе с тюркского языка означает "остров". Наверное, наши предки считали Арал спасительным островом жизни и благополучия среди пустынных горячих песков Каракумов и Кызылкумов.

Арал - бессточное соленое озеро-море в Узбекистане и Казахстане. К 1990 г. площадь составила 36, 5 тыс. кв. км (в том числе так называемое Большое море 33, 5 тыс. кв. км); до 1960 г. площадь равнялась 66, 1 тыс. кв. км.. Преобладающие глубины 10-15 м, наибольшая - 54, 5 м. Свыше 300 островов (наиболее крупные - Барсакельмес и Возрождения). Однако из-за неразумной деятельности "властелина природы" - человека, особенно в последние десятилетия, ситуация резко изменилась. Уже к 1995 году море потеряло три четверти водного объема, а площадь поверхности сократилась более чем наполовину. Ныне обнажилось и подверглось опустыниванию свыше 33 тысяч квадратных километров морского дна. Береговая линия отступила на 100-150 километров. Соленость воды возросла в 2, 5 раза. А само море разделилось на две части - Большой Арал и Малый Арал. Одним словом, Арал высыхает, Арал умирает [2].

На дне Аральского моря в Казахстане обнаружено древнее погребение - остатки мавзолея, возведенного около 600 лет назад. По мнению некоторых экспертов, эта находка свидетельствует о том, что Аральское море высыхало задолго до того, как началось нынешнее его обмеление, и что перепады уровня воды носят циклический характер.

Байконур - космодром и город

12 февраля 1955 году утверждено создание Научно-исследовательского испытательного полигона № 5, предназначенного для испытаний ракетной техники. Для дислокации полигона был отведён значительный участок пустыни (здесь в 1954 году работала рекогносцировочная группа топографов и геологов) посередине между двумя райцентрами Кзылординской области Казахстана - Казалинском и Джусалами, около разъезда Тюратам железной дороги Москва-Ташкент. Район формирования полигона в первой половине 1955 года имел условное наименование "Тайга" [2].

Байконур (бывший Ленинск) — административный и жилой центр космодрома Байконур (5 Государственный Испытательный Космодром РФ), расположен в 2500 км к юго-востоку от Москвы, в Кызылординской области Республики Казахстан, на правом возвышенном берегу реки Сыр-Дарья. Аэропорт "Крайний", железнодорожная станция Тюратам. Город протянулся на 5 км вдоль Сыр-Дарьи (урез воды около 85 м над уровнем моря, ширина реки 120-200 м, глубина 1-4 м) и расположен на пологоволнистой слабовсхолмленной равнине с абс. отметками 90-100 м. Относительная высота бугров составляет около 10 м, по берегам реки высота обрывов достигает 15-20 м..

В 1966 году были изготовлены две стелы с надписью "Звездоград" (такое неофициальное название носил посёлок Ленинский в 1960-е годы): они были установлены на въездах в город со стороны аэродрома и со стороны железнодорожного вокзала. В 1969 году поселок получил статус города и официальное название Ленинск. Сегодняшний Байконур - столица динамично развивающегося космодрома, красивый, ухоженный, чистый и уютный город, в котором комфортно жить и отдыхать. В июне 2005 года город и космодром красочно и торжественно отметили 50-летний юбилей.

Сегодня Байконур открыт для мирового сотрудничества в области освоения космического пространства для реализации вывода на орбиты международных орбитальных комплексов нового поколения, пилотируемой космонавтики как единственный, крупнейший в Евразии космодром [1].

Литература:

1. Бровкин, В.В. Новости космонавтики / В.В.Бровкин// 1994 - N26 - С.14-18.
2. Мамекбаева, С.А. Республика Казахстан. Лингвострановедческое пособие по русскому языку /С.А. Мамекбаева, К.Т. Алиева/ – Алматы, 1998. -С.117-118.
3. Черных П.Я, Историко-этимологический словарь современного русского языка/ П.Я.Черных//Москва, 1999 .
4. Современные тенденции изучения русского языка в Казахстане/ Сборник научных трудов – Актобе-Москва, 2009.

УДК 613.2

ОРГАНИЗАЦИЯ ПИТАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЧУЖЕРОДНОЙ НАГРУЗКИ

А. Е. Айтасова - студент
Научный руководитель – Ф. Х. Суханбердина, канд. мед. наук, доцент
Западно-Казахстанского аграрно-технический университет имени Жангир хана

В ситуации повышенного экологического риска нерационального питание должно рассматриваться не только с точки зрения возможного развития ряда распространенных алиментарно-зависимых патологий, но и как фактор, снижающий защитно-адаптационные возможности организма. В условиях чужеродного воздействия организм в стрессовом режиме использует все функциональные возможности для поддержания нормального гомеостаза, испытывая при этом потребность в бездефицитном поступлении физиологически обоснованных количеств основных нутриентов с рационом питания. Суточная норма поступления каждого нутриента в конкретных экологических условиях должна определяться с учетом величин индивидуальной физиологической потребности и расхода отдельных пищевых веществ в адаптационных механизмах.

Организация питания в условиях экологической нагрузки предполагает:

1. обоснование суточного нутриентного состава рациона;
2. определение продуктового набора, обеспечивающего поступление необходимого количества пищевых веществ и энергии;
3. выбор оптимального режима и условий питания.

В конкретных экологических условиях, исходя из знаний структуры и объема действующих чужеродных факторов, врач индивидуально определяет потребность человека в дополнительном поступлении ряда нутриентов, физиологические количества которых являются дефицитными в силу повышенного их расхода в защитно-адаптационных процессах. Объективными показателями недостатка того или иного нутриента должны служить данные изучения специфических параметров пищевого статуса.

Практическое осуществление алиментарной адаптации проводится по двум основным направлениям:

1. снижение алиментарной чужеродной нагрузки;
2. обеспечение организма необходимым количеством нутриентов.

Первое направление предполагает контроль за качеством и безопасностью пищевой продукции, а также использование принципов элиминационной диетотерапии: включениев рацион питания продуктов, препятствующих инкорпорации ксенобиотиков и обеспечивающих их быстрое удаление из организма (с калом, мочой) без нарушения функций выделительных систем. Получение и оборот безопасной пищевой продукции зависит как от применяемых производителем систем контроля качества на пищевых объектах, так и от организации государственного контроля продовольствия [1].

Важным компонентом в комплексной системе обеспечения качества пищевых продуктов является санитарно-эпидемиологическая грамотность населения, позволяющая подходить с гигиенических позиций к выращиванию, приобретению, хранению, приготовлению и употреблению пищи [2,3].

Особое внимание следует уделить также возможности алиментарной стабилизации основных вовлеченных в адаптационные механизмы систем: аллергологического статуса (гипосенсибилизирующая диетотерапия) и микробиоценоза кишечника.

Второе направление связано с пищевой ценностью отдельных продуктов и рациона в целом. Особый интерес представляет разработка специальных профилактических продуктов, обладающих протекторными свойствами или повышающими резидентность организма. Подобные продукты, производимые промышленным способом из качественного сырья, имеют научно обоснованную рецептуру и обеспечивают высокую эффективность защиты, доказанную в предварительных модельных исследованиях и натурных наблюдениях. В настоящее время разработан целый ряд профилактических продуктов с заданными свойствами за счет обогащения их пищевыми волокнами, витаминами, минеральными веществами, полноценным белком [3].

Так, например, увеличение количества пищевых волокон достигается введением в рецептуры хлебобулочных, кондитерских, мясных, рыбных изделий, обработанных разными способами, моркови, яблок, свеклы и т.п. Одновременно за счет растительных компонентов происходит обогащение продуктов витаминами и минеральными веществами. Нормализация по минеральному составу широкого ассортимента продуктов осуществляется введением в соответствующие пищевые композиции мясной массы, тонкоизмельченной рыбной массы, порошка яичной скорлупы, препаратов боенской крови, печени и т.п.

Алиментарная адаптация к неблагоприятным условиям среды обитания, не являясь радикальным мероприятием, имеет существенный профилактический потенциал. Реализация основных направлений алиментарной адаптации в настоящее время является единственным надежным способом снижения степени отрицательного влияния чужеродных факторов среды обитания, имеющим как научное обоснование, так и систему практического применения в лице органов и учреждений государственного санитарно-эпидемиологического надзора [1,2].

Таким образом, в комплексной системе обеспечения качества пищевых продуктов является санитарная грамотность населения.

Разработка специально обогащенных пищевыми волокнами, витаминами, минеральными веществами, полноценным белком продуктов повышает резистентность организма к ксенобиотикам.

Алиментарная адаптация к чужеродным факторам среды обитания в настоящее время является надежным способом снижения их отрицательного влияния.

Литература:

1. Поздняковский В.М. Гигиенические основы безопасности питания и экспертиза продовольственных товаров/ В.М.Поздняковский// Новосибирск, 2004.стр. 534
2. Мартинчик А.Н. Физиология питания, санитарии и гигиены: учеб. пособие для образовательных учреждений/ А.Н.Мартинчик, А.А.Королев, Л.С.Трофимченко // - 3-е изд.- М. «Академия», 2004. стр. 192.
3. Королев А.А. Гигиена питания: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений/ А.А.Королев// - 2-е изд. – М. «Академия», 2007. стр. 528

ӘОЖ 664.66.022.3

НАН ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕДЕЛДЕТУ

З. М. Айтмуханова - магистрант
Ғылыми жетекші – А. К. Гумарова а-ш., ғылымдарының канд., доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университеті

Тамақтану адам ағзасы үшін, ішкі орта үшін әсер етуші маңызды фактор. Қазіргі кезде дұрыс, әрі рационалды және диетикалық түрде тамақтану ағзаның қалыпты өсуі және процестердің белгілі уақытта жақсы дамуымен қатар, денсаулықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Кері фактордың әсерінен, соңғы кезде рационалды тамақтану мәселесі күрт өсіп отыр.

Барлық түрлі тамақтардың ішінде, яғни ерекше жоғары тағамдық құндылығымен ерекшеленетін нан өнімдері болып табылады. Ол ерекше қасиеттерге ие, яғни бағалы тұтынушылардың барлығы үшін ерекше мағына береді.

Нан өнімдері - адамның күнделікті тамақтануында қажетті, маңызды тағам, сондықтан оның сапасы барлық медициналық – биологиялық талаптарға сәйкес келу керек. Бұл көрсеткіштер негізінен нан өнімдерін дайындауда сапалы негізгі және қосымша шикізат ретінде маңызды факторлар болып есептеледі. Кейбір үлкен, ірі нан зауыттарында үздіксіз технология қолданылады, соның ішінде нан сапасына әсер ететін бірден бір төменгі қасиеттер осы технология нәтижесінде болады.

Нан-бөлке өнімдерінің тағамдық құндылығы құрамындағы негізгі қоспаларға, яғни ақуыз, май және сіңімді көмірсуға, сонымен қатар энергетикалық құндылыққа байланысты.

Адам ағзасы үшін нан-бөлке өнімдерінің маңызы өте зор, яғни олар өсімдік тектес ақуыздардың, сіңімді көмірсу, ферменттер және минералды заттардың негізгі көзі.

Нан-бөлке өнімдерінің құрамындағы маңызды тағамдық зат болып өсімдік тектес ақуыз табылады. Бидайдың ақуызы, соның ішінде ұнның ақуызы және нан-бөлке өнімдердің ақуызы биологиялық таптырмайтын зат, ол екі эссенциалды амин қышқылынан – лизин мен треониннен тұрады [1].

Нан өнімдеріндегі ақуыз адам ағзасындағы қажеттіліктің 80% құрайды. Қазіргі кезде әр түрлі елдегі нан өнімдерін тұтынушылардың үлесі 40% .

Адам ағзасына түсетін нан және нан-бөлке өнімдерінің тағамдық құндылығы рационалды тамақтану процесінде өте маңызды фактор болып есептеледі.

Нан өнімдерін өндіру процесі – адаммен бірге қызмет істеп келе жатқан ежелгі биотехнологиялық процестердің бірі. Қазір ешқашан болмаған нәрселерге, яғни адамдар жақсы заттарға, нан өнімдерінің химиялық құрамына, бай дәрумендерге, микроэлементтер мен тағамдық ұлпаларға мұқтаж болуда. Бұған себеп қазіргі кездегі экологиялық жағдайдың нашарлауы және технологиялық процестердің кейбір кемшіліктері.

Қазіргі таңда Қазақстанда қауіпті экологиялық және экономикалық жағдай тамақтанудағы алиментарлық факторлардың диобалансы, соның ішінде ауыстырылмайтын маңызды заттар – ақуыз, дәрумендер, минералды заттардың тапшы болуы, соңғы кезде бұлардың азаюы тұрғындардың денсаулығының нашарлауына әкеліп отыр.

Адамдардың ұзақ өмір сүруін және денсаулық жағдайын, жұмысқа қабілеттілігі мен өмір сапасын жақсарту жолдарының бірі болып негізгі тағам өнімдерінің экологиялық қауіпсіздігі мен бәсекелестігін сақтау болып табылады.

Денсаулықтың, өмірдің сапасын жақсарту, жұмысқа қабілеттілікті және әртүрлі жас пен денсаулық жағдайындағы адамдардың ұзақ өмір сүруін жақсарту мәселелерін шешудің бірден бір жолы - адамдардың қолайсыз өмір сүру жағдайларына толық құнды тамақтану мен бейімделумен қамтамасыз ететін, экологиялық қауіпсіз және бәсекеге қабілетті негізгі тағамдық азықтардың –яғни нан өнімдерінің негізгі шикізаттарының пайдалы табиғи

қасиеттерін толық сақтап қалу кезіндегі негізгі тағамдық және биологиялық активті компоненттердің құрамын арттырумен сипатталады.

Экологиялық қауіпсіздік мәселелерін шешу бидай және олардың өнімдерін өңдеудің белгілі сатысында, әртүрлі бидай өнімдеріне – бидайдан нанға дейінгі, оның ішінде жинағаннан кейінгі өңдеу процесінде және бидайды өңдеуге дайындауға, сондай-ақ ұн мен нан өндірісінің сатыларына кедергі келтіретін компоненттердің түсуін және құрамын төмендетуді қамтамасыз ететін жаңа технология мен қондырғыларды енгізуге тәуелді [2].

Өндіріс технологиясы аумағындағы ғылыми зерттеулер нәтижесі тамақтанудың сапсына үлкен әсерін тигізуде. Тағам өндірісінің технологиясындағы негізгі бағыттардың бірі әртүрлі тағамдық қоспаларды қолдану, яғни тамақтың сапасын жақсартатын қоспалар, бұлар тамақ сапсына ғана емес, сонымен қатар тағамдық құндылығын жақсартып және де өнімнің шығарылу деңгейін, көлемін үлкейтіп, сақталу уақытын ұзартады.

Тағамдық құндылығы төмен және әлсіз клейковейналы нанның сапасын жоғарлату үшін нан құрамына ферменттер, антиқышқылдар, микроэлементтер, ақуыз және тағы басқа жақсартқыш қоспалар қосады. Қоспалардың қосылуы жылдан жылға артуда. Олардың кейбіреулері қатаң функционды маңызға ие, ол нан сапасының параметрлеріне және технологиялық процескеде әсер етеді [3].

Нан – бөлке өнімдерінің тағамдық құндылығын жоғарлаттатын бағыттардың жолдары, бұл - сүт, сүт өнімдерін және минералды қоспаларды қосу. Қазіргі кезде биологиялық жартылай қанықкан тағамдарға сүт – ақуызды қоспалар қосу арқылы ассортимент түрлерін көбейту жолы көзделіп, жұмыстар жүргізілуде. Сүтті – ақуызды қоспалардың кең таралған түрлеріне: көк сүт, сарысу, майсыздандырылған сүт және оның концентранттары, пахта, майсыздандырылған сүзбе, тағамдық құрғақ ақуыз, құрғақ ақуыз қоспасы жатады [4].

Нан өнімдерінің өндірісінде оның тағамдық және биологиялық қасиеттерін арттыру мақсатында сүт сарысуын қолданады.

Табиғи сүт сарысуы МЕСТ 49-92-75 талаптарына сай сүт сүзбесінен, ірімшік пен казейннен қайта өңдеуден алынатын өнім. Ол таза ашық жасыл түсті, сарысуға тән иіс пен қасиетке ие. Наубайхана өндірірісінде сүзбенің, ірімшіктің, казейннің сарысуы қолданылады. Ірімшіктің 6% натрий хлоры бар сарысу наубайханада қолдануға рұқсат етілмейді. Сонымен қатар, сүт сарысуы ақуыз-майлы дәстүрлі өнім түрлерін өндіруге қалыпты әсер ететін өнім болып табылады. Сүт өнеркәсібінде сарысу екіншілік шикізат ресурсы болып табылады. Оның толық және рационалды қолданылуы барлық әлемде белең алып отыр.

1-кесте – Сүт сарысуларының және сүттің химиялық құрамы (ОСТ 10213-97)

Көрсеткіштер	Сүт сарысулары			Сүт
	Сүзбелі	Ірімшікті	Казеинді	
Құрғақ заттар, %	4,2–7,4	4,5–7,2	4,5–7,5	12,3
Оның ішінде: Лактоза, %	3,2–5,1	3,9–9	3,5–5,2	3,01-5,45
Азотты заттар, %	0,5–1,4	0,5–1,1	0,5–1,5	1,2-2
Минералды заттар, мг %	0,5–0,8	0,3–0,8	0,3–0,9	0,7
Кальций, мг %	93,18-97,53	81,89-83,25	83,04-87,32	93,33-97
Калий, мг %	183,95-186,21	141,01-143,62	180,14-185,26	185,6-190,5
Натрий, мг %	72,740-74,29	55,75-59,42	60,78-64,25	75,80-82,8
Тығыздығы, кг/м3	1025	1023	1023	1027
Қышқылдылығы, град	75	20	70	18

Осыған байланысты зерттеу жұмысында нанға биофидогенді қоспаны, соның ішінде табиғи сүт сүзбесінің сарысуын қосудың мүмкіндігі анықтады. Сүт қанты сүт сарысуында болуы бифидогенді қоспа болып табылады. Одан басқа сарысудың химиялық құрамы нанды ақуызбен, минералды заттармен, дәрумендермен, органикалық қышқылдармен толтыруға мүмкіндік береді. Сүт сүзбесі сарысуының химиялық құрамын сүт құрамымының қанша

пайызынын құрайтынын және басқа сүт сарысуларымен салыстырып қарасақ, жоғары көрсеткішті көрсетеді, ол 1-кестеде көрсетілген.

Сүт сарысуындағы құрғақ заттардың негізгі компоненті лактоза болып табылады, оның үлесі сүт құрамындағы лактозаның 70% құрайды. Көмірсудің сапалық құрамы сүттің көмірсу кешеніне – моносахара, олигосахара, оның ішінде лактоза, арабиноза, амилод пен аминосахара санды көмірсулардың үлесіне тиеді. Сүзбе сарысуы 1,5% глюкозадан тұрады. Аминосахараның ішінде нейраминді және сиалды қышқыл, сонымен қатар, кетопентоза бар.

Сүт сарысуы 0,5–0,8% ақуыз заттарынан тұрады және азотты қосылыс заттарын есептегенде сарысуда 1% құрайды. Сарысудың негізі ақуыз фракциялары: лактоальбумин (0,4–0,5%), лактоглобулин (0,06–0,08%) және протеозопептон (0,06–0,18%).

Сарысу аминқышқылдарға бай және олар әртүрлі (2-кесте) жалпы алғанда ірімшікті және сүзбе сарысуының аминқышқылды қоспасы шамамен бірдей. Кейде сүзбе сарысуында 3,5 рет көп бос аминқышқылы мен 7 рет көп ауыстырылмайтын аминқышқылдар болады.

2-кесте – Сүт сарысуының аминқышқылды құрамы

Сарысу түрлері	Аминқышқыл құрамы, мг/л.			
	Бос		Ақуызы бар	
	Барлығы	Ауыстырылмайтын оның ішінде	Барлығы	Ауыстырылмайтын оның ішінде
Ірімшікті	132,7	51	6490	3326
Сүзбелі	450,0	356	5590	2849

Үлкен айырмашылықты сүзбе өндірісінде сүттегі ақуыздың интенсивті гидролизінен көруге болады. Бұл сүзбе сарысуының құндылығын, әсіресе тамақтану жағдайында көрсете алады. Сүттегі ақуызға, яғни аминқышқылдарға қарағанда ірімшікте 4 есе, сүзбеде 10 есе болатынына көп аса назар аудару керек.

Сонымен қатар, сүт сарысуында газдар да болады, ол аз мөлшерде болады. Ол ірімшік және сүзбені жылулық және микрофлораны өңдеуде пайда болады. Сарысуды сақтау кезінде әсіресе бөтен микрофлораның нәтижесінде газ мөлшері тез үлкейіп кетеді [5].

Сүт сарысуы, сонымен қатар, қарт адамдарға, артық салмақтағы адамдарға ауыстырылмайтын тағам болады. Сүт сарысуындағы ақуыз сүттегі негізгі өнімді, яғни сүттің ақуызының коагуляциясы кезінде алынады. Сарысулық ақуыздар өз құрамында ауыстырылмайтын аминқышқылдардан тұрады, ал гемоглобин аз болғанда, қан плазмасы мен бауырдағы ақуыз синтезі кезінде көмектеседі.

Алынатын сарысудың теориялық көлемі өңделінетін өнімнің 80% құрайды. 1т сүттен ақуызды – майлы өнімді өңдеу кезінде 800л сүт сарысуы алынады. Үй шаруашылығында шыққан 10л сүттен 6–7л сарысу алуға болады. Әлемде жыл сайын ірімшік, сүзбе, казеин өндірісінен 100млн. тонна сүт сарысуы алынады [6].

Сүтті құрам бөліктерінің қоспасымен сары судың биологиялық қасиеті оны сүт өнеркәсібіндегі құнды шикізат ретінде қолдануға болатынын көрсетеді.

Зерттеуде су бөлігінің орнына сарысу опар дауындауға жұмсалды. Есептеу нәтижесі бойынша судың 45% бөлігі сарысумен ауыстырылды. Зеттеу нәтижесінде сұйық сарысу жартылай фабрикаттардың физико-химиялық көрсеткішіне және дайын өнім мен технологиялақ процеске әсер ететіні анықталды.

Қарапайым нанан алынған көрсеткіштер бақылау сапасы ретінде алынып, табиғи сүт сарысуы қосылған нанмен салыстырылды. Зерттеу көрсеткіштері 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте – Сүт сарысуы қосылған нанды бақылау нанымен салыстырмалы түрде зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер	Бақылау көрсеткіші МЕСТ 27842-88	Зерттеу көрсеткіші
Опардың ылғалдылығы, %	43	42
Опардың ашу ұзақтығы, мин	200	160
Опардың шекті қышқылдылығы, град	4,4	5,0
Қамыр ылғалдылығы, %	42	41
Қамырдың ашу ұзақтығы, мин	50	30
Қамырдың шекті қышқылдылығы, град	3	3,7
Тұрғызу ұзақтығы, мин	40	30
Дайын өнім ылғалдылығы, %	41	40
Дайын өнім қышқылдылығы, град	2,5	3,2
Дайын өнім кеуектілігі, %	70	72

Бұл кестеде зеттеу көрсетіп тұрғандай сүт сарысуымен опардың ашу уақыты 40 минутқа, қамырдың ашу ұзақтығы 20 минутқа қысқарады, органолептикалық көрсеткіштері мен физико-химиялық құрамына әсер етеді.

Табиғи сүт сарысуы тек байытқыштар ғана емес, сонымен қатар нан сапасын көтеруші. Сарысумен бірге қамырға қосымша азықтық заттар қосылады. Соның нәтижесінде микрофлоралар мен интенсифионды биохимиялық процестің дамуына қолайлы орта пайда болады. Сарысу жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің қышқылдылығын 0,4-0,6 градусқа дейін көтереді, бірақ ол дайын өнімнің сапасын төмендетпейді.

Одан басқа сарысу лактозасы нан пісірудің барлық сатысында газ түзілуі интенсификациялық түрде бақыланады. Бұл ашытқылардың активтілігіне негізделеді, алынған жартылай фабрикатта сарысумен қосымша тағамдық түрде минералды және азотты заттар, дәрумендер, микроэлементтер түзеді. Опараның көтерілуі жақсарады, ондағы ашытқы жасушаларының құрамы көбейеді, зимозды және мольтозды активтілігі ашытқыны көтереді және осыған байланысты өндірістік цикл қысқарып, ол жұмыс уақытын үнемдеуге, еңбек өнімділігінің артуына әкеледі.

Табиғи сүт сарысуын нан өнімдеріне қосу тек нанның тағамдық құндылығын ғана емес, сонымен бірге нан түсін, иісін жақсартады, көлемін үлкейтеді және наның қараюын тежейді. Нан қараюының тежелуі сарысу құрамындағы органикалық қышқылға, ақуызға, лактозаға байланысты.

Зерттеу нәтижесінде жаңа нан өнімдеріне қосатын сүт өндірісі кәсіпорындарынан қалған сарысулар нан өндірісіне үлкен мүмкіндік береді, бұл жоғары сапалы нан өнімдерін алу мәселелерін шешеді және технологияны жеделдетеді, осының нәтижесінде нан сапалы, тағамдық құндылығы өте жоғары болады, нан өнімдерінің биологиялық және дәмдік сапасын жақсартатын толық құнды компоненттермен байытады. Сонымен қатар сарысуды қосу қамыр ашу процесін жақсартады, кеуіп кету процесін баяулатады және нанның шығымын 3% дейін арттырады, сақталу мерзімі ұзарады және картоп ауруын болдырмайды. Сонымен қатар сарысу қосылған нан өнімдерінің бүйрек және журек ауруларына қарсы емдік қасиеті бар.

Әдебиеттер:

1. Машанова, Н.С. Оптимизация технологического процесса с использованием улучшителей в хлебопечении / Н.С. Машанова, Г.К. Пазылова // Материалы Международной научно-практической конференции «Экономическое, социальное и культурное развитие Западного Казахстана: история и современность», посвященной 180-летию Оружейной Палаты Бокеевского ханства. –2008. –С. 307-308.

2. Шухнов, А.Ф. Технологии переработки зерна / А.Ф. Шухнов, Г.С. Зелинский, Т. И. Очеретенко, В.Г. Дулаев, Н.П. Володин // Пищевая промышленность.–2000.–№12.– С. 20-21.

3. Сугуров, И. Обогащение зерновых продуктов витаминами и минеральными веществами / И. Сугуров, А. Юдина // Хлебопродукты.-2007- №12- С.44
4. Нилова, Л. Использование нанотехнологий для повышения качества хлебобулочных изделий / Л. Нилова, Н. Науменко // Хлебопродукты. –2007. –№10. –С. 50-51.
5. Якуббаев, Х.Ш. Использование молочной сыворотки при производстве хлебобулочных изделий / Х.Ш. Якуббаев, Т.В. Сальникова, Н.А. Атыкян, В.В. Ревин// XXXV Огаревские чтения: материалы науч. конф.: в 2 ч. Ч.2. Естественные и технические науки. Саранск: Изд-во Мордов. ун-та, -2007- С.7-8.
6. Крусь Г.Н. Технология сыра и других молочныхпродуктов / Г.Н.Крусь, И.М.Кулешова, М.И.Дученко// Москва- 1992- С.97-98

ӘОЖ 631.472.56:631,445.5

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ТҰПҚАРАҒАН АУДАНЫ ЖШС «ТАУШЫҚ» ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫ

А. А. Аманкосова - студент
Ғылыми жетекші - С. Ж. Рахимгалиева а.-ш., ғылымдарының канд.
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Жер – негізгі өндіріс құралы, адамның іс-әрекетінің нәтижесінде ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі көзі. Дихан жерді өңдеп, онда тағамдық және мал азықтық дақылдар өсіру арқасында адамзатты барлық қажет өніммен қамтамасыз етеді.

Топырақ ауыл шаруашылық өндірісінің негізгі өндіріс құралы болғандықтан, оның барлық қасиеттерін, әсіресе құнарлылығын ұдайы жақсартып отыру керек. Топырақтың жалпы құнарлылығын, оның ішінде тиімді құнарлылығын жақсарту мақсатымен адамдар әр түрлі агротехникалық шараларды жүзеге асырады. Өсімдіктер үшін тіршілік факторларының қолайлы түрде қалыптасуы топырақ өңдеу жүйесіне тікелей байланысты. Топырақ өңдеу жұмысы дер кезінде және сапалы түрде жүргізілсе, оның ылғал, жылу, ауа және қоректік режимдерінің жақсы реттелуіне және ауыл шаруашылық дақылдарының өсіп-өнуіне, дамуына оңтайлы жағдай жасалады. Топырақ өңдеу ерте кезден адамның тамақ өндіруге бағытталған кәсібінің бірі. Адам ерте кезден-ақ, тамақ табу үшін түрлі құралдарды пайдаланған. Осы жерді құрайтын яғни жердің беткі қабаты топырақ, ал, енді топырақты терең зерттейтін топырақтану ғылымына келсек.

Топырақтану ғылымының негізін салушы, Ресейдің атақты ғалымы В.В. Докучаевтың сипаттамасына қарағанда, «топырақ дегеніміз - түрлі климат жағдайларының (жарық,жылылық, ауа, ылғалдылық) әсерінен, өсімдіктер мен жан - жануарлардың, ал мәдени түрге келтірілген жерлерде адамдардың да қатысуымен өңделген және өзгерген, мәдени өсімдіктерді қоректік заттармен қамтамасыз ете алатын құнарлылығы бар жер бетінің ең жоғарғы қабаты».Сонымен қатар В.В. Докучаев ең алғашқы болып, топырақ бұл – өзіндік белгілері бар табиғи тарихи дене деп сипаттама да берді. Сөйтіп, В.В. Докучаев топырақтың басқа табиғи денелерден айырмалықтарын зерттеді. Топырақтың әрбір профиліне, онда өсетін өсімдікке сипаттама берді, генетикалық қабаттарын зерттеді, тарихы мен дамуында көрсетіп, топырақ классификациясы мен картографиясын жасап, топырақ құнарлылығында көтеру жолдарын зерттеді.Осы В.В. Докучаевтың еңбегі жоғары бағаланып, тек Ресейде ғана емес бүкіл Еуропа қолдау тапты. Бұл қолдаудан топырақтану ғылымы қарқынды дамуына көптеген септігін тигізді. Топырақтану ғылымы негізінен он этаптан тұратын, сонау ерте заманнан келе жатқан ең көне ғылымдардың бірі.Топырақ картографиясының негізгі мақсаты – жер бетінің нақтылы бір ауданының топырақ жамылғыларын, ойдағы топырақтар мен олардың жаралуына қатысты факторлар арасындағы қарым – қатынастар заңдылықтарын айқындай отырып,

топырақтың таксономиялық бірлестіктерінің кеңістіктегі тарқалу заңдылықтарын анықтап, солардың нәтижелеріне сүйене отырып, топырақ карталарын жасайды. Топырақ картографиясының негізгі әдісі В.Докучаев құрастырып дайындаған топырақтың географиялық әдісі. Топырақтың табиғи ортада орналасуын анықтау және лабораториялық жағдайларда зерттеу арқылы олардың пайда болуы, дамуы және құнарлылығы туралы деректерді білуге болады.Нарық қатынасы кезінде біздің елде жерді және топырақ ресурстарын дұрыс пайдалану бүкіл халықтық маңызды мәселе. Бұл мәселені ойдағыдай шешу үшін жоғары сапалы топырақ карталары және оған қосымша жасалатын картограммалар топырақ очеркі және де көптеген деректер қажет.Топырақ картасын құрастыру және қосымша материалдарды даярлау үшін шаруашылық жерлерін егжей – тегжей зерттеуден өткізу керек.Топырақ картасын құрастыру және онымен байланысты табиғи жағдайларын зерттеу жұмыстары – дайындық, далалық және камералды деп үш кезеңге бөлінеді. ЖШС «Таушық» Маңғыстау облысының солтүстік батысында Каспий теңізі жағалауында орналасқан. ЖШС «Таушық» солтүстігінде Тұщықұдық селосы, оңтүстік-шығысында Шетпе ауылдық округі, оңтүстік-батысында Ақшұқұр ауданы ал батысында Каспий теңізімен шектеседі [2].

Маңғыстау облысының климаты күрт континентальді, қысы аз қарлы және қысқа, жазы ыстық құрғақ жазды болып келеді. Оң температураның жиынтығы 3600 – 3800 градус аралығында болады. Көктемгі температураның жоғарылауы жылдам жүреді, ал күзде температураның төмендеуі жай болып келеді. Ең суық айлар – қаңтар, ақпан ал ең ыстығы шілде. Қыс кезеңдерінде күн қызып кетуінен ылғал жиналуына кері әсерін тигізеді, сонымен қатар көктайғақ болады. Вегетациялық кезең ұзақтығы 205 – 210 күн. Негізгі климат факторы өнім, өсімдік жамылғысына ылғал тікелей әсер етеді. ЖШС «Таушық» территориясы шөл, жартылай шөл жерлер көп кездеседі. Қар қалыңдығы 10 – 15 см аспайды. Салқын кезең, қар қалың, қыс кезеңдері топырақ көп тереңге мұз қатуынан сақтайды және ылғал жинақталуы үшін көп әсерін тигізеді, негізінен көктемде ылғал топырақта көбейеді. Қар қалыңдығына жел тікелей әсер етеді, қатты соққан жел қарды ұшырып жер рельфінің төменгі жерлеріне апарып тастайды. Тұрақты шаңды жел топырақты құрғатып жібереді. Қанша ылғал көп болғанымен де булану дәрежесі бірнеше есе көп болғандықтан тез арарада ылғал жойылып құрғақ, күрт континентальды климат қалыптасады [1].

Өсімдік жамылғысы таралу аумағына әсер етуші факторлар мыналар: релеф, топырақ ылғал жағдайы, климат. Барлық шөл – шөлейт зонаға сәйкес, мұндада шөптесін, шөлде өсетін өсімдіктің бірі жусан,солянок болып табылады. Негізінен Маңғыстау облысының өсімдік жамылғысы әр түрлі болып келеді. Шаруашылық аумағында кездесетін зональды топырақ, яғни құба құмдақ топырақта өсетін кең таралған еркекшөпті – жусанды, жусанның көптеген түрлері таралған. Өсімдіктің таралуы яғни жусанның зональды топырақтарда, құмда, сортаң топырақтарда өсуінің арқасында, мал жем – шөбі қысқа қор ретінде жинауға көп жақсы көмектеседі. Жусан көптеген жайылымдарда коплексті түрде алып жатыр. Құба саздақты тұзбанған топырақтарда негізінен ақ жергілікті жусан – кекреуік, ақ жусан – мәртік шөбі таралған. Жақсы қарқынды дамыған жерлерде: итсигек, адраспан, ебелек өседі. Сорлық өсімдіктің негізгілері: жусан – итсигек, жусанды – ебелекті болып шаруашылық модификациясын құрайды.

Рельфі – аздап төмпешікті жазықтық, беті кедір – бұдыр құмды бархандар мен сортаң, сор топырақ қалдықтарытарымен қатар, теңіз жағалауына жақын жерлерінде қиыршықтасты болып келеді. Бұл, бұрын мұнда су болғанын дәлелдейді. Теңіз жағалауындағы жер бедері өзгермейтін, қалыптасқан сортаң, сор топырақтардың қалдықтары көптеп кездесіп, анық байқалады. Жазықтығында негізінен құмдақ болып келеді, содан кейін олар сорларға айналады. Осы теңіз жағалауында негізгі рольді құмбалшықтар алып жатыр, олар көбінесе далалық зоналарда болады. Бұл жерлер негізінен жазық болып келіп, осы жазықтар жартылай түбекпен шектеседі. Жартылай түбек алыстан қарағанда бірден көзге көрінетін төмпешік болып көрінеді. Ал, жазықтықтың кейбір жерінде ерекше бөлініп тұратын кедір -

бұдырлар көп кездеседі. Мұндағы негізгі аймақтық топырақ құба топырақ, құмды топырақта кездеседі. Құмды жазықтық жерлерде толқынды және әлсіз кедірлі кейбір жерлерінде өте қатты байқалатын кедір – бұдырлар болады, олардың мөлшері 3 – 4 метрге дейін болуы мүмкін. Осы кедір – бұдырлы жерлердің көбі бұзылған, мұнда негізінен құмдақ топырақтар алады. Соңғы кездердегі кедір – бұдырлы жерлердің биіктігі, ең төмен жатқан жазықтықтармен салыстырғанда 6 – 8 мертді құрайды.

ЖШС «Таушық» батыс бөлігінде теңіз жағалауында аккумулятивті жазықтықтар орналасқан. Осы аймақ топырағы жас топырақтар болып келеді: сортаң теңіздік, сортаң - шалғын – теңіздік, примитивті теңіз жағалау топырағы да болады. Бұл топырақтар құрамында өте көп мөлшерде суда жақсы жылдам еритін тұздардың болуы, кеше күнге дейін мұнда теңіз басып жатқанының бірден – бір көрінісі. Яғни бұл жерлерде Каспий теңізі басып жатып, тартылып жатқан жерлер екенін дәлелдейді.

Ал, енді Маңғыстау облысы, Тұпқараған ауданы, ЖШС «Таушық» кездесетін негізгі топырақрақтарға кеңінен тоқталатын болсақ. 528 – құба сортаңдалған, 529 – құба сорлы, 723 – типтік сортаң, 725 – сортаң сорлы :

Әрі қарай жоғарыда келтірілген топырақтарға сипаттама беріп өтіледі. Құба сортаңдалған топырақ - зерттеліп отырған аймақта негізгі топырақ болып келеді. Топырақ түзуші жыныстар негізінен мұнда тұздалған ауыр саздақ тар болып келеді. Генетикалық горизонт былай бөлінеді: (А +$В_1$) қуаттылығы 37 см, гумусты – иллювиальды горизонт $В_2$ қуаттылығы 8 см, өтпелі иллювиальды горизонт ВС – 21 см, одан төмен қарай топырақ түзуші жыныстар кетеді. Орташа гумус құнарлы жерлер қабатында 0 – 29 см қуаттылықта 0,54 % құрайды. Топырақтың беткі қабаты 10 % тұз қышқылында қатты қайнайды. Топырақ құрамындағы жоғары деңгейдегі карбонаттар А горизонтында 13,9% құрайды. Жұту сыйымдылығы орташа 100 грамм топырақта 8,80 – 24,88 мг/экв болады, ол құба топырақ құрамында органикалық заттардың болуымен тікелей байланысты. Алмасты натрий 3 % кем болмайды, сор топырақтың яғни осы $В_1$ қабатында ол кездеспейді. Су сүзіндісінің анализі бойынша жеңіл еритін тұздар 34 см тереңдікте жатады, тұздану типі сульфатты болып келеді. Төменгі қабатында тұздану мықты болғандықтан, топырақ қабаты төмендеген сайын тұздану дәрежесі күшейе түседі. В горизонтындағы ВС(50+110 см) жеңіл еритін тұздар мөлшері 1,0450 % құрайды.

Құба сор топырақ – негізінен тұзданууға жақын жерлерде кездеседі. Беткі қабаты тығыздалып тұздану өте бейім келеді. Механикалық құрамы бойынша құмдақ және жеңіл саздақты болып келеді. Тек қана беткі қабаты 10 % тұз қышқылында қайнайды. Гумус қабатының қуаттылығы А(0-27 см) болып, 0,55 % құрайды. Ал,горизонт $В_1$-0,38% және $В_2$-0,20% құрайды. Топырақта фосфор өте төмен, (0,03%), жалпы азот мөлшеріде төмен (0,03%) болады. Бұл топырақта жылжымалы фосфорғада кедей болып келеді, (100г топырақта 0,5мг), алмасты калий мөлшері жоғары (100 г топырақта 34,6мг) болады. Жоғарғы топырақтың беткі қабатының тұз қышқылында қайнауына қарағанда, А горизонтында карбонаттар 9,3% бар екенін дәлелдейді. Жұту сыйымдылығы 100 грамм топырақта 11,40 - 25,00 мг/экв болады. Алмасты натрий 3% кем болмайды, $В_1$ горизонтында болмайды. Топырақ реакциясы ортасы қышқылды. Су сүзіндісінің анализі бойынша тұздану типі хлоридті – сульфатты, тұздану дәрежесі әлсіз. Төмен қарай тұздардың мөлшері жылдам өсіп 1%ды құрайды.Типтік сортаң топырақ – бұл топырақ өзінің атына сәйкес тұзды болып келеді, онша құнарлы емес, қарашірік мөлшері де аз, әрі оның қабаты жұқа, өсімдіктер үшін қоректік заттары шамалы. Тұздардың көптігі сонша олар кейде жер бетіне шығып қар сияқты ағарып жатады. Бұл топырақ облыс аумағында кең таралған, құба топырақтардың құрамында да аздап төмпешіктер болып байқалады. Осы топырақтарда хлоридтер және сульфаттар көптеп болады. Осындар топырағы бар жерлер Маңғыстаудың Үстірт жоны аймағын кеңінен алып жатыр, алып жатқан жер көлемі 3,5 млн.га немесе 12,5% құрайды. Мұндағы гумус өте төмен шамамен 0,4 % болады. Жұту сыйымдылығы да төмен 100 грамм топырақта 10 – 20 мг/экв болып келеді. Мұндағы алмасты катиондар: кальций, магний, калий әртүрлі мөлшерде болады. Топырақ реакция ортасы күшті қышқылды болады. Сортаң сорлы топырақ - бұл топырақ негізінен түзілуі, тұздары өте жоғары болып келген көл немесе жаңбыр суларының тартулуынан кейін пайда болады. Бұл топырақтардың беткі қабатында 1 – 2 см болатын

тұздарды кездестіруге болады. Мұндай топырағы бар жерлер рельфі депрессияға ұшыраған болып келеді. Бұл топырақтардың генетикалық қабатын анықтау мүмкін емес. Мұнда гипс шоғыры көптеп кездеседі. Топырақтың тұздану типі хлоридті, грунт сулары өте жақын орналасқан, гумус өте төмен. Топырақ реакция ортасы қышқылды. Бұл топырақтар ауыл шаруашылығына пайдалануға мүлдем келмейді. Осындай топырақтар біртіндеп құмға, яғни шөлге айналады.

Осылайша зерттеліп отырған аймақтың, табиғи және топырақ жағдайы жоғарыдағыдай көрсеткіштер мен сипалталады. Зерттеу ірі масштабты топырақ ағдайлары кеңінен анықталды. Бұл жұмыстар бұрын шаруашылықта болған, яғни қолданылып жүрген топырақ карталары мен шаруашылық топырақ жағдайы қазіргі заманға сай әдістермен жасалынды.

1-кесте – Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы ЖШС «Таушық» топырақ жамылғысының анализдік зерттеу нәтижелері

№	Кескін №	Механикалық құрамы	0 – 30 см қабатындағы гумус мөлшері	Тұздану типі	Тұздану дәрежесі	Соңғы топырақ атауы
1208	1	Құмдақ	0,55	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	$Бу^{ск}_{сп}$
1213	2	Құмдақ	0,55	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	
1214	3	Құмдақ	0,56	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	
1219	8	Құмдақ	0,41	Хлоридті	Өте күшті тұздалған	$СК^{сор}_{сп}$
1221	9	Құмдақ	0,56	Хлоридті	Өте күшті тұздалған	
1222	10	Құмдақ	0,56	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	
1233	21	Құмдақ	0,06	Хлоридті	Өте күшті тұздалған	$СК^{т}_{сп}$
1234	22	Құмдақ	0,40	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	
1240	23	Құмдақ	0,41	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	
1282	65	Құмдақ	0,52	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	$Бу^{сч}_{п}$
1283	66	Құмдақ	0,50	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	
1284	67	Құмды	0,52	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	
1285	68	Құмды	0,54	Хлоридті-сульфатты	Күшті тұздалған	

Жоғарыда зерттеліп отырған аймаққа келетін болсақ, негізінен Маңғыстау облысының аймақтың топырағы құба болғандықтан мұнда топырақ құнарлылығы өте төмен гумус мөлшері 1 пайызға дейін, бұл топырақтарда тұздар мөлшері өте көптігі сонша олар топырақтың беткі қабаттарынанда көруге болады. Сонымен қатар мұнда екіншілік тұздану тән, мұның бір себебі облыс барлық жағынан Каспий теңізімен шектесіп жатыр. Мұнда топырақ түзілу жыныстары өте күрделі болып келеді. Топырақтың рН ортасы сілтілі (8 - 9) болып келеді. Климаты күрт континентальді, жауын – шашын мөлшері өте аз, қанша ылғал түсседе булану коэффициенті ылғал мөлшерінен бірнеше есе көп сондықтан құрғақ климат

тән. Сонымен қатар облыс аймағында табиғаттың қай мезгілі болмасын күшті желдер болады. Осы жоғарыда келтіргеннің баріде топыраққа әсер етеді, сондықтанда топырақ жағдайы өте төмен жағдайда.

Зерттеліп отырған шаруашылық топырағына қарап отырып оны ауыл шаруашылығында пайдалану тиімсіз. Соған қарамастан шаруашылық топырағына мал жатқанын көруге болады. Топырақ құнарлылығы төмендеуі тек қана осы облыста ғана емес Қазақстан республикасының барша облысының ең басты проблемасының бірі болып отыр. Басқада облыстарда пайдалануға жарамсыз тың жерлердің саны күннен күнге артуда. Осы жағдайларды алдын алып топырақтың табиғи құнарлылығын сақтап, ауыл шаруашылында пайдаланатын жерлердің санын көбейту. Сонымен қатар Отанымызда шетелден келетін өнімдер көлемін азайтып, елімізді өз өнімдерімізбен толықтай қамтамасыз етіп қоймай шетелге импорт өнімімізді шығару қажет. Сонда ғана алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарында көріне аламыз.

Әдебиеттер:

1. Фаизов, К.Ш. Почвы Гурьевской области / К.Ш. Фаизов.- Алмата : 1963. Выпуск 13
2. Система ведение сельского хозяйства в Мангышлакской области Казгосиздат 1958.

ӘОЖ 577.164.32:663.95

КЕЙБІР ШӘЙ СОРТТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ РУТИННІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

А. Асанғалиева - студент
Ғылыми жетекшілер – Н. Т. Уразгалиева, Ж. М. Валиева, оқытушылар
Л. В. Тасименова, химия магистрі
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

1936 жылы венгр оқымыстысы Сент-Дьердьи зерттеулерінің нәтижесінде өсімдіктер өнімдерінде физиологиялық қасиеті жағынан аскорбин қышқылына ұқсас заттар бар екендігін анықтап, оны Р витамині деп атады. Тағамдар құрамында бұл витамин аз болып жетіспеген жағдайда адам ағзадағы ұсақ әрі өте жіңішке қан тамырлары – капиллярлардың өткізгіштігі артып, денеге зиянды қан құйылу байқалады. Егер осындай дертпен ауырған адамға құрамында Р витамині жеткілікті цитрус өсімдіктері өкілдерінің шырынын, не қызыл бұрыштың экстрактысын бергенде капиллярлардың өткізгіштік қабілетін қалпына келтірген. Ал таза аскорбин қышқылын бергенде мұндай өзгеріс байқалмаған [1].

Химиялық табиғаты мен қасиеттері. Р витамині табиғаты жағынан өсімдіктердегі бояғыш заттар – флавоноидтарға жақын жатады, сондықтан оны флавондар деп те атайды. Р витамині тобына флавондардың бірнеше туындылары – гесперидин мен рутин кіреді.

Р витаминінің биосинтезі жоғары сатыдағы өсімдіктерде, әсіресе қарқынды түрде цитрус өсімдіктері жемістерінде – лимон мен апельсинде күшті жүреді. Бұл витаминнің биосинтезінде алюминий, молибден мен никель сияқты микроэлементтердің атқаратын рөлі зор.

Лимоннан кристалды түрде бөлініп алынған Р витамині цитрин деп аталады. Ол гесперидин, эриодиктин мен кверцетин глюкозидтерінің қоспасы екен. Осылардың ішіндегі ең активтілігі күштісі рутин. Рутин қарақұмық пен шәй жапырақтарында, жапон софорасының гүлінде,қызыл бұрыш,қара қарақат және итмұрынның жемістерінде жеткілікті мөлшерде кездеседі [2].

Р витамині физиологиялық активтілігі жағынан катехиндерге (сутектендірілген флавондар) ұқсас. Катехиндер шай жапырақтарында көп болады. Сондықтан шайдың пайдалы жақтары туралы сөз болғанда, оның ұсақ қан тамырларын бекітіп, серпімділігін арттырудағы мәні жөнінде айта кету әбден орынды.

Р витамині де басқа да витаминдер сияқты адам мен жануарлар ағзаларында өтетін биохимиялық реакцияларға қатысады. Ол тотығу – тотықсыздану процесстерін жүргізетін ферменттер системасының құрамына ене отырып, аскорбин қышқылы мен адреналиннің тотығу және тотықсызданууына қатысады. Сондай – ақ ол тотығу – тотықсыздану реакцияларында сутегі атомдарын алмастыратын ауыстырушы болып табылады. Р витамині аскорбин қышқылымен өзара әрекеттесу арқылы жалғастырушы ұлпада коллагеннің түзілуін реттейді, сөйтіп қан тамырларының қан өткізгіштігін бәсендетеді.

С және Р витминдері өзара тығыз қарым – қатынаста болады. Басқалармен салыстырғанда Р витамині берілген жануарлардың ағзасында С витамині көбірек болған. Сондықтан да Р витамині С витаминін қорғау рөлін атқарады деуге болады.

Қазіргі уақытта Р витаминін 50-100 мг мөлшерде капиллярлардың нәзіктігін және өткізгіштігін азайту үшін ғана қолданып қоймай, сонымен бірге ревматизм мен полиартриттерді емдеуге де пайдаланады [3].

Мәселен рутиннің суда қанықкан ерітіндісіне хлортемір қоссақ, сұйықтық жасыл түске боялады. Реакция рутиннің хлор – темірмен комплексті қосылыс түзілуіне байланысты.

Авитаминоз. Құрқұлақ ауруы С витамині мен Р витамині екеуі ұзақ уақыт бойы жетіспеген кезде байқалатын аралас авитаминоз болу керек.

Аскорбин қышқылы кездесетін барлық өсімдік өнімдерінде Р витамині де кездеседі. Сол сияқты ол шай жапырақтарында (катехиндар), қара жемісті шетенде, лимонда, қарақұмықта болады [4].

Адамның Р витаминін қажет етуі 0,45 г цитрин (лимон) шырынында кездесетін флавоноидтар мен флавондардың қоспасы немесе 1 г рутин мөлшерінде.

Кейбір шай сорттарының құрамындағы рутиннің мөлшерін анықтау

Рутин – сары түсті, кристалды зат. С витамині кездесетін барлық жеміс- жидектерде Р витамині кездеседі. Рутин шәй жапырақтарында , итмұрын, қара қарақат, жүзім, шие т.б жемістерде кездеседі.

Р витаминінің мөлшерін шәй экстрактысынан анықтайды.

Әдістің принципі: Бұл әдістің негізіне рутиннің $KMnO_4$ -калий перманганаты мен тотыққаннан кейін ғана индикатор реакцияға түседі.

Эксперимент жүзінде белгілі 1мл 0,1$KMnO_4$ ерітіндісін 6,4 мкг рутинді тотықтырады.

Құрал – жабдықтар мен реактивтер:

Конус тәрізді колбалар 50мл-2
пипетка – 10мл
бюретка
0,05н $KmnO_4$ ерітіндісі ,
индигокармин.

Жұмыс барысы: 100мг шәйға 50мл қайнаған дистилденген су құйып, 5 минуттай қойып қоямыз.Содан соң ерітіндісін конус тәрізді колбаға құйып, үстіне 10мл дистилденген су және 10 тамшы индигокармин тамызамыз. 0,05н $KMnO_4$ мен тұрақты сары түс пайда болғанша титрлейміз.

Шәй құрамындағы рутиннің проценттік құрамын келесі формуламен есептейміз:

$$X= 3.2 * A * 50 * 100// 10* 0,1 * 1000$$

Мұндағы: X- Р витаминің пайыздық мөлшері (мг)

A- титрлеуге кеткен 0,05н $KMnO_4$ көлемі (мг)
0,1- анализге алынған құрғақ заттың мөлшері (г)
10- титрлеуге кеткенэкстрактының жалпы көлемі (мл)
100- проценттік құрамын анықтау үшін жалпы заттың грамм мөлшері .
(1000- мкг мг-ға айналдырады).

Зерттеу қортындысы әдіс бойынша жүргізілді.Ол үшін 10 мл шәй экстрактысы алынып, содан кейін 100г құрғақ шәй құрамындағы рутиннің мөлшері мг% -ы есептелінді.

Шәй атауы	«Принцесса Нури»	«Симба» шәйі	«Классикалық ассам»	«Пиала»	«Жамбо»	«Дастархан»	«Рахмет»	«Пиала» көк шәйі	Көк шәй қалақаймен	«Аламан» көк шәйі
V_1 ($KMnO_4$),мл	2,1	1,9	2,4	2,4	2,7	2,4	2,9	3,9	4,0	4,0
V_2 ($KMnO_4$),мл	1,9	1,9	2,6	2,3	2,7	2,6	2,8	3,9	4,1	4,0
V_3 ($KMnO_4$),мл	2,0	1,9	2,5	2,5	2,7	2,8	3,0	3,9	4,2	4,0
$V_{орт}$ ($KMnO_4$),мл	2,0	1,9	2,5	2,4	2,7	2,6	2,9	3,9	4,1	4,0
100 г құрғақ шәйдағы мг % рутин мөлшері	32	30,4	40,0	38,4	43,2	41,6	46,4	62,4	65,6	64,0




Диаграмма 1 – Анықталған шәй сорттарындағы Р витамин мөлшері.

Қортынды:

Барлығы 10 әртүрлі шәй сорттары зерттелді,соның ішінде 7-еуі қара түйіршіктелген шәй, ал 3-еуі жасыл жапырақты шәй болды. Шәй экстракты құрамындағы рутиннің мөлшері тотығу-тотықсыздану әдісіне негізделіп анықталды. Әрбір шәй сорттары 3 рет титрленді. Есептеу үшін орташа титрлеу мәні алынды.

Жоғарыда көрсетілген шәй сорттарының құрамындағы рутин 16мг% айырмашылық байқалды.Отандық қара түйіршектелген шәй сорттарының ішінде рутин мөлшері «Рахмет»шәйінде - 46,4 мг% тең болып, алдыңғы қатардан көрінді.

Жасыл жапырақты шәй құрамындағы рутин мөлшерінде көп айырмашылық байқалмады.Олардың арасынан бірінші орынды Көк шәй қалақаймен деп аталатын шәй 65,6мг% ие болды.

Әдебиеттер:

1. Сағатов К.С. Биологиялық химия / К.С. Сағатов // Алматы. Респ.Баспа кабинеті, 1998.- Б.146-151

2. Сағатов К.С. Өсімдіктер физиологиясы / К.С. Сағатов // Алматы. Ғылым баспасы, 2002.- Б.24-26

В мире проведено большое количество исследований, как в лабораторных, так и в полевых условиях, результаты которых свидетельствуют о том, что АМГ оказывает

существенное влияние на рост многих сельскохозяйственных растений. Так, например, инокуляция клевера белого везикула-арбускулярный микроиза-(ВАМ) грибами на кислых почвах (торфяник) в полевых экспериментах (1981 - 1983 гг.) на Ротамстедской опытной станции (Великобритания) давала положительные результаты. Инокуляцию проводили смешиванием семян с почвой, обогащенной гифами и спорами ВАМ грибов, с добавлением 10% прилипателя (смесь каолина и бентонита в соотношении 95 : 5). В первый год опыта растения в контроле были оценены в 3 балла (по 20-ти бальной шкале), при инокуляции ВАМ грибами - в 12 баллав, а при совместном внесении ВАМ грибов и суперфосфата (P_{90}) - в 16 баллов [5].

По результатам полевых экспериментов в различных почвенно-климатических условиях ГДР (1981-1985 гг.) инокуляция семян люцерны и клевера лугового ВАМ грибами повышала урожай массы сухого вещества на 1.4 - 6.6 и 4.7 - 13.9 ц/га, соответственно в первый и второй годы использования. Это давало дополнительную фиксацию атмосферного азота, равноценную внесению примерно N_{40} на га.

Возможность улучшения фосфорного питания растений за счет внесения ВАМ грибов в полевых условиях изучалась на Ротамстедской опытной станции (Англия). За счет инокуляции участка почвой, зараженной селективными микоризными грибами, содержание легко усвояемых фосфатов в почве возросло в 4 раза (с 10 до 40 млн"[1]). Картофель дал прибавку на 20%, ячмень - на 30%, что было равно действию 82 кг Р на 1 га суперфосфата. Клевер красный, под который в начале опыта было внесено 82 кг Р на 1 га, к концу второго года снижал урожайность, так как содержание подвижного фосфора в почве падало до 10 млн"[1]. При заражении почвы ВАМ грибами сбор клевера оставался на высоком уровне в течение продолжительного периода, а содержание усвояемых фосфатов не падало так резко. Аналогичные данные получены по люцерне и клеверу белому [6].

Применение инокулюма, приготовленного на неорганических или дезинфицированных носителях, позволяет использовать микоризу для садовых культур и избежать при этом заражения растений (черенков, саженцев, сеянцев) патогенными организмами. Культурные растения, имеющие ВАМ, оказались более устойчивы к абиотическим и биотическим стрессовым факторам (экстремальным температурам, засолению субстрата, временной засухе и почвенным вредителям). Инокуляция ВАМ стимулирует образование корней у черенков, развитие молодых растений, цветение и плодоношение. С помощью ВАМ можно улучшить урожайность различных культурных растений и снизить затраты на производство урожая [7].

Из литературных данных инокуляция клевера белого ВАМ грибами на кислых почвах (торфяник) в полевых экспериментах (1981 - 1983 гг.) на Ротамстедской опытной станции (Великобритания) давала положительные результаты. Инокуляцию проводили смешиванием семян с почвой, обогащенной гифами и спорами ВАМ грибов, с добавлением 10% прилипателя (смесь каолина и бентонита в соотношении 95:5). В первый год опыта растения в контроле были оценены в 3 балла по 20-ти бальной шкале, при инокуляции ВАМ грибами - в 12 баллов, а при совместном внесении ВАМ грибов и суперфосфата Р90 - в 16 баллов [8].

По результатам полевых экспериментов в различных почвенно-климатических условиях ГДР (1981-1985 гг.) инокуляция семян люцерны и клевера лугового ВАМ грибами повышала урожай массы сухого вещества на 1.4 - 6.6 и 4.7 - 13.9 ц/га, соответственно в первый и второй годы использования.

Возможность улучшения фосфорного питания растений за счет внесения ВАМ грибов в полевых условиях изучалась на Ротамстедской опытной станции (Англия). За счет инокуляции участка почвой, зараженной селективными микоризными грибами, содержание легко усвояемых фосфатов в почве возросло в 4 раза (с 10 до 40 млн"[1]). Картофель дал прибавку на 20%, ячмень - на 30%, что было равно действию 82 кг Р на 1 га суперфосфата. Клевер красный, под который в начале опыта было внесено 82 кг Р на 1 га, к концу второго года снижал урожайность, так как содержание подвижного фосфора в почве падало до 10 млн"[1]. При заражении почвы ВАМ грибами сбор клевера оставался на высоком уровне в течение продолжительного периода, а содержание усвояемых фосфатов не падало так резко.

Действие инокуляции селективными штаммами ВАМ грибов на рост козлятника восточного (сорт Гале) в полевом эксперименте в условиях Ленинградской области изучали на фоне инокуляции растений клубеньковыми *(Rhjzobium galegae)* и свободноживущими азотфиксирующими бактериями *(Arthrobacter mysorens)*. В условиях засушливого лета 2001 года урожайность растений в первого года жизни возрастала на 65 - 82%, в зависимости от штамма, по сравнению с неинокулированным ВАМ грибами контролем. В другом эксперименте, где почву с микоризой вносили под семена, инокулированные клубеньковыми бактериями, урожайность растений в первых год возрасла на 22%, а в следующий (засушливый) год - на 60% по сравнению с неинокулированным ВАМ грибами контролем[9].

Литература:

1. Проворов Н. А. Растительно-микробные симбиозы как эволюционный континуум / Н. А Проворов //Журнал общей бологии.- 2009. Том 70-№ 1, январь-февраль. -С.10-34.
2. Проворов Н.А.Метаболическая интеграция организмов в системах симбиоза / Н.А. Проворов Е. А. Долгих // Журнал общей биологии, 2006. - Т. 67. - С. 403-422.
3. Тихонович Н.А. Симбиогенетика микробно-растительных взаимодействий // Н.А.Тихонович. Экологии генетики.- 2004.-Т.1.N.O. -С. 36-46 .
4. Strullu Desire-Georges and Plenchette Christian. Encapsulation de la forme intraracinaire de Glomus dans 1 alginate et utilisation des capsulus comme inoculum // C. r. Acad. sci. Ser. 3. 1990. - №10. P.- 447-452.
5. Hayman D.S. Improved establishment of white clover in hill grasslands by inoculation with mycorrizal fungi. Occasionalsymposium / British grassland society. -1984.-16: P.44-47.
6. Hayman D. Practical aspects of Vesicular-Arbuscular Mycorrhiza. - Advance in Agricultural microbiology. London. -1982.-P. 325-373.
7. Dehne H.W. Mitt.Biol. Bundesanst. Land und Forstwirt. Berlin-Dahlem/ Dehne, H.W., Schonbeck F. -1986.- № 232. 273.
8. Hayman D.S. Improved establishment of white clover in hill grasslands by inoculation with mycorrizal fungi. Occasional symposium / D.S Hayman, // British grassland society.-1984.-P. 44-4 .
9. Jacobi. L. Ifluence of arbuscular-mycorrhizal fungi on perennial legume grasses at the high phosphorus level in soil / A. Yurkov., A.Popov., N., Donskikh., A Kozhemyakov // of Abstr. of 11-th International Congress on Molecular Plant-Microbe Interactions.Vol. New bridges between Past and Future. -2003. P.338. July, 18-26.

ӘОЖ 332.334

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СЫРТ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЭРОЗИЯЛЫҚ ПРОЦЕССТЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж. Б. Тасанова - магистрант
Ғылыми жетекші – М. Қ. Оңаев, тех.,ғылымдарының канд., доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техикалық университеті

Қазіргі уақытта адамның іс-әрекеті мен жерді пайдаланудың үндесуі адамзат қауымының жақсы өмір сүруімен прогрессін анықтайды. Экономикалық тұрақтылық, табиғаттағы тепе-теңдік және жерді тиімді пайдалану бір-бірінен ажырамайды. Табиғи факторлар әлеуметтік факторлармен бірлесе отырып, ауылшаруашылық өндірісінің дамуын анықтайды. Ауылшаруашылығы өндірісінің тұрақты дамыту үшін ауылшаруашылығы мен географиялық ортаның бір-бірімен байланысын, өзара әсерін зерттеу болады.

Батыс Қазақстан облысы дала, жартылай шөлді және шөл зоналарын қамтитын әртүрлі ландшафт кешендерімен сипатталады. Тың жерлерді игеру, көптеген жасанды лимандық

жүйелер мен каналдар құру, кен орындарын барлау табиғаттың жекелеген компоненттеріне қолайсыз әсер туғызуда. Антропогендік жүктеменің өсуі үлкен территоряларда табиғи қауымдастықтардың түбірімен бұзылуы, топырақ қабатының бүлінуі сияқты әсерлер туғызуда. Осы аталғандарды есепке алумен аймақтағы ландшафттың экологиялық тұрақтылығын жақсарту қажеттілігі туындайды [1].

Табиғатты пайдалану, табиғи ресурстарды қорғау және қалпына келтіру міндеттерін шешу барысында жер қорын жер эрозиясынан қорғаудың маңызы зор. Топырақ эрозиясы халық шаруашылығына, соның ішінде жер ресурстарына орасан зор зиян келтіреді. Эрозияның пайда болуының мүмкіншілігін келесі факторлар кешені анықтайды: топырақ және өсімдік жамылғысы, жер бедері, жердің геологиялық жағдайы мен шаруашылықта қолданылуы. Геологиялық жағдай территориядағы эрозиялық процестердің пайда болу жағдайын және сипатын анықтайды. Оларға тау жыныстарының шайылуы, орналасу ерекшеліктері, әр түрлі экзогенді және эндогенді процестердің пайда болуы жатады. Климаттық факторлардың ішінде су эрозиясының пайда болуына жауын-шашын мен олардың түсу режимі және егіс өсімдіктер аз немесе жоқ кезінде өте қауіпті болатын нөсер жаңбыр көп әсер етеді. Бір нөсер жаңбыр өткенде оның қарқындылығы мен беткей еңістігіне байланысты 1 га егістен 10-50 тонна топыраққа дейін шайылады. Жер бедері де топырақ эрозиясының пайда болуына үлкен әсерін тигізеді. Беткейдің еңістігі артқан сайын топырақтың шайылуы да артады. Беткей еңістігі 20 тан 40 дейін өзгерсе топырақтың шайылуы да 1,8 есе артады, егер 40 тан 80 дейін өзгерсе 7,2 есе шайылады. Су эрозиясының даму дәрежесіне беткейдің ұзындығы әсер етеді. Беткей ұзын болған сайын топырақтың шайылуы да артады. Өсімдік жамылғысы эрозия процесін азайтады немесе мүлдем болдырмайды. Өсімдік жамылғысы қалың болған сайын эрозиялық процестер азаяды. өсімдіктердің жапырақтары топырақты жаңбыр тамшылырының бұзатын күшінен сақтайды, ал олардың тамыр жүйесі топырақ бөлшектерін біріктіреді де, шайылуға қарсы тұрады. Жердің шаруашылықта қолдануы топырақ жамылғысының жағдайын топырақ құнарлылығынан және эрозияға ұшырау дәрежесінен анықтайды. Жел және су эрозиясы топырақтың өсімдік жамылғысы жойылған немесе аз болған жерлерде қарқынды өтеді. Адам табиғи өсімдіктерді ауылшаруашылық дақылдарын егу процесінде жойып, топырақтың бұзылуына ықпал етеді. Эрозиялық процестердің дамуы климат, топырақ және өсімдік жамылғысы арасындағы қалыптасқан тепе-теңдіктің бұзылуымен байланысты болады. Бұл тепе-теңдіктің бұзылуы табиғи өсімдіктерді жойғанда, мал жайылымдық жүктеменің шамадан тыс мөлшерде артқан жағдайында, топырақты қате өңдегенде және қатты жауын-шашынның ағыны болған жағдайында пайда болады [1,2].

Жер эрозиясын болдырмау, эрозияға ұшырауға бейім жерлерді қорғау, алдын алу Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығының алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі. Бұның зерттеу аймағы ретінде алынған Орал өңірінің Жалпы Сырттық бөлігіне толықтай қатысы бар.

Жалпы Сырт Орал тауының оңтүстігінде, Жайық өзенінің батыс бөлігінде жатқан аласа таулы алқап, қырат. Батыс Қазақстан облысына оның тек оңтүстік бөлігі ғана кіреді. Абсолюттік биіктігі 80-150 м дейін, кейбір жерлерінде 200-250 м-ге дейін жетеді. Еділ мен Жайық аралығын алып жатқан Қазақстандық бөлігі оңтүстік-батыстан солтүстік шығысқа қарай 150 км-ге созылып жатыр. Жалпы Сырт алқабында Шаған және Деркөл өзендері созылып жатыр. Оның жер бедері толқынды, тайыз ойлы және көтеріңкі қыратты болып келеді. Ертедегі геологиялық дәуірден қалған бос ескі өзен торы, жыралар жүйесі және қазіргі сирек өзен торы, оның бетін биік жалпақ жондарға бөледі. Беткейі жыралы, аңғар жағы баспалдақты болып келеді. Солтүстік және шығыс беткейі жайпақ, ал оңтүстік және батыс беткейі тік жарлы. Төбелерінің жоғарғы бөлігі физикалық үгілу нәтижесінде оның беткейлері тік немесе құламалы, онда сумен шайылып байырғы жыныстардың (бор, құмтас қабаттары) бетіне шыққаны байқалады. Сырттар арасындағы аңғарлар жалпақ және ойыс,

олар жыралармен, қазіргі ұсақ өзендер аңғарларымен күрделенген. Осы алқаптарда жер бедері күрделі формаға ие болғандықтан эрозиялық процестер орын алуда. Мұны осы аймақтарда зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар мен Жер ресурстары мен жерге орналастыру Мемлекеттік-Ғылыми өндірістік жер орталығы зерттеулер еңбегінен көруге болады. Ауылшаруашылық алқаптарының эрозиялану дәрежесі мен топырақ құнарлылығының төмендеуін бағалауда эрозия әсерінен топырақтың гумус қабатының азаюына негізделген жіктеу қолданылады. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Жалпы Сырт өңірінде жазықтық эрозиялық процестер орын алған. Жоғарғы шайылу дәрежесі табиғи (облыс бойынша ең көп жауын-шашын мөлшері 300мм, жер бедерінің вертикальды бағытта көп тілімденуі 85-120 м-ге дейін, жылдық ағын солтүстіктен 2,5 л/сек.км2 –ге дейін, оңтүстікте 2 л/сек.км2 және тез шайылуға бейім сазды және саздақ жыныстардың таралуы) және антропогендік жағдайлар (66-71,2 пайыз жер жырту, жайылымдық жүктеме 100 га-ға 30-50 шартты мал басы, тұрғындардың орташа тығыздығы) әсеріне байланысты деп түсіндіріледі. Зерттелетін аймақта топырақтың шайылуының ең жоғарғы дәрежесі 4 балды, орташа-2 балды құраған. Жердің жыртылуы 55,1 пайыз, жалпы жер көлемі бойынша 24 пайыз жер эрозияға ұшыраған (кесте 1)[3, 4, 5].

1-кесте – Батыс Қазақстан облысындағы дала зонасы аймағындағы жазықтық эрозияны бағалау

Табиғи зона	Жер бедерінің тілімденуінің тереңдігі, м	Аймақтағы басым тау жыныстары	Жауын-шашын, мм	Жер жыртылу мөлшері %	Жайылымдық жүктеме (100 га шартты мал басы)	Тұрғындар тығыздығы, адам саны/км2;	Топырақтың эрозиялану дәрежесі	
							Макс.	Орт.
Дала Жалпы Сырт	120	Сазды саздақ	>300	30-70	30-50	6-8	4	2

Сонымен қатар осы аймақта жыралық эрозияның даму процестері орын алуда. Жыралар жүйесінің орташа тығыздығы 0,33 км/км3, кей жағдайда 1,5 км/км3-ке дейін максимальды көрсеткішке дейін жетеді. Оған территорияның көп тілімденуі, жер үстілік ағын (әсіресе көктемгі), тау жыныстарының құрамы, территорияның шаруашылықтық игерілуі әсер етеді.

Жалпы Сырт аймағы облыстың Зеленов, Тасқала, Бөрлі аудандары территориясын алып жатыр. Облыстың солтүстік, солтүстік-шығыс бөлігін көп бөлігін алып жатқан осы аудандар территориясында Батыс Қазақстан облыстық жер қатынастарының жылдық есебі бойынша (01.11.2009 жылғы жағдай бойынша) 1004 мың. га ауылшаруашылық алқаптары бар. Қазіргі кезде осы территорияларда 1 203 жер пайдаланушылар тіркелген. Олардағы жер қоры 667 мың. га құрайды. Оның ішінде егістік жер көлемі -283 мың. га алқапты алып жатыр. Жер ресурстары мен жерге орналастыру Мемлекеттік-Ғылыми өндірістік жер орталығының жүргізген зерттеулері бойынша осы аймақтарда 3967,2 мың.га жер топырақ эрозиясына ұшыраған [4].

Кабдулованың (2003) зерттеу нәтижесі бойынша Орал өңірінің Жалпы Сырттық бөлігіндегі топырақтың құнарлылығының төмендеу дәрежесі 3 баллға жетті, бұл осы аймақта экологиялық тұрғыдан дағдарысқа ұшырау алдында және жерді жазықтық эрозиядан қорғау шараларын жүзеге асыруды талап етеді. Осы бағытта зерттеу жұмысының алдына аймақтағы жыралық және жазықтық эрозияның даму заңдылықтарын зерттеу, эрозиялық процестердің сипатын, алдын алу және болдырмау жағдайларын қарастыру, жер қорын тиімді пайдалану мақсаттары қойылды. Аймақтағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің эрозияға ұшырау дәрежесін анықтау және осы процесс нәтижесінде топырақ құнарлылығының төмендеуіне баға беру, зерттелетін аймақта эрозиялық процесстердің орын алу

заңдылықтарын қарастыру мен топырақ эрозиясына қарсы шаралар жүргізу бойынша ұсыныстар жасау зерттеу жұмысының басты міндеттері болып табылады [6].

Әдебиеттер:

1. Кабдулова, Г.А. Географические основы землеустройства Западно-Казахстанской области / Г. А. Кабдулова, К. М. Ахмеденов. Уральск: 2008. С.59-78.
2. Амралин, А. У. Эрозиятану / А. У. Амралин. Астана: 2005. С.4-10
3. Кузнецов, М.С. Эрозия и охрана почв / М.С. Кузнецов, Г.П. Глазунов. М : Изд-во Московского университета, «КолосС», 2004. С.77-108.
4. Кадулова, Г.А. Современные эрозионные процессы в степной и полупустынной зонах Западно-Казахстанской области. (Автореферат на соискание ученой степени
5. кандидата географических наук). Казань: 2003. С.8-15.
6. Кабдулова, Г.А. Факторы, влияющие на эрозионные процессы в Западно-Казахстанской области /Г. А. Кабдулова// Материалы научно-теоретической конференции. Уральск: ЗКГУ, 2001. С.43-48.

ӘОЖ 631.4

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ, АҚҚҰМ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫНА ҚАРАСТЫ, "АҚҚҰМ" ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ БАЛЛ БОНИТЕТІ

Г. Т. Тельгозиева - студент
Ғылыми жетекші - С. Ж. Рахимгалиева а-ш., ғылымдарының канд, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Жер - халық үшін әлеуметтік экономикалық базаның дамуына, ауыл шаруашылық өнімдерді өндіру барысында жақсы өнім алуға мүмкіндік беретін ең басты қазба байлық. Ауыл шарушылық өнімінің қорын көбейтудің ең басты жолы жыртылған жерді дұрыс пайдалану. Осыған сәйкес 2003 жылы қабылданған жер кодексінде анық көрсетілген. Қазіргі таңда егістікі сапалы тыңайтқышпен қамтамасыз етуге мемлекетіміздің мүмкіншілігі болмауының салдарынан соңғы жылдары төменгі сападағы өнімнің болуы, топырақ құнарлығының төмендеуіне басты себеп болып отыр. Яғни егістік жер мен жер телімдерінің сапасы мен құнарлығының әр түрлі болуына қарамастан өнім алу үшін бірдей күш жұмсалуда. Сондықтан өнім сапасының әр түрлі болу процесі белең алып, шаруашылыққа өз кесірін тигізуде. Осы жағдайдың алдын - алу мақсатында 2005 жылы 5 қаңтарда жер кодексінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, онда жалпы ауыл шарушылық жерлерін бір қалыпты қолданып, топырақ құнарлығын, сапасын көтеруді қамтамасыз ету керек делінген. Өндірістің мамандандырылуымен, ауыл шаруашылық жерлерінің агроклиматтық табиғи жағдайларын есепке ала отырып, топыраққа және өсімдікке сапалы мінездеме беріп, олардың экологиялық жағдайын нақты және дәл анықтау барысында жер құнарлығының мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Еліміздегі жер ресурстарын эффективті пайдалануды қамтамасыз ету үшін жерді бағалау жұмысы жүргізіледі, яғни топырақтың құнарлығын, қасиетін анықтайды [1].

Негізгі топырақ жамылғысы мен сапасын анықтау үшін топырақ балл бонитеті қызмет атқарады. Осы ғылыми жұмысты орындай отырып зерттеліп отырған шаруашылықтың топырақ жамылғысының балл бонитетін анықтауды жөн көрдік.

Зерттеліп отырған шаруашылықтың жер көлемі 7898,0 гектар, зерттелінген аудан көлемі - 4772,32 гектарды құрайды, онда тыңайған жер-239,66, жайылымдық жер 4532,66, егістік жер көлемі 4484,0 гектар.

Гидрогиологиялық процесске байланысты, топырақтың тұздылығы мен басқада факторлардың әсерінен зерттеліп отырған шаруашылықтың территориясында төмендегідей өсімдік жамылғысы қалыптасқан [2].

Жер телімдерінің төмен орналасуына байланысты суару кезінде су астында қалу процесі жие болу салдарынан қамыс көптеп жайылған. Қамыс пен басқада өсімдіктердің әсерінен шалғын батпақты топырақ қалыптасқан.

Өсімдіктердің түрлері әр түрлі бұта және жартылай бұта тәрізділер, көп жылдық және бір жылдық шөптер. Бұта тәрізді өсімдіктер негізінен жыңғыл мен шеңгел қарабарақ өсімдіктердің қалыптасуына себепші.

Шаруашылық территориясындағы гидрографиялық байланыс суармалы және тастанды каналдардан құралған. Суармалы каналдағы су тұщы, ішуге жарамды.

Грунт суларының тереңдігі шаруашылық территориясындағы рельефке, жыл мезгіліне байланысты 0,8 – 5 метр аралығында өзгеріп отырады. Территориядағы жоғары орналасқан жер телімдерінде грунт сулары төмен, тереңдігі 2,0 – 5 метрге дейін.

Геоморфологиялық қатынаста зерттеліп отырған шаруашылықтың территориясы ежелгі аллювиальды кеңістікті көрсетеді. Ойпаттары әр түрлі, дөңгелекті ұзынша және түрсіз болып келеді [3].

Топырақ түзуші жыныстардың қалыптасуына себепші өзенің аллювиалды қалдығы. Су айрығының төменгі жазықтығында тосапты шалғын-батпақты құба топырақ қалыптасқан. Шаруашылық территориясында қалыптасқан топырақ түрлері:

1. Тосапты шалғынды құба топырақ. Шифер – 657
2. Тосапты шалғын – батпақты құба топырақ. Шифер – 664
3. Тосапты шалғын – батпақты құба суармалы топырақ. Шифер – 664^{op}
4. Тосапты шалғын – батпақты күрішті топырақ. Шифер – 746
5. Сор текті топырақ. Шифер – 723
6. тосапты шалғын-батпақты тыңайған құба топырақ. Шифр-664^{a}

1.Тосапты шалғынды құба топырақ шаруашылықтың орналасқан территориясының басым бөлігінде қалыптасқан. Бұл топырақтың түзілуіне ең басты себеп арнаның толқындары, осы толқынның әсерінен су айрығының төмендеуінен қалыптасқан үйінділер. Бұл топырақ тұзды және тұздалмаған түрінде кездеседі.

Грунт суының тереңдігі 1,0 - 0,25 тен 5,0 метрге дейін. Осы топырақта өсетін өсімдік түрлері ақбас, ажырық, мия. Қарашірік мөлшері 0-30 см қабат аралығында 0,62 - 2,14% - ға дейін.

2.Тосапты шалғын- батпақты құба топырақ шаруашылық территориясында кең таралған. Бұл топырақтың қалыптасуы арнаның ойпат жерлері мен су айрығынан яғни төмендеуі әсер еткен.

Осы топырақ гидроморфты топырақтың кең таралуына басты себепші болып табылады.

Тосапты шалғын - батпақты құба топырақ судың жоғарғы бөлігінің тоқырау салдарынан ажыратылған.

Осы процеске байланысты топырақтар ауыр гранулометрлік қасиетке ие. Қарашірік мөлшері 0-30 см қабат аралығында 0,59 - 1,60% - ға дейін. Тұздану дәрежесі әр түрлі.

3.Тосапты шалғын - батпақты суармалы топырақ зерттеліп отырған аймақтың айтарлықтай бөлігін алады. Табиғи жағдайына келер болсақ, бұл топырақ кәдімгі шалғын батпақты топырақ.

Қамыс өсімдігі мен кейбір шөптердің әсерінен қалыптасқан. Шыққан тегі және физикалық қасиеті кәдімгі шалғын – батпақты топыраққа тән. Бірақ суармалы егіншілік пен өндеудің көп жүргізілуінің салдарынан топырақ қасиеті өзгеріске ұшыраған. Механикалық құрамы ауыр, орташа сазды және ауыр саздақты. Тұздалу дәрежесі әр түрлі. Өсімдік жамылғысы қамыс және шөптесін өсімдіктер, қарашірік мөлшері – 1,45 - 1,74 % - ға дейін.

4. Тосапты шалғын – батпақты күрішті топырақ кең көлемде күріш енгізудің әсерінен топырақ жамылғысы өзгеріске ұшыраған. Сол себепті күріш егілген жер телімдерінің аймағында күрішті топырақ қалыптасқан. Адамның іс-әрекетінен көптеген табиғи өзгерістер байқауға болады. Солардың бірі топырақ жамылғысы мен грунт суының өзгеруі. Осындай құбылыстар салдарынан топырақ класиффикациясы өзгерістерге ұшыраған. Қарашірік мөлшері 1,12-1,78% - ға дейін. Тұздану дәрежесі әр түрлі. Механикалық құрамы ауыр сазды және ауыр саздақты.

Топырақтың түсінің өзгешелігі қоңыр тіпті қара түсті, жоғарғы қарашірік мөлшерге ие топырақ төменгі қабаттарында түсінің күрт өзгеруінің салдарынан топырақ құнарлығының азаюына әкеліп соғады.

5. Сор типті топырақ шаруашылықта көп таралмаған. Бұл топырақтың қалыптасуына грунт суы басты себеп болып есептеледі. Сор топырақтың өсімдік жамылғысы нашар, галофитті. Бұл топырақта өсімдіктің өсімі жеткіліксіз, өсімдік жамылғысы жыңғыл және қарабарақпен ғана шектеліп қалған. Физико-географиялық жағдайының қалыптасуы мен дамуының салдарынан топырақтың тұздану дәржесі жоғары болуы мен байланысты жоғарғы беті ақ қабыршақпен қапталу ерекшелігіне қарай өзбетінше жеке топырақ типі болып есептеледі. Қарашірік мөлшері 0-30 см қабат аралығында 0,98 - 1,75% - ға дейін

6.Тосапты шалғын - батпақты тыңайған құба топырақ шаруашылық территориясының басым бөлігінде таралған. Су айрығының төменгі жазықтығында қалыптасқан. Негізгі топырақ түзуші жыныстар аллювиальды қалдықтан түзілген өсімдік жамылғысы қамыс. 0-30см қабат аралығында қарашірік мөлшері 1,11-1,81%.

Тұздану дәрежесі әлсіз, орташа, күшті тұздалған. Тұздану типі хлоридтті- сульфатты, сульфатты –хлоридтті. Механикалық құрамы орташа сазды.

Жалпы шаруашылықта кездесетін топырақтың механикалық құрамы ауыр саздақтан, орташа сазды көрсеткіштерге ие. 0-30см қабат аралығында қарашірік мөлшері орта шамамен 1,42-1,81% - ға тең. Тұздану дәрежесі әр түрлі әлсіз, орташа, күшті тұздалған [4].

Жер - ауыл шаруашылық үшін ең басты және маңызды элемент болып табылады.

Жердің құнарлығы мен қасиетінің әр түрлілігі шаруашылық үшін ауыр жағдай туғызатын процесс болып табылады. Сол себепті жерді құнарлығына,сапасына қарап бағалауды қажет етеді. Сол үшін топырақ балл бонитеті қызмет атқарады. Яғни топырақтың сапасын объективті түрде бағалауға мүмкіншілік туғызады.

1–кесте – Зерттеліп отырған шаруашылықтағы суармалы егіншіліктің ауыспалы егіс танаптарындағы топырақ балл бонитетінің көрсеткіштері.

Ауыспалы егістің №	Танап саны	Егістік танап, га	Механикалық құрамы	0-30см қарашірік тің орташа мөлшері	Қара-шірік мөлшері бойынша балл бонитеті	Түзету коэффиценті			
						Тұздылығы	Механика лық құрамы	Гидро Морфтылы ғы	Нәтижесі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	1-1	82,21	ОС	1,35	54.0	0,4	0,65	0,7	10
	1-1	82,20	ОС	1,45	58.0	0,4	0,65	0,7	10
	2-1	87,49	АС	1,28	51.2	0,2	0,95	0,7	7
	2-2	66,36	АС	1,55	62.0	0.2	0,65	0,7	8
	3	174,76	ОС	1,40	56.0	0,9	0,65	0,7	23
	4	144,40	ОС	1,17	46.8	0,7	0,65	0,7	15
	5	126,44	ОС	1,29	51.6	0,4	0,65	0,7	9
	6	132,98	ОС	1,43	57.2	0,4	0,65	0,7	10
	7	170,48	ОС	1,47	58,8	0,4	0,65	0,7	11
	8	182,78	ОС	1,63	65,2	0,4	0,65	0,7	12

1 кесте жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Ауыспалы егіс бойынша орташа балл көрсеткіші					12				
2	1	53,47	ЖС	1,57	62.8	0,4	0,80	0,7	14
	2	111,77	ЖС	1,47	58.8	0,7	0,80	0,7	23
	3	108,03	АС	1,67	66.8	0,4	0,50	0,7	9
	4	73,28	ОС	1,33	53.2	0,4	0,65	0,7	10
	5	66,38	АС	1,52	60.8	0,4	0,50	0,7	8
	6	91,38	АС	1,47	58.8	0,4	0,65	0,7	11
Ауыспалы егіс бойынша орташа балл көрсеткіші					13				
3	1	86,44	АС	1,52	60.4	0,4	0,95	0,7	16
	2	107,10	ОС	1,36	54.4	0,4	0,65	0,7	10
	3	75,85	АС	1,39	55.6	0,4	0,50	0,7	8
	4	80,73	АС	1,69	67.6	0,4	0,65	0,7	12
	5	69,98	АС	1,42	56.8	0,4	0,50	0,7	8
	6	60,03	ОС	1,14	45.6	0,4	0.65	0,7	8
	7	71,39	ОС	1,52	60.8	0,7	1,00	0,7	30
	8	72,57	ОС	1,40	56.0	0,4	0,65	0,7	10
Ауыспалы егіс бойынша орташа балл көрсеткіші					13				
4	1	78,72	АС	1,49	59.6	0,4	0,50	0,7	8
	2	101,27	АС	1,66	66.4	0,2	0,50	0,7	5
	3	97,05	ОС	1,31	52.4	0,4	0,65	0,7	9
	4-1	38,00	ОС	1,42	56.8	0,4	0,65	0,7	10
	4-2	66,92	ОС	1,35	54.0	0,4	0,65	0,7	10
	5	104,86	ОС	1,52	60.8	0,4	0,50	0,7	8
	6	10,3,00	АС	1,58	63.2	0,7	0,50	0,7	15
	7	60,85	АС	1,59	63.6	0,4	0,50	0,7	9
	8	87,70	ОС	1,55	62,0	0,4	0,65	0,7	11
Ауыспалы егіс бойынша орташа балл көрсеткіші					9				

Анықталған топырақ кері көрсеткіштер көрсетпесе, онда қарашірік бойынша қойылған балл нақты әрі дәл болып есептеледі. Барлық топырақ қасиеттері мен ауыл шаруашылық дақыл өнімінің деректері математикалық өңдеуге салынады. Қазіргі таңда В.В Докучаевтің ұсынған технологиясы бойынша 100 баллмен бағалау шкаласы қолданылады. Оны екі ашық және жабық әдісі бойынша анықтайды. Ашық шкалада 100 балл және 50 балл беріледі, жабық шкалада жақсы топыраққа 100 балл, құнарлығы нашар топыраққа төмен балл беру арқылы анықтайды [5].

2009 жылы масштабы 1:25000, жер көлемі 7898,0 гектар жерге зерттеу жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері кестелерде көрсетілген. Бірінші кестенің мәліметтеріне сүйенер болсақ, мұнда алты ауыспалы егіс, әр - бір ауыспалы егіс төрт танаптан құралған. Бірінші ауыспалы егістіктің 0-30 см қабат аралығындағы қарашірік мөлшері орта есеппен 1,63% - ға тең, түзету коэффиценті бойынша тұз мөлшері 0,4-0,7%, механикалық құрамы 0,65-0,95, гидроморфтылығы 0,7 – ген тең. Қортынды балл ең төмені 6, ең жоғарғысы 29, орта есеппен ауыспалы егістің балы 12 - ге тең. Екінші ауыспалы егістікте 0-30 см қабат аралығындағы қарашірік мөлшері орта есеппен 1,67% - ға тең, түзету коэффиценті бойынша тұз мөлшері 0,4-0,7 % , механикалық құрамы 0,50 -0,80, гидроморфтылығы 0,7-ге тең. Қортынды балл ең төмені 6, ең жоғарғысы 20, орта есеппен ауыспалы егістің балы 13 - ке тең. Үшінші ауыспалы егістік бойынша егістікте 0-30 см қабат аралығындағы қарашірік мөлшері орта есеппен 1,69% - ға тең, түзету коэффиценті бойынша тұз мөлшері 0,4-0,7 %, механикалық құрамы 1,00-0,80, гидроморфтылығы 0,7 - ге тең. Қортынды балл ең төмені 13, ең жоғарғысы 29, орта есеппен ауыспалды егістің баллы 18 - ге тең. Төртінші ауыспалы егістік бойынша егістікте 0-30 см қабат аралығындағы қарашірік мөлшері орта есеппен 1,66% - ға етең, түзету коэффиценті бойынша тұз мөлшері 0,4-0,7%, механикалық құрамы 0,50-0,80,

гидроморфтылығы 0,7- ге тең. Қортынды балл ең төмені 5, ең жоғарғысы 14, орта есеппен ауыспалды егістің балы 9 тең [6].

2-кесте – Зерттеліп отырған шаруашылығындағы суармалы егіншіліктің ауыспалы егіс танптарындағы агрохимиялық-топырақ зерттеу нәтижесі

Ауыс-палы егістің №	Танап саны	Егістік танп, га	Механикал ық құрамы	0-30см қарашіріктің орташа мөлшері	Тұз мөлшері, %	Тұз-дану типі	Тұздану дәрежесі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1-1	82,1	ОС	1,35	1,94	Х-с	$Сқ_3$
	1-2	82,20	ОС	1,45	1,92	х-С	$Сқ_3$
	2-1	87,49	АС	1,28	0,13	с-х	$Сқ_4$
	2-2	66,36	АС	1,55	0,101	С-х	$Сқ_4$
	3	174,76	ОС	1,40	1,39	Х-с	$Сқ_1$
	4	144,40	ОС	1,17	1,29	Х-с	$Сқ_2$
	5	126,44	ОС	1,29	1,29	Х-с	$Сқ_3$
	6	132,98	ОС	1,43	1,54	Х-с	$Сқ_3$
	7	170,48	ОС	1,47	0,82	Х-с	$Сқ_2$
	8	182,78	ОС	1,63	1,58	Х-с	$Сқ_3$
2	1	53,47	ЖС	1,57	1,34	Х-с	$Сқ_3$
	2	111,77	ЖС	1,47	0,72	Х-с	$Сқ_2$
	3	108,03	АС	1,67	1,22	Х-с	$Сқ_3$
	4	73,28	ОС	1,33	1,18	Х-с	$Сқ_3$
	5	66,38	АС	1,52	1,53	Х-с	$Сқ_3$
	6	91,38	АС	1,47	1,01	Х-с	$Сқ_3$
3	1	86,44	АС	1,51	0,82	С-х	$Сқ_3$
	2	107,10	ОС	1,36	1,09	Х-с	$Сқ_3$
	3	75,85	АС	1,39	0,85	С-х	$Сқ_3$
	4	80,73	АС	1,69	1,85	Х-с	$Сқ_3$
	5	69,98	АС	1,42	1,05	Х-с	$Сқ_3$
	6	60,03	ОС	1,14	0,92	Х	$Сқ_3$
	7	71,39	ОС	1,52	0,82	Х-с	$Сқ_2$
	8	72,57	ОС	1,40	1,58	Х-с	$Сқ_3$
4	1	78,72	АС	1,49	1,21	Х-с	$Сқ_3$
	2	101,27	АС	1,66	2,07	Х-с	$Сқ_4$
	3	97,05	ОС	1,31	1,51	Х-с	$Сқ_3$
	4-1	38,00	ОС	1,42	1,55	Х-с	$Сқ_3$
	4-2	66,92	ОС	1,35	1,58	с	$Сқ_3$
	5	104,86	ОС	1,52	1,46	Х-с	$Сқ_2$
	6	10,3,00	АС	1,58	0,88	С-х	$Сқ_3$
	7	60,85	АС	1,59	0,83	Х-с	$Сқ_3$
	8	87,70	ОС	1,55	1,04	Х-с	$Сқ_3$

Екінші кестеде келтірілген агрохимиялық көрсеткіш бойынша, бірінші ауыспалы егістікте механикалық құрамы орташа сазды, ауыр саздақты, жеңіл сазды, орташа сазды. 0-30см қабаттағы қарашірік мөлшері 1,63 %, тұз мөлшері 1,94-1,01 %, тұздану типі хлоридтті – сульфатты, сульфатты хлоридтті. Тұздану дәрежесі өте күшті, күшті, орташа, әлсіз тұздалған. Екінші ауыспалы егістікте механикалық құрамы ауыр сазды, жеңіл сазды, орташа сазды. 0-30см қабаттағы қарашірік мөлшері 1,67 %, тұз мөлшері 1,53-0,72 %, тұздану типі хлоридтті – сульфатты, сульфатты - хлоридтті. Тұздану дәрежесі күшті, орташа тұздалған. Үшінші ауыспалы егістікте механикалық құрамы ауыр саздақты , жеңіл сазды, орташа сазды, орташа саздақты. 0-30см қабаттағы қарашірік мөлшері 1,69 %, тұз мөлшері 1,85-0,85 %, тұздану типі хлоридтті – сульфатты, сульфатты - хлоридтті, хлоридтті. Тұздану дәрежесі күшті, орташа тұздалған. Төртінші ауыспалы егісте механикалық құрамы ауыр сазды, жеңіл сазды, орташа сазды. 0-30см қабаттағы қарашірік мөлшері 1,66%, тұз мөлшері

2,07-0,82%, тұздану типі хлоридтті – сульфатты, сульфатты - хлоридтті. Тұздану дәрежесі өте күшті, күшті, орташа тұздалған [7].

Қорытынды

Ғылыми жұмысты орындауда жасалған тәжірибелер көрсеткіштеріне қарай отырып зерттеліп отырған шаруашылықтың топырақ жамылғысының құнарлығы, сапасы орташа көрсеткіш бойынша 15 баллға тең екені тәжірибе барысында анықталған болатын. Жалпы бұл шаруашылықта топырақтың құнарлығын жоғарылату үшін жоңышқа өсімдігін үш жыл қатарынан егу арқылы жүргізілген тәжірибе алаңдарының топырағын зерттеу барысында топырақ құнарлылығының жоғары сапалы қарашірік мөлшерінің басқа сынақ жүргізілмеген алаңмен салыстырғанда әлдеқайда құнарлылығының жоғары екендігін көрсетті. Осыған орай күріштен жоғары өнім алғысы келетін шаруашылықтан осындай тәжірибені қолданылса сапалы да мол өнім алуға мүмкіндік туары анық.. Болашақта жас мамандарды жұмысқа тартып егенменді елімізді алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылудағы жаңа бастамаларына жол ашуға мүмкіндік беретін жаңа ойларын жүзеге асыруға күріш өнімін тек өз елімізде ғана емес шет елдерге шығаруға мүмкіндік туарына кәміл сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Общесоюзная инструкция по бонитировке(качественной оценке) почв 1964г
2. Сборник временных методических указаний по оценке Казахской ССР г Алма-Ата 1979г
3. Почвенное обследование бывшего совхоза. 1986г
4. Временное указание по корректировке материалов почвенных изысканий и бонитировки пашни В РК г Астана. 2003года
5. Бонитировка почвы бывшего совхоза. 1995 г
6. Материалы полевых обследований почв орошаемой части бывшего совхоза. 2005 года
7. Отчет о проведении мониторинга плодородия и определение химического состава почвы исследуемоего хозяиства. 2003 г

ӘОЖ 664.694

АМАРАНТ ҰНЫНЫҢ МАКАРОН ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫНА ӘСЕРІ

Г. А. Умирзакова – магистрант
Ғылыми жетекшісі - Т. А. Булеков, а.-ш. ғылымдарының канд., аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Қазіргі таңда тағам өнеркәсібінің маңызды міндеттерінің бірі құрамында барынша тағамдық құндылығы жоғары биологиялық-белсенді заттары бар өнімдерді және профилактикалық және емдік өнімдерді шығару.

Өңдеу өндірісінің негізгі бағытының бірі тұрғындарды химиялық құрамы мен өнімнің сіңімділігі бойынша теңділігі қамтамасыз етілген. Макарон өндірісінде амарант ұнын зерттеу маңызды болып табылады, себебі амаранттың құрамында көптеген минералды заттар бар. Берілген зерттеудің мақсаты амарант ұнының макарон өнімдеріне органолептикалық және физико-химиялық қасиеттеріне әсерін анықтау; амарант ұны мен жұмсақ бидайдың жоғарғы сортты ұнының қатынасын анықтау.

Макарон өнімдері арнайы тартылған бидай ұнының жоғарғы және 1 – ші сортынан жасалады. Бидай ұннан құрғатылған қамырдан түтікте таспа және әр түрлі пішінді макарон

өндіріледі. Олардың құрамында оттегімен ақуыздың болғандығынан қоректік бағасы жоғары бағаланады. Макарон өнімдерін өндіру үшін шикізат негізгі және қосымша болып бөлінеді: негізгісі – жақсы сапалы ұн; қосымша затқа – құрғақ сүт, томат қосады. Ассортиментін көбейту үшін және жұмыртқа өнімдері овощой пюре қосылады: 10-15кг меланж, 3-4кг құрғақ жұмыртқа 250 дана жұмыртқа қосады. Тұз макаронға қосылмайды.

Ұнды өнімдерді соның ішінде макарон өнімдері күнделікті тұтынылатын тамақ өнімі болғандықтан оның тағамды және прафилактикалық құндылығын өзгертудің ең ыңғайлы объектісі болып табылады.

Құнарландырғыш заттардың ішінде соядан алынған белсенді заттар көп қолданылады. Сояда белоккөп ,ал оның құрамында лизин,триптофан жане метионин т.б. аминокышкылдар жеткілікті мөлшерде болады. Соя ұны витаминдерге де, минералды заттарға да бай. Сондықтан оны бидай ұнына қосып, оның толықбағалылығын жетілдіруге болады. Сояның липоксигеназа ферменті, бидай ұнының липоксигеназасына қарағанда, белсенді келеді. Сондыктан макароннын түсі өзгеуі мүмкін. Оның майы да макаронның сапасына өзінің әсерін тигізеді. Сондықтан соя ұнын 10 процент шамасында ғана қосу тиімді болады.

Макарон өнімдеріне ет, балық белоктарын қосып құнарландырудың маңызы зор. Шет мемлекеттерде балық белогын қосу өте тараған. Егер макрондық, ұнга 10 процент балық белогын қоссақ, осы макронның белоктық тиімділігі 3 есе өсетіні дәлелденген. Оны нанға, печеньге қосу да өте тиімді.

Балық белогы ақ ұнтақ, суда ерімейді.Оның құрамында белок 76-92 процент, май -0,4 процент, минералды заттар-2-10 процент, ылғалдылығы-6-9 процент болады. Олар суда ерімейтін болғандықтан, макаронды пісіргенде суға шығып кетпейді, макарондық құрамына өзінің белогындай болып қалыптасады.

Барлық ұннан істелген тағамдардын,оның ішінде макронның тағамдық қабілетін арттыру үшін хлорелла сияқты су балдырын да пайдалануға болады. Одан алынған препараттарды аминокышкылдарды-минералды заттар деп атайды. Олар тағамдық заттардың ақуыздарының аминокышкылдық толық құрамдылығын арттыру үшін өте бағалы.

ТМД-де, Қазакстанда макаронды оған жұмыртка қосып шығару кең тараған. Олар оның тағамдық қабілетін жетілдіріп, құрылысын және түсін жақсартады.

Клейковинасы жоқ, крахмалы көп заттарға /орысша бесклейковинный крахмалосодержащее сырье /дәндідакылдар тұкымдастығына жататын күріш, жүгері, арпа, сұлы, қонақ жүгері, бұршақ тұкымдастығына жататын асбұршақ, соя/ қытай бұршақ, /бөрі бұршақ / люпин/ ұндары жатады. Осы заттарды бидай ұнына косып, макарон жасағанда, қамырдағы клейковинаның мөлшері біраз азаяды. Сондықтан оның физикалық қасиеттері төмендеуі мүмкін. Соның салдарынан қамырдың беріктігі және серпімділік-созылғыштығы төмендеп, ол жабыскақ бола бастайды. Егер оларды алдын ала клейстерге айналдырсақ, сонда олар желімдегіш пластификатор заттарын айналып, қамырды престе сығымдағанда оның сусымалылығы жақсарады да, матрица арқылы өтуі жақсарып, макаронның беріктігі өседі [1].

Тритикале деп бидай мен қара бидайдан алынған буданды айтады.Оның өнімі жоғары, қысқа төзімді болады.Ол бидайдан өте жақсы сапалы құнарлы клейковина байлау қабілетті және одан жасалған макарондар піскенде қарауытпайды. Тритикаленнің наубайханалық қабілеті көптеген елдерде зертеліп,оның өте бағалы екені дәлелденген.

Заманауи тағам өндірістерінің тиімділігін арттырудың маңызды бағыттарының бірі – аз қалдықты немесе қалдықсыз технологияларды жасау, шаруашылық айналымға дәстүрлі емес дақылдарды енгізу. Осы уақытта адамның рационы өзгерген кезде макарон өнімдерінің тамақтанудағы рөлі аса маңызды. Макарон өнімдерінің тағамдық құндылығы жоғары болуы тиіс. Сонымен бірге ол профилактикалық құралға айналуы керек.

Амарант тұқымдарын макарон өнімдері құрамына қосу дайын өнімнің тағамдық құндылығы жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге емдік қасиетін жақсартады. Биологиялық белсенді қоспалармен (ББҚ) байытылған макарон өнімдері қабынуға қарсы қасиеттерге ие екендігі барлығына мәлім. Сол себептен амарантты макарон өнімдерінде қолдану өзекті мәселеге айналып отыр.

Амарант – жалпақ жапырақты біржылдық шөп өсімдігі, биіктіні 1-2 м, көптеген гүл шоқтары болады, дәндері - өте жұмсақ. Төрт ғасыр бойына ұмыт болған дақылды адамзат есіне түсірді, себебі оның сирек кездесетін химиялық құрамы оны түрлі мақсаттарға пайдалануға мүмкіндік береді.

Амарантпен жұмыс АҚШ, Канада, Қытай, Индия, Аустралия сияқты көптеген елдерде атқарылып жатыр. Ресейдің ғылыми орталықтары амарантты өнеркәсіпке ендіру саласында жұмыс атқаруда. Қазіргі таңда ең өзектісі алынған ғылыми нәтижелерді нан, макарон, кондитерлік өнеркәсіптерінде диеталық, емдеу-профилактикалық, балаларға арналған тағамдарда, химия-фармацевтика, косметика, май өнеркәсіптерінде қолдану болып келеді.

Амарантты кең қолдану спектрін келесімен түсіндіріледі: өсімдіктің барлық бөлігінде биологиялық белсенді заттардың көп болуы: аминқышқылдар, микроэлементтер, витаминдер, протеиндер және басқалары, сол заттардың ең жоғарғы концентрациясы дәндерінде байқалады.

1 кесте – Дәстүрлі дақылдармен амарант дәнінің химиялық құрамын салыстыру

Атауы	Протейн, %	Лизин,%	Көмірсу, г/100 г	Кальций, мг/100 г	Темір, мг/100 г	Фосфор, мг/100 г
Амарант	16	0,85	63	162	10	455
Кукуруза	9	0,25	74	20	1,8	256
Қара бидай	13	0,4	73	38	2,6	376
Қарақұмық	12	0,58	72	33	2,8	282
Бидай	10	0,35	71	41	3,3	372
Күріш	7	0,27	77	32	1,6	360

1-кестеде көріп отырғандай амарант басқа дақылдармен салыстырғанда жоғары құрамымен ерекшеленеді. Амарант дәні протейнге бай, сонымен қатар құрамында лизин 0,85 %, көмірсу 63 г., кальций 162 г., темір 10 г., фосфор 455 г құрайды. Осындай сирек кездесетін химиялық құрамы бар амарантты түрлі ауру-дерттерді емдеуде қолдануға мүмкіндік бар [2].

Макарон өнімдерін өндіретін цех «Чиров» ШҚ-да сынама ретінде амарант ұны қосылған макарон өнімдері шығарылып, БҚАТУ-дың «Агрономия» факультетінде амарант ұнының макарон өнімінің сапасына әсер етуі зерттелді.

Тәжірибелер нұсқаларында амарантты келесідей қосты: 1 сынамаға – 5%, 2-сынамаға - 10%, 3-сынамаға -15%. Бақылау үшін бидай ұнынан жасалған макарон өнімдерімен салыстырамыз. Амарант тұқымдарының әсерін қамырдың физика-химиялық көрсеткіштері мен органалептикалық бағасынан білінеді.

Зерттеуге Самара қаласындағы Константинов атындағы Ғылыми-зерттеу институтында шығарылған 2007 жылғы тұқым алынды. Амарант тұқымын лабораториялық диірменде ұнтап, ұнын №30 електен өткізді. Бидай ұнын да осы електен өткізді. Әр сынаманың қамырын ұн мен ұн массасына қарай сумен араластырамыз. Біртекті масса түзілген қамырды МАКИЗ пресінде престеп, кесілген макарон өнімдері алынып, кептіріледі.

2 кесте – Амарант ұны қосылған макаронның физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бидай ұнынан жасалған макарон	Бидай ұнына амарант ұнын қосу, %		
		5	10	15
Ылғалдылығы, %	12,8	11,9	12,6	13,1
Құрғақ затқа шаққандағы күлділігі, %	1,10	1,17	1,2	1,65
Қышқылдылығы, %	6,95	6,9	6,89	6,77

2-кестеден көрсетілгендей амарант ұны макарон өнімдерінің физика-химиялық көрсеткіштеріне септігін тигізеді. Ең жоғары нәтижені физика-химиялық көрсеткіш бойынша 10 % амарант ұны қосылған макарон көрсетті.

Макарон өнімдерінің технологиялық қасиеттерінің бірі органолептикалық көрсеткіштер бойынша зерттеледі, ол 3-кестеде көрсетілген. Ең жоғары нәтижені органолептикалық көрсеткіш бойынша 5, 10 % амарант ұны қосылған макарон көрсетті.Макарон түсі сарғыш реңді, бетінде дақтар жоқ, сырты тегіс, сындырғанда шынытүсті, пішіні макаронға сай, піскен өнімнің пішінін жоғалтпай, хош иісті, суды жақсы сіңіріп, көлемі өсіп, бір-біріне жабыспай пісетінін көрсетті.

3-кесте – Амарант ұны қосылған макарон өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бидай ұнынан жасалған макарон	Бидай ұнына амарант ұнын қосу, %		
		5	10	15
Түсі	Сары реңді біртүсті	Сары	Сары реңді	Сары сұрғыш
Макарон пішіні	Макарон пішініне сай	Макарон пішініне сай	Макарон пішініне сай	Макарон пішініне сай емес
Сыртқы түрі	Сырты тегіс	Тегіс	Тегіс	Аздап қыртыс
Піскеннен кейін	Суды жақсы сіңіріп, көлемі өскен	Суды жақсы сіңіріп, көлемі өзгерген	Суды жақсы сіңіріп, көлемі өскен	Суды нашар сіңіріп, көлемі өзгермеген
Дәмі	Макаронға тән	Макаронға тән	Макаронға тән	Макаронға тән емес

Тәжірибелер нәтижесінде амарант ұнын пайдалану макаронның белгілі бір сапа көрсеткіштерін жоғарлатады. Амарант ұны 10 % қосылған макарон өнімінің физикалық және органолептикалық көрсеткіштері жоғары. Амарантты азық-түлік өнімдеріне қосу халықтың белок мен минералдық заттарға деген тапшылық мәселелерін шешуге көмек береді.

Әдебиеттер:

1. Медведев, Г.М. Технология макаронного производства: учеб. пособие для вузов / Г.М. Медведев. – М.: Колос, 2000.- 272 с.

2. Зобкова, З.С. О реологических характеристиках кисломолочного продукта с экстрактом листьев амарант / З.С.Зобкова, В.Д. Харитонов, С.А. Щербакова // Хранение и переработка сельхозсырья. - 2003. - №8. - С.101-104.

УДК 581.55:502.521:502

ОСОБЕННОСТИ РАСТИТЕЛЬНОГО ПОКРОВА СУХОСТЕПНОЙ ЗОНЫ (БАССЕЙН ОЗЕРА ЧЕЛКАР)

З. А. Урынгалиева - магистрант
Научный руководитель - Б. Б. Сарсенова канд.биол.наук
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Впервые описание почв и растительности изучаемого района были даны Б.А. Скаловым [1], И.В. Лариным [2], которые выделяют Челкарский район, подразделяя его на два подрайона: «северный - сухой, ковыльный, степной на темно-каштановых почвах и южный – пятнистых степях на солонцах и западных почвах». С.А. Никитин [3], также выделяет Челкарский район и относит его к полынно-типцово-ковыльным степям.

По данным исследований В.В. Иванова «северо-восточная часть района, относится к зоне ковыльных степей, южная граница проходит по северному берегу озера Челкар. Южнее, расположена зона типчаковых степей, южнее граница проходит по южному берегу озера. Юго-западная часть изучаемого района относится к зоне пустынных степей» [4].

В описании растительного покрова различных авторов наблюдаются расхождения. Это прежде всего характеризуется климатическими условиями, особенностями развития фенофазы растений [5], в некоторых случаях и усиленным выпасом скота.

Комплексный характер растительности является характерной чертой северной части Прикаспийской низменности, что отмечается в работах многих исследователей [4,6,7]. Неоднородность растительного покрова, закономерно сменяющегося на небольшом расстоянии, может быть выражена пятнистостью, комплексами и сочетаниями.

Пустынные степи отличаются еще большой пестротой с преобладанием комплексного растительного покрова. По Б.А. Быкову [8] и Ф.Я. Левиной [9], их можно отнести к пустынно-степному комплексу, здесь большую роль играет микрорельеф. Особенностью почв и растительных сообществ является их приуроченность к определенным элементам микрорельефа, и в аридных условиях самые незначительные изменения поверхности приводят к изменению характера растительных сообществ. Кроме того, комплексность обусловлена большим дефицитом влаги и огромным испарением, а также помимо засушливости, ее формированию способствует молодость территории, сильная засоленность почвообразующих пород и выровненность рельефа.

Микропонижения-западины – сложены темнокаштановыми почвами. Здесь господствуют злаки-типчак (Festuca valesiaca), ковыль-тырса (Stipa capillata), келерия гребенчетая (Koeleria cristata), с участием таволги зверобоелистной (Spiraea hypericifolia), бобовника низкого (Amygdalus nana). К микросклонам и «плакорным» участкам на светло-каштановых солонцеватых почвах приурочены лерхополынные формации, где в менее нарушенных выпасом участках, можно встретить лишайник (Parmelia vagans) и водоросль (Nostoc commune). Микроповышения, где произрастает пустынная растительность, представлена солонцом средним. На них господствуют галофильные полукустарнички: полынь черная (Artemisia pauciflora), камфоросма монспелийская (Camphorosma monspeliaca), с участием ежовника солончакового (Anabasis salsa), виды кермеков (Linomium gmelinii L. suffruticosum).

Южнее ковыльных степей в бассейне озера Челкар расположены типчаковые степи, представленные типчаковой (Festuceta valesiacacae) формацией, на долю которой приходится 40% всей площади озера Челкар, представленные такими сообществами как, типчаковое (Festuca valesiaca), ковылково-типчаковое (Festuca valesiaca-Stipa lessingiana), тырсово-типчаковое (Festuca valesiaca-Stipa capillata), уральскоосоково-типчаковое (Festuca valesiaca-

Carex uralensis), лерхополынно–типчаковое (Festuca valesiaca - Artemisia lercheana), австрийскополынно-типчаковое (Festuca valesiaca - Artemisia austriaca).

Наиболее распространенное тырсово-типчаковое сообщество (Festuca valesiaca-Stipa capillata), которое приурочено к пониженным формам микрорельефа, западинам на темно-каштановых почвах (таблица 1).

В тырсово-типчаковом сообществе составляет число видов- 84. Они относятся к 28 семействам. Наибольшее число видов относится к 9 семействам: сложноцветные - 23 видов, мятликовые - 17 видов, бобовые -13, яснотковые -10, розоцветные - 9, крестоцветные - 7, норичниковые и лютиковые - 6, зонтичные - 5.

Таблица 1 – Характеристика основных растительных сообществ

Название сообщества	Почвы	Средняя высота травостоя в см	Проек-тивное покрытие %	Число видов
Тырсово-типчаковое (Festuca valesiaca + Stipa capillata)	темно-каштановые	40-50	65-75	84
Типчаково-лерхополынное (Artemisia lerchiana + Festuca valesiaca)	светло-каштановые	19-30	20-35	57
Камфоросмово-чернопо-лынное (Artemisia pauciflora+Camphorosma monspeliaca)	солонец средний	5-20	40-55	38

Доминант тырсово-типчакового сообщества – Festuca valesiaca, высота 35-40 см. Типчак- многолетний, плотнодерновинный злак, гемикриптофит степной. Дернина может достичь от 7 до 70 см. Типчак обладает большой экологической амплитудой, приуроченный к различным почвам. Необходимо отметить его среднюю солевыносливость и некоторую устойчивость к выпасу. Типчак образует сообщества с тырсой (Stipa capillata), ковылком (Stipa lessingiana), житняком (Agropyron desertorum). Субдоминант – Stipa capillata, средняя высота 65 см.

Также характерно участие полукустарничков: полыни Лерха (Artemisia lercheana), полыни австрийской (Artemisia austriaca), кохия (Kochia prostrata). Из разнотравья отмечены: зопник (Phomis pungens), качим (Gypsophila paniculata), мордовник Мейра (Echinops meyeri), виды лапчатки (Potentilla bifurca, P. argentea), тысячелистник обыкновенный (Achillea millifolium), шалфей степной (Salvia stepposa), чабрец обыкновенный (Thymus serpyllum) и др.

В полупустынной зоне [6] или в зоне пустынных степей [4], преобладает лерхополынная формация (Artemisieta lerchianae), составляющий около 35% и состоящий из четырех растительных сообществ: лерхополынное (Artemisia lercheana), типчаково-лерхополынное (Artemisia lerchiana-Festuca valesiaca), изенево-лерхополынное (Artemisia lerchiana-Kochia prostrata), острецово-лерхополынное (Artemisia Lerchiana - Leymus ramosus).

Наиболее типичной и распространенной является типчаково-лерхополынное (Artemisia lerchiana - Festuca valesiaca) сообщество (таблица 1), которое приурочено к светлокаштановым солонцеватым суглинистым почвам, на микроплакорах. В лерхополынно-типчаковом сообществе насчитывается 57 видов, которые принадлежат 24 семействам. Наибольшее число видов относится к 9 семействам: сложноцветные -19 видов, крестоцветные - 14 видов, мятликовые - 10, лебедовые - 6, норичниковые- 5, лилейные и кермековые по 4 вида, яснотковые, осоковые по 3 вида. На долю остальных семейств приходится по 1-2 вида.

Эдификатором является – ксерофитный стержнекорневой полукустарничек, с высотой 15-35 см, полынь Лерха (Artemisia lechiana). В сложении травостоя типчаково-

лерхополынного сообщества принимают участие – прутняк (Kochia prostrata), типчак (Festuca valesiaca), также встречается пижма тысячелистниковая (Tanacetum millifolium), полынь австрийская (Artemisia austriaca).

Чернополынная формация (Artemisieta pauciflorae) занимает 25% всей изучаемой территории и встречается отдельными пятнами на солонцах, на микроповышении. Формация полыни черной, представлена такими растительными сообществами: чернополынной (Artemisia pauciflora), белополынно-чернополынной (Artemisia pauciflora - Artemisia lerchiana), мятликово-чернополынной (Artemisia pauciflora-Poa bulbosa), камфоросмово-чернополынной (Artemisia pauciflora-Camphorosma monspeliaca).

Мезафильді сүтқышқылды таяқшаларға (стрептобактерияларға) плантарлы таяқшаларды (L.plantarum),мезафильді ірімшік таяқшаларын (L.casei) және бревис таяқшаларын (L.brevis) жатқызады. Олардың жасушалары термобактериялармен салыстырғанда кішкентай болып келеді. Жасушалар қысқа және ұзын тізбек болып орналасады. Тығыз қоректік ортада микроорганизмдер өскен кезде тегіс, колониялар шеті айқын болады, ал түптік өскен кезде қайық тәрізді формада өседі. Стрептобактериялар $15\text{-}38^0$ С-де өсе алады, өсудің оптимальді температурасы 30^0С. Таяқшалар сүтті баяу сұйылтады. Мезофильді бактериялар көптеген көмірсуларды ашыта алады.

Плантарлы таяқша (L. plantarum) ұзын және қысқа тізбек түзеді. Сүттегі ақырғы қышқылдығы 180^0 Т. Таяқша ортада 4 % өт және 5%NaCl болғанда өседі. Плантарлы таяқша барлық көмірсуларды шірітеді, рамнозадан басқа, бірақ глициринді, казеинді және крахмалды ыдырата алмаиды.

Мезофильді ірімшікті таяқша (L.casei) әртүрлі ұзындықтағы таяқшаларды түзеді, олар жалғыздан немесе қостан орналасады. Ақырғы қышқылдығы шамамен 80-180^0 Т жетеді. Ірімшікті таяқша ортада 2-4 % өт және

4-5,5%NaCl болғанда өседі. Ол казеинді шірітеді. Кейде раффинозаны, инулинді және пентозаны ашытады, бірақ рамноза мен глицеринді ашытпайды.

Бревис таяқшасы (L. brevis) үлкен жасушалы қос-қостан орналасқан түрі бар.Тығыз қоректік ортада термофильді сүтқышқылды таяқшалар сияқты колониялар түзіп,15-38^0 өседі. Өзінің қасиеті жағынан бровис таяқшалары ароматтүзуші стрептококктарға ұқсас. Бұл микроорганизм сүтте төмен қышқылдық түзеді, әйтсе де осы кезде сүтқышқылынан басқа көміртегі диоксидін, этил спиртін және ұшқыш қышқыл түзеді. Глюкозаны, лактозаны, арбиозаны, раффинозаны ашытады.

ӘОК 567.1/5.343.148.27

БАЗАР АЙМАҒЫНАН ТЫС ЖЕРЛЕРДЕ САТЫЛАТЫН БАЛЫҚ САПАСЫН АНЫҚТАУ

Г. Аумешова - студент
Ғылыми жетекші – Б. Е. Нұрғалиев, вет. ғылымдарының канд, аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Балық балаусалығына күмән туған жағдайда сезімдік зерттеу көрсеткіштері бойынша үлгілер алынып, ветеринарлық зертханаларға жіберіледі, онда қандай зерттеулер жүргізілу керектігі көрсетіледі. Зерттеуге жіберілген үлгілерде тірі балықтар болса, тоғандарда сақтайды, ал балауса және т.б -4°С температурадан төмен емес тоңазытқыш камераларда сақтайды.

Адамдардың тағамына және жануарлардың азығына пайдалануға ауланатын балық су қоймаларының эпизоотиялық жағдайына қарамастан міндетті түрде олардың ауланатын жерінде ветеринарлық қадағалаудан өтуі керек. Балық шаруашылығы су қоймаларында мемлекеттік ветеринарлық қадағалау жүргізетін ветеринарлық маман балықтарды және басқа да гидробионттарды ветеринарлық санитарлық ережелеріне сай адам тағамына және жануарлардың азығына пайдалануға алынған су нысандарына ветеринарлық санитарлық қадағалау жүргізу қажет. Базарларға сатылуға түскен балықтар міндетті түрде базардағы ветеринарлық санитарлық сараптау зертханасының мамандарының қадағалауынан өтеді. Егер бұндай зертхана жоқ болса, онда ветсансараптауды жергілікті ветеринарлық мекеменің мамандары өткізеді.

Сапалы деп танылған балық шектеусіз сатылады. Егер сезімдік көрсеткіштер және зертханалық зерттеулер нәтижесінде адам тамағына зиянсыз деп танылған және олардың денсаулығына қауіпсіз болса, ол балық сапалы деп саналады. Ветеринарлық мамандар балықты ветсансараптау кезінде оның сорты мен тауарлығын анықтамайды. Балықтың сапалығына күдік туған кезде және сезімдік көреткіштерін нақтылау үшін, пестицидтерді, әсіресе адам мен жануарға патогенді микрофлораны және гельминтозооноздарды анықтау мақсатында зертханалық зерттеулер жүргізеді. Сезімдік көрсеткішері күмәнді және зертханалық зерттеу нәтижелері қанағат болған балықты, қызметкерлер оларды термиялық өңдеу әдістері жөнінде нұсқаудан өткен өндірістік өңдеуге немесе қоғамдық тамақтану пункттеріне жібереді. Тағамға жарамсыз деп табылған балықты ветеринарлық дәрігердің шешімі бойынша термиялық өңдеуден өткеннен кейін жануарларға азыққа береді, утилдейді немесе жояды. Балықты утилдеуге мүмкіндік болмаған жағдайда, өртейді немесе тереңдігі бір метрден кем емес жерге көміп тастайды.

Тағамдық мақсатқа жарамсыз балықты ауланған жерде, ветсансараптау кезінде тағамдық мақсатқа жарамсыз деп танылған барлық жағдайларда ветеринарлық дәрігер шаруашылықтың әкімшілік өкілдерімен бірге акт толтырады. Мұнда балықтың ауланған жері, саны, түрі, сапасыз болу себептері, пайдалану жолдары және жануарлардың азығына жіберген жағдайда оны термиялық өңдеу талаптары көрсетіледі.

Балауса балықтар көрстілген сатылу мерзіміне дейін сатылмаса, қайтадан ветсансараптаудан өтуі тиіс. Сапасыз балықты базарларда жою және утилдеуді ветеринарлық санитарлық талаптарды сақтай отырып ветеринарлық дәрігердің қатысуымен базар әкімшілігі өткізеді. Ол туралы акт толтырылады [1].

Балық етпен салыстырғанда тез бұзылады. Балық етінің ылғалдылығы мол, гликогені аз, жұмсақтау келеді, майының ішінде қанықпаған май қышқылдары мөлшері көп. Балық терісінің үстіндегі шырыштар микробтардың өсіп өнуіне, ішек ферменттерінің әрекеттерінің күшеюіне бірден бір жағдай жасайды. Балық денесіндегі микробтар 0^{0}С–та көбейе береді [2].

Балық және теңіз өнімдері адамға өте жұғымды тағам болып табылады. Елімізде азық-түлік молшылығын жасау бағдарламасында және балық етінің құндылығына сәйкес теңіз өнімдерін өндіруді арттыруға үлкен бетбұрыс жасалып отыр. Осыған орай мұхиттардан, теңіздерден, өзен көлдерден балықтар көп ауланып, олардан жасалған тағам түрлері де молайды [3].

Балық денесіндегі микрофлораның құрамы, су қоймаларында кездесетін микроорганизмдерге бйлаысты. Микробтар көбінесе балықтың қабыршағында, желбезегінде және ішегінде кездеседі. Балықтың тез бұзылуына температураың жоғарылауы, микроорганизмдердің өсіп–көбеюіне жол береді, соның әсерінен ет ұлпалары ыдырап балықтың бұзылуына әкеп соғады[4].

Біздің зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты базарлардан тыс жерлерде, ветеринария мамандарының қадағалауынсыз сатылатын балықтарды сезімдік және зертханалық зерттеу әдістерімен сапасын анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмыстары «Эпизоотология, паразитология және ветеринарлық санитарлық сараптау» кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Зерттеу нысандары болып базар аймағынан тыс жерлерде сатылатын балық етінің сынамалары болып табылды. Барлығы – 6 балыққа тексеру жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу барысында балыққа сезімдік көрсеткіштеріне тексеру жүргізілді (1-кесте). Сезімдік зерттегенде балықтың сыртқы түріне, қоңдылығына, кілегейдің жағдайына, сыртқы жамылғысына, көзіне, желбезек түсіне назар аударды, ал иісін беткі және терең бұлшық жамылғысына, көзіне, желбезек түсіне назар аударды, ал иісін беткі және терең бұлшық етінен анықтадық. Тұтас балықты сонымен қатар жарып, ішкі ағзаларын тексердік.

1-кесте – Балауса және салқындатылған балықтың сезімдік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Балауса (n-4)	Балаусалығына күмәнді (n-2)
Кілегей	Мөлдір, бөгде иіссіз	Лайлы, жабысқақ, қышқыл иісті
Қабыршақ	Жұмсақ, жылтыр, жұлынуы қиын	Күңгірт, жеңіл жұлынады
Көзі	Шығыңқы таза, мүйізшесі мөлдір	Түсінкі, мүйізшесі күңгірт
Аузы	Жабық	Ашықтау
Желбезек	Ашық қызылдан күңгірт қызылға дейін, кілегейі мөлдір, желбезек қақпақшалары тығыз жабылған	Түсі ақшыл қызылдан әлсіз сұр, кілегейі лайлы, иісі қышқыл желбезек қақпағы ашықтау
Ішкі ағзалар	Құрсақ қуысы ісінген. Әр түрлі ағзалар көрінеді	Құрсақ қуысы ісінген. Ішкі ағзалар сарғайған, бауыр бүйрегі езілген
Бұлшық еті	Тығыз консистенциялы балық иілмейді, еті сүйегінен әзер алынады	Әлсіз иіледі, еті сүйектен онай алынады
Судағы сыбағалы салмағы	Батады	Батпайды, суға салғанда қалқып шығады

Еттегі жүретін биохимиялық процестердің әртүрлілігі еттің сапасын бір ғана әдіспен анықтау мүмкін еместігін байқатады. Сондықтанда ет сапасын кешенді әдіспен анықтау өте тиімді және жан-жақты зерттеулерден соң нақты баға берілуі тиіс. Соған сәйкес сезімдік зерттеу барысында балық балаусалығына күмән туған жағдайда келесідей зертханалық зерттеулер жүргіздік: жұғындыларды бактериоскопиялау, pH-ын анықтау, редуктаза және пероксидаза сынамасы, несслер санын анықтау және 5%-ды күкірт қышқылды мыспен реакция (2-кесте).

Сорпадағы ақзаттың алғашқы ыдырауынан пайда болған заттарды анықтау (күкірт қышқылды мыспен реакция). Әдіс негізінен ақзаттың алғашқы ыдырауынан пайда болған заттардың күкірт қашқылды мыстың 5%-ды ерітіндісімен қосылып тұнба түзу қасиетіне негізделген.

2-кесте – Балық етін зертханалық зерттеу нәтижелері

Балық балаусалығы	Балық етінің көрсеткіштері					
	күкірт қышқылды мыстың 5 %-ды ерітіндісімен реакция	Редуктазды сынаа	несслер саны	пероксидаза сынамасы	бактериоскопия	pH
Балауса балық (n-4)	тұнық, ешқандай бөгде заттар жоқ	2,5 сағаттан астам	0,9±0,03	оң	15±0,24	6,8±0,03
Балаусалығына күмәнді балық (n-2)	адаған үлпектер бар	2,5 сағатқа дейін	1,3±0,04	теріс	50±0,58	7,0±0,01

Кестеден көрсетілгендей реакция нәтижесінде балауса балық сынамасында сорпа тұнық болды, ешқандай бөгде заттар болған жоқ. Ал балаусалығына күмәнді балық сынамасында аздаған үлпектер болды.

Редуктазды сынама. Еттің бактериямен ластануының жанама көрсеткіші болып табылады.

Тексеру нәтижесі көрсеткендей 4 балауса балық сынамасы 2,5 сағаттан кейін түссізденсе, 2 балаусалығына күмәнді балық сынамасы 2,5 сағат уақыт аралығында түссізденді. Яғни балықтың микробтармен айтарлықтай ластанғандығын байқатады.

Несслер санын анықтау. Реакцияны балық бұлшық етінің сүзіндісінен қояды, pH-ты анықтағанда жасағандай дайындалады.

Пробиркаға 2 мл сүзіндіні құяды және 0,5 мл Несслер реактивін қосады, шайқап 5 минутқа қояды. Одан кейін сұйықтықты 3 минут центрифугалайды. Одан кейін түсін ақ фонда пробиркадағы бихромат көрсеткіштерінің түсімен салыстырады. Біздің зерттеу нәтижеміз бойынша 4 балауса балықтағы несллер саны орташа 0,9 болса, балаусалығына күмәнді 2 балықта несллер саны 1,3-ке тең болды.

Пероксидаза реакциясы (бензидин сынамасы). Бұл реакция өте ерекше. Өйткені оның желбезек сығындысынан 1:10 қатынаста дайындалған сығындымен қояды. Балық желбезегі ең алдымен бұзылады. Тексеру барысында 4 балауса балық желбезегінің сүзіндісі көк-жасыл түске боялады да 1-2 минуттан кейін қоңыр түске боялды (оң нәтиже), ал 2 балауса емес балық сығындысы бірден қоңыр түске ауысты, яғни пероксидаза нәтижесі теріс болды.

Бактериоскоптау. Заттық әйнекке екі жұғынды жасайды: біреуі бұлшық ет беткейінен тері астынан, екіншісі терең қабаттарынан. Препараттарды ауада кептіреді, от үстінен 3 рет жүргізіп бекітеді де, грам әдісі бойынша бояйды. Микроскоп арқылы көру аймағындағы микроб саны арқылы анықтайды.

Бұлшық еттің беткейінен алынған балауса балық-жұғындысында микробтар 15-ке дейін болды, балаусалығына күмәнді балық жұғындысында 50-ге дейігі микроорганизмдер кездесті.

Сутек иондарының концентрациясын анықтау (pH). Сулы сығындыда 1:10 қатынаста 30 минут жүргізеді.

Балық етінің pH көлемі балықты сойған кезінде ондағы көмірсу құрамына байланысты, сонымен қатар бұлшық ет ішінің ферменттерінің белсендігіне байланысты. Сойғаннан кейін ферментация процесі кезінде балық етінде сутек иондарының концентрация көрсеткіші қышқыл ортаға тез ауысуы байқалмайды. Бұл бұлшық еттегі гликоген құрамының аздығына байланысты. Балауса балық етінде сутек индарының концентрациясы 6,8 тең болса, балаусалығына күмәнді балық етінде 7,0 тең болды.

Зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе жүргізілген зерттеу нәтижесіне сүйене отырып балықтардың өте тез бұзылатындығын ескеретін болсақ, олардың сатылуын қадағалап, балықтарды арнайы емес орындарда сатылуына тиым салынуы керек. Сондай-ақ балықтарды сатып алар кезінде келесілерге: сырттай қарағанда беткі жағдайына, шырыштығына, үстіндегі бөгде заттарға, зақымдануларға аса назар аударуы қажет.

Бірақ күнделікті өмірде мұндай жағдайға аса назар аудармайды. Себебі арнайы емес жерлерде немесе санитарлық жағдайлар сақталмаған жерлерде балықтардың сатылуы жиі кездеседі. Олардың сапасының нашар болуы, сондай-ақ әртүрлі паразиттік және жұқпалы аурулар кездесуі мүмкін.

Олай дейтін себебіміз арнайы емес жерлерде балықтарды сату кезінде ешқандай сатушының жеке бас гигиенасы мен ветеринарлық-санитарлық талаптар да ескерілмейді. Сондықтан да бұндай сатылу аймақтарында балықтарды сатуға тиым салыну қажет.

Әдебиеттер:

1. Шуклина, Н.Ф. Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов, их стандартизация и сертификация : в 3 т. / Н.Ф. Шуклина и др.. – Алматы : ИД «Credos», 2008.I-II том.

2. Қырықбайұлы, С. Ветеринариялық-санитариялық сараптау практикумы / С. Қырықбайұлы, Т.М.Тілеуғали. /Алматы, 2007. - 292 б.

3. Әлжанов, Ө. «Балық тағамдары». / Ө. Әлжанов. /Алматы, «Қайнар», 1987. 3 б.

4. Толысбев, Б.Т. Ветеринариялық санитарлық микробиология. / Б.Т. Толысбев, Қ.Б. Бияшев, Р.Ж. Мықтыбаева. /Алматы, 2008. – 507 б.

УДК 619:616.33 -009.11:636.2

«ОПРЕДЕЛЕНИЯ ФЕРМЕНТАТИВНОЙ АКТИВНОСТИ РУБЦОВОГО СОДЕРЖИМОГО У ОВЕЦ ПРИ КОНЦЕНТРИРОВАННОМ ТИПЕ КОРМЛЕНИЯ»

Н. Аюпова, А. Карабасова - студенты
Научные руководители - М. М. Саденов, канд. биол. наук, доцент
М. Г. Султанов, ст. преподаватель
Западно- Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Многокамерный желудок жвачных животных выполняет очень сложную пищеварительную функцию. Благодаря наличию в рубце многочисленной микрофлоры и инфузорий, растительные корма подвергается весьма сложной ферментативной и другой обработке. Роль инфузорий сводиться к механической обработке корма и синтезу собственных белков. Они разрыхляют и разрывают клетчатку так, что последняя становиться более доступной для действия ферментов [1, 2, 3].

В рубце легкоусвояемые углеводы (сахара, крахмал) под влиянием ферментов микрофлоры сбраживаются до молочной кислоты, которая трансформируется в пропионовую кислоту - основной источник глюкозы в организме жвачных. При поедании большого количества кормов, богатых белками и углеводами, образующаяся молочная кислота не успевает превращаться в пропионовую кислоту. Вследствие образования большого количества молочной кислоты pH рубцового содержимого снижается в кислую сторону, что приводит к угнетению жизнедеятельности микрофлоры рубца [4, 5, 6].

К снижению pH рубцового содержимого наиболее чувствительны инфузории из рода Ophryoscolex и Entodinium, что приводит к торможению ферментативных процессов и нарушению рубцового пищеварения у жвачных.

Цель работы – определить ферментативную активность рубцовой микрофлоры при концентрированном типе кормления овец.

Материалы и методы: Работу проводили в ветеринарной клинике ЗКАТУ им. Жангир хана, в зимне-стойловый период 2010 года. Материалом послужили овцы акжаикской породы в возрасте 2-3 года.

С этой целью, отобрали 6 голов овец, которых разделили на 2-е группы: 1-я контрольная группа – кормление без концентратов, 2-я опытная группа – кроме основного рациона, ежедневно получали 2 кг концентратов на 1 голову. Рубцовое содержимое, для анализа получили с помощью зонда через 2-2,5 часа после кормления. Ферментативную активность рубцового содержимого определяли с помощью метиленовой сини.

Результаты собственных исследований и их обсуждения.

Вначале определяли физико-химические свойства рубцового содержимого: цвет, завах, консистенцию и pH содержимого рубца.

Цвет рубцового содержимого определяют в прозрачном стеклянном цилиндре при естественном свете на белом фоне. Запах содержимого рубца зависит от качества корма и характера бродильных и гнилостных процессов в рубце. Запах определяют органолептически. Консистенция содержимого рубца зависит от характера принятого корма, количества выпитой воды и функционального состояния преджелудков. Консистенцию определяют, переливая содержимого рубца из одного сосуда в другой. Концентрация водородных ионов (pH) рубцового содержимого у жвачных зависит от характера рациона, и кислотно-щелочного равновесия в организме.

У здоровых животных концентрация водородных ионов (pH) колеблется от 6,2 - 7,2 ед., pH рубцового содержимого определяли с помощью индикаторной бумаги.

Полученные данные приведены в таблице 1 и 2.

Таблица 1 – Физико-химические показатели содержимого рубца у овец в контрольной и опытных групп

Показатели	Контрольная группа	Опытная группа
Цвет	Темно-зеленая	Буро-зеленая
Консистенция	Полужидкая	Полугустая
Запах	Кисло-прянный	Кислый
pH	6,9	6,0

Из таблицы 1, видно, что, при концентрированном кормлении овец, в рубцовом содержимом опытной группы заметны значительные изменения физико-химических показателей, чем в рубцовом содержимом у овец в контрольной группе.

По мнению К. Дирксен (1972) и Б. Хоффрек (1972) считают, что определение активности рубцовой микрофлоры высоко эффективным диагностический тест метиленовым синим.

Для этого к 20 мл рубцового содержимого добавили 1 мл 0,03 % раствора метиленовый сини и определили время ее обесцвечивания.

Таблица 2 – Определения ферментативной активности содержимого рубца у овец в контрольной и опытных групп

Показатели	Контрольная группа	Опытная группа
Время обесцвечивания (мин)	9-10	17-18

Из таблицы 2, заметно, что по времени обесцвечивания активность рубцовой микрофлоры у овец опытной группы ниже, чем у овец в контрольной группе.

Микробная ферментация в рубце овец нарушается раньше, чем появляются клинические признаки болезни, поэтому определения ферментативной активности содержимого рубца представляет не только диагностическое, но и прогностическое значение.

Предлагаемый метод исследования рубцового содержимого не требует больших материальных затрат, сложный аппаратуры и реактивов. Он выполнили в любых производственных условиях.

Заключение: При преобладании в рационе концентрированных кормов, в рубце образуются большое количество молочной кислоты, которое приводит к сдвигу pH в кислую среду, что сказывается на жизнедеятельности бактерий и инфузорий рубца, тем самым снижая ферментативную активность рубцовой микрофлоры.

Литература

1. Кононский, А. Н. Биохимия животных / А.Н. Кононский, М.: Колос, 1992. – С. 240-251
2. Голиков А. Н. Физиология сельскохозяйственных животных / А.Н. Голиков, М.: Агропромиздат, 1991. – С.154 - 155
3. Данилевский В.М. Внутренние незаразные болезни сельскохозяйственных животных / Под ред. В. М. Данилевского, М.: Агропромиздат, 1991.- С. 441-465
4. Винников, Н.Т. Ветеринария лаборатория диагностика. / Н.Т. Винников –Саратов, - 2003 г. С 201 - 209.
5. Васильева, Е.А. Клиническая биохимия сельскохозяйственных животных / Е.А. Васильева. - М. : Россельхозиздат. -1974. - С. 90 - 91.
6. Кондрахин, И. П. Клиническая лабораторная диагностика в ветеринарии.

ӘОЖ 602.9

ЖҰЛЫН ЖАСУШАЛАРЫНЫҢ ЕМДІК МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

А. Бекбағамбетова - студент
Ғылыми жетекшісі – Р. С. Садыков а-ш. ғылымдарының канд.
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Жұлын жасушалар ағзаның кез-келген жасушаларына, тері, жүйке және қан жасушаларына бастау бола алады. Әуелде ересек ағзаларда мұндай жасушалар болмайды, тек қана эмбриоалдық дамудың алғашқы сатысында болады деп есептелді.

Алайда 70-ші жылдарда А.Я.Фридштейн өзге авторлармен бірге жұлын жасушаларды жілік майының, мезинхимнен тапты, соңынан стромальды жасушалар деп атай бастады.

Сонымен қатар жұлын жасушалардың ересек жасушалармен адамдардың барлық мүшелерінде дерлік кездесетінін дәлелдейтін айғақтары бар жұмыстар пайда болды.

Осыған байланысты жұлын жасушаларды эмбриоалды жұлын жасушаларға (бластацист кезеңінде эмбриоННан бөледі- өте ерте даму сатысында, яғни ұлпа, мүше белгілері жоқ уақытта) және регионалді бағаналы жасушаларға ересек дара мүшесінен немесе кештеу кезең эмбриондар мүшелерінен бөледі, яғни эмбриоалдық жасуша қасиеттерін сақтайтын, олардың бар екенін оларда табылған ақуыз маркерлері дәлелдейді.

Жұлын жасушаларды ұлпадан бөліп алып өсіруге болады, мұндайда мартектес жасуша ассоциаты пайда болады: эмбриоалды жасушалардың шоғырлануы эмбриондық дене, нейтральділері- нейросфералар деп аталады.

Әр түрлі жасушалық типтер бере алуы(плюропотенттілік) жұлын жасушаларды ағзадағы қайта құрушы етеді, ал ол кезегінде әр түрлі жағдайда пайда болған ақауларды жоюға пайдаланылады.

Бағаналы жасушалардың орталық нерв жүйесінде болуы биологтардың ерекше таңқалысын тудырды. Жүйке жасушалары көбею қасиеттерін, нейралдық жіктеудің ең алқашқы сатысында жоғалтатыны белгілі(нейробласт кезеңі). Ал жұлын ағзалар жүйке ұлпасының әр түрлі зақымдауына жауап ретінде жүйке және глиальді жасушаларғажіктеліп бөлінеді.

Оқшауланған нейральді жұлын жасушалар басқа өкілділерге айнала алады. Жұлын жасушаларды арнайы әдіспен анықтауға болады.

Мәселе мынада нативті жұлын жасушада және олардың өнімдерінде өзіндік ақуыз синтезделеді. Олар иммундық гистохимиялық техника көмегімен анықталады.

Әр ақуызға антитела алады, флюрестентін бояумен белгілейді. Бұл реагент дамудың әр түрлі сатысында болатын жұлын жасушалардағы ақуызды анықтайды. Осылайша нейральді жұлын жасушалар нестин ақуызын құрайды.

Қызмет жолына кіріскенде оларда жаңа белок-виментин пайда болады. Егер бұл жасушалар нейральді бағытта дамыса қатысынша маркерлеуші жасушалар- нейрофиламентті б3-тубумин, энолаза және т.б. синтезделеді.

Жасушалар көмекші, глиальді болып маманданса, басқа маркерлер мысалы, глиальді фибриллерлі қышқыл ақуыз, ақуыз 5- 100 және т.б. пайда болады.

Геннің дифференцирлеудегі орнын талдауға арналған моделі кез-келген жұлын жасушалардың әр түрлі жасушалық типтерге беру қасиеттері олардың молекулярлық – генетикалық құбылыстарды зерттеуге ыңғайлы жүйе етеді.

Шынында, жұлын жасушаларды таза күйінде оқшаулап, сонан кейін жіктеудің сатыларына жауапты гендердің қызметтерін талдауға болады.

Дамуды бақылаушы гендердің біртіндеп қосылу уақыты постплантациялық ұрықтануда және эмбрионды дене дақылында сәйкеседі.

Сондықтан жұлын жасушалар – жасушалық маманданудың молекулярлық механизмін зерттеуге арналған шын мәніндегі жақсы сынақтық үлгі.

Белсенді қызметті гендердің санын бағалайтын, молекулярлі-генетикалық микроэррэй әдісінің көмегімен жұлын жасушалар дақылдарын талдау көрсеткендей, механизмд іжұлын жасушаның бір клонында кем дегенде 1200 матрикалық РНН , РНК синтезделеді

Әр түрлі жұлын жұлын жасушаларда алдын-ала синтезделген Рнк ұқсас жиынтығы болады, сонымен қатар өзіндік мРНК-да бар. Осымен қоса ересек гематогенді ұлпаның жұлын жасушаларында мРНК-ның тұтас дерлік жиынтығы болатыны , ортагенез сатысындағы ұрық жапырақшасында болатын, анықтауға мүмкіндік туды.

Мезинхимальды, және мазодермалды шығу тегі бар, ұрық жапырақшасының жасушалардың жетілуін реттейтін басты гендердің мРНК- сәйкестендірілуі, сонымен қатар энто және энтодермаларда сәйкестендірілді.

Реттеуші гендердің көпшілік мРНК-сы жұмыртқа жасушасында және ұрықтың жасушасында кездеседі. Сондықтан жұлын жасушалары да онтогенездің жалпы принципі – алдын ораушы гендердің жұмысы, яғни дамудың соңғы сатыларында керек болатын мРНК синтезделетін айқындалады.

Біздің сарапханада Гейттинген университеті сарапханасымен бірігіп, нейрогендердің жаңа тобы ашылды. Олар мидың 5-ші – 6-шы қабаттарындағы нейрондардың түзілуіне қажет. Жұлын жасушалардың жіктелуіне жіктеуші ретінде белгілі бір мөлшерде микро және минисатилетті қысқа қайталанатын реттілік маңызы болуы мүмкін.

Подгорная О.В. ақуыздың барын анықтады, яғни оладың тандемді қайталауымен өзіндік байланысы хромотиннің з өлшемді құрылымының ерекшеліктерін анықтайды.

Білетініміздей осы құрылым ерекшеліктерінен гендер жұмысының өзіндік ерекшелігі тәуелді. Яғни біртіндеп қайталанатын жүйе жағдайы жұлын жасушаларын дифференциялауда басты қызмет атқарады.

Қазір белгілі болғандай жекелей жетілу иерархиялық ұйымдасқан ендік ұялы жүйемен реттеледі.Мұндай реттелудің ерекшелігін түсінуге жұлын жасушалар көмектеседі. Осымен байланысты мүшелік құрылымын қайта жобалау, жұлын жасуша негізінде үлкен қызығушылық тудырады.

М.Томоока басқа авторлармен жұлын жүйке жасушасына жүйке түтікшесі тектес, құрылымды алды, осыған ұқсас гиппокампаның диссоцирланған жасушасымен тәжірибені РАМН МИ институтында И.В.Викторов жасады. Сонымен қатар арнайы бағаналарда жасушаларды өсіру үшін талап жасауда.

Бұл жағдайда мүше тектес құрылым алынып клиникада олардың қолданылуы жүрер еді.

Бағаналы және камбиалді жасушалар.

Ағзадағы әрбір ұлпада ауру немесе қызметтің артық түсуінен ылғи еріп кететін жасушалық құрамды толтырып тұратын камбиалды жасушалардың қоры болады.

Жұлын жасушаларға дұрысыңқырақ қараса камбиальді жасушалардың ұмытылып бара жатқаны байқалады.

Ал шын мәнісінде камбиальді жасушалар ұлпадағы қалпына келтірудің тікелей қатысушысы. Оған мысал болатын- терінің өсу қабатының жасушалары .

Олар тері қабатының енді бөлінбейтін жасушаларының, әрқашан жұмсалатын ересек қорларын топ толтырып отырады. Жұлын жасушаларының ашылуына дейін әңгіме репорацияның осы әдісі жөнінде болды.

Камбиальді жасушалардың жүйкелі ұлпасында көбейе алатыны жоқ. Бірақ онда жас жасушалардың- нейробластардың резерві сақталады.

Олар өздерінің жіктелу қасиетінің арқасында әртүрлі ақауларды ,яғни перифериялық нерв жүйесінің немесе мидың сәйкес бөлігінің қызмет ету бейімділігін сақтай отырып толтырады..

Жұлын және камбиальді жасушалардың өзара қатынасы қалай регионалді бағаналы немесе прогениторлық жасуша камбиональды жасушаларға бастау бола ала ма және керісінше, осы процесс ағзада өте ме?

Қайта қалыптасу процестерінің дұрыс қалыпты жүруіне әсері және оның молекулярлық- генетикалық механизмі қалай? Осы сұрақтардың шешімінің маңызы зор болумен қатар, практикалық маңызға ие.

Әртүрлі эксперименталды жағдайда жұлын жасушаларды зерттеу, ағзада жүретін қайта қалыптасу процесінің өте маңызды механизмдерін көрсетуге, жауабын беруге көмектеседі.

Мұндай жұмыстар басталып кетті, атап айтқанда терінің эпителиі жабынының жұлын жасушаларында қорытындылары қарама-қайшы және пікірталас тудырады.

Мұнымен қатар мынаны ескеру қажет. Әртүрлі тиімділік дәрежесі бар ең бастапқы дифференциялау фазасына бірнеше бағдарлама қосылады, және жасуша лар тағдыры әлі біріңғай шешілген жоқ. Мысалы,

Катихоламинэргиялық бағытта дифференцияланатын жетілуші нейробласта тек қана католаминэргиялық бағыттағы компоненттер үшін мРНК сонымен қоса холинэргиялық жүйе компоненттері үшін мРНК синтезделеді.

Егерде белгілі бір уақытта аталған жасуша иннервелейтін катихоламинэргиялық нысана бағытын холиэргиялыққа өзгертсе, онда алдыңғы уақыттағы катихоламинэргиялық РНК –ның интенсивті синтез тежеліп, холинэргиялық РНК басым бола бастайды, нәтижесінде қайта бағдарламаланған жасушалар дамудың жаңа бағытына түскендей болады.

Ендігіжасушалар бөлінбейтін және белсенді маманданатын тері эпидермисының түкті қабатында кездесетін жұлын жасушалар, ошағы, мигранттары болуы әбден мүмкін

Адам эмбрионын жеке жүйке жүйесінде дифференцияланатын мұндай жасушалары маған кездескен.

Басқаша айтқанда жұлын жасушалардың айналу жағдайы мен олардың камбионалді жасушалармен өзара қатынасы, бір көргенде қарапайым көрінгенмен ол күрделі болады.

Жұлын жасушалары ашылуымен дифференциалану жөнінде көзқарас өзгерді ме? Кейбір авторлардың мәлімдеуінше әлі өзгерген жоқ.

Бірншіден кез-келген жұлын жасушалардың дифференциалануы, жалпы жасушалық ішінде бағаналы Дифференцияны бастағаннан кейін бөліну қасиетін жоғалтады, кем дегенде соңғы сатыларында және соңында жұлын жасушалары әрекетін зерттеуі , жасушалық дифференцияланудың тұрақтылығы мен өзгермейтіні плазматикалық нейроциттерден немесе қарынның периоталды жасушаларына ешқашан нейрон, ал нейроннан тері жасушасы туындамайтыны жөніндегі көзқарасты өзгерте алмады.

Жұлын жасуша әртүрлі трасформацияға бейім болуы бұл тәртіпті бұзбайды, тек қана ерте эмбриоалдық жасушаларға тән мултипатенттікті байқатады.

Жасуша терминалдық дифференциялану сатысында тұрақты күйге енеді және бөліну қасиетінен айырылады, және өзгеріске ұшырамайды.

Ересек ағзадағы жұлын жасушалардың ашылуы не берді? Ол біздің ұлпа қалыптасуы және қайта қалыптасу процесстерінің өту механизмі жөніндегі біздің көзқарасымызды өзгертті.

Жаңа және өте маңызды қорытынды шығарылды. Жетілуге жоғары мүмкіндігі бар эмбриоалды ересек ағзаларда сақталады.

Онымен қоса бұрын байқалмаған репоротивті процесстердің тізбегінің бөлігін құрайды.

70-ші жылдары ересек тышқанның бауырындағы эмбриоалдық жасушалардың сипаттап отырып, дамудағы гендердің өз әрекеті кітабында олардың жетілуге үлкен потенциалы барын және репорацияда белсенді қатысатынын болжамаппын.

Жұлын жасушалардың ашылу, осы кезге дейінгі ұлпадағы реппоративті процесстердің сызбасын өзгерту қажеттігіне әкелді.

Ересек ағзадағы жұлын жасушалардың бар екенін байқататын жаңа сызбаның керектігіне қабатын 10 пайыз, жұлын жасуша, ал 61-интегрин, осы жасушалардың өзіндік маркері осы қабат клеткаларының 40 пайызы болады.

Осыған байланысты тері жұлын жасушаларының өзара айналуы мен трансформациясы жөніндегі хабарлама күрделі тәжірибелік тексеруді қажет етеді.

Трансдетерминация және трансдеференциялау. Жұлын жасушалардың үлкен әлеуетіне байланысты, трандетерминация мүмкіндіктерінен шатасу туады. Нәтижесінде гистологиямен эмбриологиядағы бекіген терминологиялық тәртіп шайылып, мәні жоқтаулармен саудаласуға мүмкіндік ашылады.

Егер жұлын жасушалардың әртүрлі бағыттағы транформациясын анығында. Трансдеференциялау деп белгілесек онда шешілмес дауға дифференцияровкалау тұрақтылығы мен міндеттілігі жөніндегі көзқарасымыз жойылады.

Шын мәнісінде қалыптасқан көзқарастарды теріске шығармауға негіз жоқ. Бөліну қасиеттерінен айырылған , және жетілудің анық бір жолына түскен жасуша басқа өндірушіге бере алмайды. Ядроны реппрограммалауға жету оңай емес.

Басқа цитоплазмада қайта көшірудің өзі де әр уақытта сәтті болмайды. Жұлын жасушалардың трансформациялаудың тіркелген оқиғалары басқа жағдайға – трансдетерминацияға қатысты.

Бұл процесс эксперименталдық эмбриологияда атақты швейцариялық эмбриолог және генетик Эрнест Ходорнның еңбектерінің арқасында мәлім болған. Көптеген еңбектерде сипатталған гениалді жасушалардың нейронға айналу глиоциттер популяциясының гетерогендігімен түсіндіріледі.

Яғни, олардың кейбіреуі камбиалдық қасиеттерін сақтай алады, кейде жасушалығын сақтайды. Мұндай жағдайда табылған феномен таңдануды тудырмайды. Мысалы, радиальный глия деп аталатын жасушалар, антогенездің бастапқы сатыларында деференцияланушы жүйке жасушасының миграциясына субстракт болып қызмет ететін, нейрондарға айналады.

Алайда соңынан анықталғандай, шын мәнісінде радиалды глия жасушалардың популяциясы гетерогенді, жасушаның бір бөлігі нейралді маркерлер құрайды.

Ал бір бөлігі глиалды құрайды. Басқаша айтқанда алғашқыда радиалді глиа жасушалары бір немесе басқа уақытша қызмет атқаруға қарамастан ол әр түрлі бағытта дамуға детерминерленген.

Яғни, олардың трансформациясы нәтижесінде табылған феномен трансдиференцировка емес, трансдетерминация жұлын жасушалар қалайша өздерінің, жастығын қалай ұстап тұрады.

Жұлын жасушалары шешуге көмектесетін ең жалпы биологиялық мәселелердің бірі-жасушаның бөлінуі барысындағы детерминерлік күйді ұстап тұрудың генетикалық механизмі және олардың дифференцировкаға шығуы.

Оны 50-ші жылдары Э.Ходорн шындап мәселе етіп қойған, алайда әлі шешілмеуде. Жасушаның детерминерлі күйден дефференцирлі күйге өту кезіндегі молекулярлы генетикалық жағдайына жақында анықтылық киргізуге мүмкіндік туды.

Біздің отандасымыз Н.Тулина байқағандай мұндай ауысу үшін жұлын жасушалардың сүйреуші жасушалармен олар жататын өзара қатынасы өте маңызды.

ӘОЖ 637.146.23

ҚЫМЫЗДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ

Л. Бертілеу - студент
Ғылыми жетекшісі – Р. С. Садыков а-ш. ғылымдарының канд.
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға - ем, сауға -қуат дәрі қымыз.
Сапырған далам, қалам бәрі қымыз,
Жайлаудың бүгін болды сәні - қымыз.
Жамбыл

Ең алғашқы қымыздың қолданылуы энеолит уақытына (5500 жыл бұрын) сәйкес келеді. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениетінің тарихи ескерткіштерінің арасынан қымыздың қыш құмыралары табылды. Б.з.д. 5 ғасырда грек тарихшысы Геродот, көшпелі скифтер бие сүтінен қымыз даярлаған – деп жазды. Қымызды даярлау, оның мәні және адам организміне тигізетін әсері жөніндегі алғашқы жазба деректерді 1256 жылы татар жеріне саяхат жасаған француз Вильгельм Рубрук қалдырған. Қымыз жөнінде Италия саяхатшысы М.Полоның да естеліктері бар, ол қымызды татар халқының ең нәрлі сусыны деп атады және қымыздың дәмділік қасиетін атап көрсете отырып, оны «Ақ шарапқа» теңеген.

Қымыз - биенің ашыған сүті. Қымызды ашытып, баптау - өте күрделі процесс. Қазақтар қымызды көбінесе жылқы терісінен жасалған сабада, месте, торсықта немесе шетен шелектерде ашытады. Қымызды ашыту қорын сол қымыздың өзінен жасайды. Күзде сабадағы, местегі немесе торсықтағы қымыз тұнған кезде ыдыс түбіне қымыздың қоюы жиналады. Міне, сол қоюын мата дорбаға құйып, салқын жерде келесі маусымға дейін сақтайды. Жаңа сауылған бір шелек бие сүтіне бір ожау сақталған қордан салып, бір тәулік жылы жерге қою керек. Содан соң осы қор үнемі қымыз ашытуға пайдаланылады. Қымыздың жақсы болуы ыдысына, ашытылуына, ұсталу бабына байланысты, қымыз әдетте соғымға сойылған жылқының қыртысы зақымданбаған, жүні қырқылған, шыңылтырланған терісінен тігілген саба (мес) ыдысқа ашытылады. Құрымда қынада жатып шымырланған теріні тобарсыған соң сыйымдылығы жөнінен түрліше формаға келтіреді де, 25-30 күн ыстыққұмға көптеп кептіреді. Жылқының сұр болған майын жағып сіңіреді. Маман ысшылар арнайы ыдыспен әр түрлі шөп бұталардың (тобылғының, қайыңның, аршаның), т.б. түтігіне ыстап, 15-25 күн ұстайды. Ол ыдыстар көлемі жағынан түрліше (торсық сыйымдылығы 10 литрге дейін, сүйретпе сыйымдылығы 30 литрге дейін) саба ағаштан жасалған (қарағайдан басқа) күбіге де қымыз ашытады. Еменнен жасалғаны жақсырақ болады. Қызыл аршадан жонып, қазы майын сіңіріп кептірген піспек, қымыз ожау, бие шелек, тегенелерді де майлап отырып ыстайды. Осылай бабына келтірілген саба, торсықтар 5-6 ай жібімей, базданбай, сіңген ыстың иісін, дәмін сақтай алады. Бұл ыдыстарды жел қағып құрғақ сақтау үшін арнаулы саябақтың үстінде ұстап, олардың қайсысын болмасын мезгіл-мезгіл тазалап жуып, кептіріп, қайталап ыстайды.

Қымыздың алғашқы ашытқысын қоры дейді. Оны бие сүтіне сұр қазының қабырғасын, жылқының ашыған сұр жаясының жұлынды сүйегін не малта салып, бөлек ашытып алады. Содан кейін сабадағы осы қорды сарықпай биенің жылы сүтін саумалдап жаңартады. Жаңа сүт құйған сайын 20-30 минуттей пісіп, жаңа сүтпен қорды араластырып, іртігін жазып, ашуын басып отырады. Көп сапыру арқылы қымызға таза ауа (оттек, азон, т.б.) көп сіңіріледі.

Қымыз тәулігінде ашуы жетіп сапыруға жарайды. Дұрыс ашыған қымыз іртіктеніп, боршып көпірмейді, су жиектеніп тұнып, кілегейленіп шұбатылмайды, көкаяз кермек дәмі болмайды. Тіл үйіріліткен ашымал дәм, сұр саумал майының иісімен қосылып, тек қымызға тән көкірек сарайынды ашатын хош иісі аңқып тұрады.

Қымыздың шипалы, емдік қасиеттері. Қымыз шипалы сусын ретінде өте ерте заманнан белгілі.

Орыс ғалымдары Г.А.Захарин, С.П.Боткин XIX ғасырда қымыздың шипалық, емдік қасиеттерін, құрамын зерттеген. Бұл ғалымдар "Қымыз адамның денсаулығын күшейтетін және ауруды бәсендететін тағам" деген ұғымға келген. Емдік қасиеттеріне байланысты қымызды әр түрлі ауыр ауруларды емдеуге қолданады. Мәселен, өкпе аурулары мен туберкулезге қарсы таптырмас ем. Онан бөлек асқазандағы және ұлтабардағы жара, қантышқақ, ішсүзегі, асқазан қышқылы төмендегенде, ас қорыту секторлары бұзылған жағдайда, қан аздық, қырыққұлақ сияқты ауруларды емдеу үшін қолданылады. Қымызға жоғары баға бергендердің қатарына Лев Толстой, А.С.Пушкин және атақты ғалым В.И.Даль пікірін алға тартсақта жеткілікті. АС.Пушкин қымыз жөнінде былай деп жазған: "Қымыз бие сүтінен жасалады: Бұл сусын - тау халықтары мен Азияда көшіп жүретін халықтардың жаппай ішетін сусыны. Оның дәмі жақсы және денсаулыққа барынша пайдалы деп есептеледі". Денсаулыққа пайдалы және ұзақ жасауға көмектесетін бұл сусын халықтық медицинада өкпе ауруларына ем ретінде пайдаланып келген. Қымыз адамды жүдететін созылмалы ауру кезінде денеге қуат беретін ем ретінде пайдаланылған. Дәрігерлер қымыз спиртін безгек ауруына ұшырағанда және жөтелгенде ішуге ұсыныс жасап отырған.

Қымыздың құрамындағы қоректік заттары (белок, май, қант) толық 95% қорытылады, себебі оның құрамындағы алькогол мен көмір қышқылы ішекқарын жүйесінің сіңіргіштік қасиетін арттырады. Қымыздың науқастың тәбетін ашатын В, B^2, Р, С витаминдері көп болады. Сондай-ақ оның антибиотиктік қасиеттері организмнің инфекцияға төтеп беру қабілетін күшейтеді. Қымызбен емдегенде қанда гемоглобин, эритроцит көбейеді. Холестерин құрамы өз қалпына келеді, тамырдың соғуы жылдамдап, қан айналымы көтеріледі. Осыған орай жүрек, қантамыр жүйесінің жұмысы жақсарады. Қазақстанда қымызбен емдейтін орындар Көкшетау, Семей, Алматы облысында ұйымдастырылған. Қымызбен емдеу ережесі

Қымызды алғашқы кезде тәулігіне 6-рет 100 мл-ден (қатты наукас адамдарға 50 мл), кейін 250 мл дейін береді. Организм қымыз ішуге үйренгеннен кейін оның мөлшерін 2-3 литрге дейін жеткізуге болады. Қымызды тамақ алдында 1-1,5 сағат бұрын ішу керек. Биенің жаңа сауылған сүтін де емдік ретінде пайдаланады. Бұл ем көбінесе ауру салдарынан әлсіреген, арықтаған, қан азайған, туберкулез ауруына шалдыққан адамдарға қолданылады.

Жылқы туралы сөз қозғағанда елең етпейтін қазақ жоқ. Жылқы малы мүшелдік 12-жылдың құрамына қасиетті 7-ші жыл болып енген. Мұның өзінде үлкен мән бар. Бұл жылда айтылатын бата-тілектерде жылқы түлегінің қадір-қасиеті алдымен ауызға алынады. Мысалы: "азаматтарымыз аттан түспесін, қазандарымыз оттан түспесін", "бұл қазаққа қанат болған жүйрік ат, бұл қазаққа жақсы ән мен күй мұрат". Әсіресе, ақын-жыраулар, би-шешендер жылқы малы туралы жүрек тебіреністерін ерекше айшықты өрнектер арқылы жеткізген.

Қымыз дайындау технологиясы, гигиенасы

Қымыз дайындау технологиясы, гигиенасы және вет.сан. сараптау Қымыз-қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Бие сүтінен даярланатын қымызды көптеген көшпелі халықтар- қазақтар, қырғыздар, башқұрттар баяғы заманнан білген. Қазақтың ертедегі көшпелі өмірінде ауруға ем болып, сауға қуат берген осы қымыз. Бие сүтінде ққнт қант көбірек болады, оны жаңа сауған сүттің дәмін татып көруге болады. Бие сүтінің қымыз болып ашуына себеп болатын да осы қасиеті. Ашыған қымызда 3-4 % дейін таза спирт болады. Бие сүтінің химиялық құрамы процент

есебімен алғанда мынадай болып келеді: сүттегі қант-6.7%, жалпы белок-2.0 %, казеин-50.7%, минералды тұздар-0,5%, май- 1.3-2.0%, витаминдер: А вит.- 0.125-0.832мг, С вит.- 97-135мг,В тобындағы витаминдер, Д вит., Е вит.-0.65-1.05 мг Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де адамның бойына жақсы сіңеді. Майы дәмді, белогы жұғымды. Аз шамада кездесетін сүт және көмір қышқылдары адамның тәбетін ашып, асқазанның жақсы жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Бие сүтінде «С» витамині мол болады. Сондықтан да туберкулез ауруынан емдеу үшін айрықша жоғары. Сондықтан да туберкулезді қымызбен емдейтін ең алғашқы курорт 1858 жылы Самара қаласының маңында ашылған. Қазіргі медицинада қымызды антибиотиктермен және басқа да дәрі-дәрмектермен байланыстыра отырып, өкпе, сүйек және бүйрек туберкулезін, жүрек, қан тамырлары ауруларын емдегенде, сондай-ақ витаминдер жетіспегенде, зат алмасу бұзылғанда қолданады. Антибиотикалық дәрі- дәрмектер қымыздың құрамындағы:витаминдермен, коректік заттармен, ашытқылармен қосылып организмге оңай сіңеді. Өзінің адам организміне жасайтын күрделі және әр жақты әсеріне қарай қымыз тіршілік көзі ретінде ықпал етеді және маңызды тамақ өнімі болып табылады. Қымыздағы тағамдық және емдік қасиеттердің мұндай байланысы бүгінде өзге өнімдер мен сусындардың ешбірінде де кездеспейді.

Қымызды жүйелі түрде қабылдаудың әсерінен өкпенің сиымдылығы, кеуде клеткаларының шеңбері ұлғаяды, тыныс алу, зат алмасу жақсарады, қан құрамындағы гемоглабин мөлшері артады, лейкоцит саны артса, қайта қалпына келеді, эритроциттердің шөгу реакциясы жиілеген болса, қайта төмендейді. Нерв жүйесі де қымыздың әсерінен тыс қалмайды. Қымыз ішкен-адамның бойында сергектік пайда болады. Бие сүтіндегі белоктардың биологиялық және емдік қаситтері. Казеин – негізінде ірімшік, сыр және т.б. құнды тағамдар дайындалады. Қазақы бие және желгіш будан сүтінде де орта есеппен казеинге қарағанда сарысу белоктары көбірек болады. Мұны К.И.Дүйсембаев пен Ғ.М.Мендіханов жасаған кестесінен көреміз. Казеиннің сарысу белоктарына қатынасы қазақы биелер тобы үшін. Қазақы бие Желгіш бие Сауылған айлары кзеин сарысу белок казеин сарысу белок

1	0,82+0,01	0,89+0,09	0,79+0,04	0,95+0,12
2	0,71+0,05	1,00+0,03	0,70+0,05	1,02+0,09
3	0,78+0,05	1,22+0,07	0,90+0,07	0,96+0,08
4	0,92+0,06	1,02+0,06	0,99+0,02	0,90+0,10
5	0,94+0,05	1,13+0,07	0,95+0,04	0,97+0,08
6	097+0,04	0,91+0,06	0,95+0,04	0,94+0,05
7	0,76+0,05	1,01+0,05	0,68+0,05	1,07+0,08
Орта есеппен	0,84	1,03	0,85	0,97

Лактоферрин- полифункционалды белок. Ол антиканцерогендік эффектпен қатар, жоғары антибактериалдық, антивирустік, детоксикациялық және қабыну процесне төтеп бере алатын қасиетке ие. Сонымен қатар табиғи иммунитетті реттеп, организмде қатерлі ісіктердің пайда болуын тежейді. Лактоферрин негізінде бірнеше емдік препараттар дайындалған. Солардың бірі Лапорт, әйел сүтінен Р.И.Якубовскойдың жетекшілігімен П.А.Герцен атындағы «Мәскеу онкологиялық институтінде» алынған.

Лактоферриннің полифункционалды қасиеттері
↓

↓↓↓↓↓

Антикан- Антибак- Антиоксид- Интерлейкин- Фагоцитоз-

церогенді териалды анттық дерді синтездеу ды күшейту
Рак клетка-н Иммунитетті Токсиндерді, пероксидтерді,
өсуін тежейді күшейтеді бос радикалдарды жою.
Лактоферинді қолдану бағыттары:
1. күйіктерде;
2. артритте;
3. ісік ауруларында;
4. асқорыту мүшелерінің ауруларына.
Қымыздың түрлері:
Уыз қымыз- жаңа құлындаған биенің уызынан ашытылған қою қымыз;
Бал қымыз- бал, қант секілді тәтті қосылып жуасытқан қымыз;
Құнан қымыз- үш тәулік ашытқан қымыз;
Дөнен қымыз- төрт тәулік ашытқан қымыз;
Асау қымыз- бесті қымыздан да күшті қымыз;
Түнемел қымыз- қоры мол ыдысқа бие сүтін құйып, пісіуін жеткізген, содан соң арнаулы торсыққа қотарып алып,екінші тәулікте сапырылған қымыз;
Жуас қымыз- баяу ашыған немесе саумал қосқан қымыз;
Қысырдың қымызы- тайы еміп жүрген қысыр биенің қымызы;
Қорабалы қымыз- мол қордың үстіне күн сайын сүт құя отырып, бірнеше күн жинаған қымыз;
Сары қымыз- шілде айында шөп әбден пісіп, биелер қоң жинаған кездегі қымыз;
Сірге жияр қымыз- бие суалар кезде бірнешекүн жиналған қымыз;
Саумал- енді ғана аши бастаған немесе ащы қымызға биенің жаңа сауылған сүтін құйып, пісіріп, жұмсартқан тұщы қымыз.
Қымыз дайындау технологиясы:
-сүтті қабылдау, өлшеу;
- сүзу;
- ашытқыны әзірлеу;
- сүтті ашыту;
- қымыздың жетілуі;
- араластыру;
- шөлмектерге құю және тығындау;
- газдау ;
- салқындату және сақтау.

Сүтті әзірлеу. Қымыз жасалатын сүт «СТ РК 1005 – 98» бойынша мал дәрігерлерінің бақылауына алынған дені сау биелерден сауылуы керек. Ол сүттің қышқылдығы 7-10° Т және майлылығы 1%-дан кем болмауы керек.

Ашытқыны әзірлеу. Қаймағы алынған сүт екі шағын шөлмекке құйылып, аузын тығынмен жауып, 65°С температураға дейін ысытылған суы бар кастрюльге салып қойылады. Су 30 мин бойы ысытылады да, шөлмек судан алынады. Алғашқы шөлмекке құйылған сүт 26°С дейін салқындатылып, оған агарда өсірілген ашытқы салынады. Ал, 40°С дейін салқындатылған екінші шөлмектегі сүтке сүт қышқылды таяқшалар салынады, содан кейін екі шөлмек те мынандай тәртіппен термостатқа қойылады : ашытқы қосылған шөлмек 15-18 сағ. 28-30°С температурада, сүт қышқылды таяқшалар бар шөлмек 5-7 сағатқа 35-37°С температурада сақталады. Осыдан соң екі шөлмектегі ашытқылар араластырылады ды, оған 100 мл биенің жылы сүті құйылады. Алынған қоспа 15 мин шапшаң араластырып шайқалады.

Ашыту. Сүтті ашыту үшін сүт қышқылы мен спирттің өзара бір мезгілде қосылып, ашуына қолайлы жағдай жасау керек. Бұл үшін ашытқыны жас сүтке қосқанда қоспаның жылылығы 26-28°С болып, қышқылдығы 45°Т жуық болғаны жөн. Әдетте ашытқыны сүтке емес, сүтті ашытқының үстіне құю әдісі ұсынылады.

Қымыздың жетілуі. Сүтке қор қосылған соң қоспаны қышқылдығы 65-70°Т көтерілгенше жетілуге қойылады. Бұған 2-ден 5 сағатқа дейін уақыт қажет.

Әдетте қымызда 0,2 – 2,5 % этил спирті бар. Ал табиғи нағыз қымыздың құрамында 4,5%-ға дейін спирт болады. Қымыздық ашыту кезінде ақуыз тез қорытылатын заттарға айналады, ал сүттік қант – сүт қышқылынан этил спиртіне, көмірқышқылына және бірнеше ароматтық заттар қатарына айналады. Бұның барлығы қымыздың жоғары құнарлылығын жеңіл игерімділігін, жағымды дәмділігін және хош иістілігін қамтамасыз етеді.

Дәрумендер	Тиамин(B_1)	Рибофлавин(B_2)	Пантотен қышқылы	Фолия қышқылы	Биотин	Витамин С
Қымыздағы құрамы мкг/л	203,4	375,0	2010,0	265,0	1,2	93,2

Қымыз терапия – қымыздың емдік мақсатта қолданылуы. Ерекшелігі жеке индивидуалды түрде белгіленген кесте бойынша қымыды дозалы түрде климаттық жағдайға қатысты арнайы жабдықталған курорттарда ұйымдастырылуы.

Қымыздың ішілуі индивидуалдық график бойынша белгіленген көлемде қолданылады. Күніне 6 рет 100 мл (кейде 50 мл) қолданудан басталып, бірте-бірте күндік мөлшері 2,5 л дейін жетеді. Қымызды бөлме температурасында, аз-аз жұтымнан, аш қарында ішу пайдалы. Келесі қолданылымдарында таңғы ас пен түскі астан 30 мин бұрын болмауы керек. Қымыздың ішілуі кешкі асқа дейінгі 1,5-1 сағат бұрын тоқтатылуы керек.

Ең алғашқы қымыз емдік санатория 1858 жылы Н.В.Постников дәрігерінің ашуымен Самара қаласының маңында пайда болған. Постников үш-ақ қана сөз арқылы осы сусынның ғажап қасиетінің адам ағзасына пайдасын атап өткен: «nutril, roborat, etalterat» - «нәрлендіреді, күшейтеді, жаңартады». Кейінірек қымызханалар Бурятия, Қырғызстан, Қазақстан, Башқұртстан елдерінде пайда болды.

Қымыздың емдік қасиеттері мен қолданылуы.

Қымыздың емдік қасиеті Н.В. Постниковтың 1858 жылы «Туберкулез және басқа ішкі ауруларға» арналған санаторияның ашылуымен зерттелініп, анықтала бастады. Бір жылдан кейін Нефтель деген дәрігер Орынбор қаласындағы әскери госпитальда туберкулезбен ауыратын 15 солдатты емдеген болатын. Сол кездегі дәрігерлер қымызды осы аурудың ең мықты дәрісі ретінде таныды.

Қымыздың адам ағзасындағы үрдістерге және жеке органдарға әсер етушілігі жекелей анықталды.

- Қымыздық ашытқылар ашу кезінде туберкулез таяқшасына қарсы антибиотиктік қасиет көрсететіні анықталды.
- Қымыз асқазанның секреторлық қызметін және басқа да ас қорыту мүшелерінің қызметін қалыптандырады.
- Қымыз асқазан және он екі елі ішек жарасы кезінде, сонымен қатар дезинтериялық жағдайда эффектілі көрсеткіштер көрсетеді.
- Қымыз бактерицидтік қасиетерге ие, соның ішінде E.Coli. және де тағы басқа патогендік микробтарға қарсы қасиетке ие.
- Қымыздық емделу қанға да пайдалы әсер тигізеді: гемоглобиннің құрамы артады, лейкоциттік формула жақсара түседі.
- Қымыз нерв жүйесіне оң әсер етеді. Жақсы қымыз өзіндік жағдай туғызады: кішкене шаршаңқырау пайда болып, кейін тыныш ұйқыға ұласады және жоғары тітіркенушілік жойылады. Осылайша, қымыздың қолданылуы туберкулез, цинга, гастрит, асқазан асты безі және қаназдық, жүйкелік ауру және жүрек-қан тамыры аурулары кезінде тиімді әсер көрсетеді. Адам ауруларынан басқа жануарлардың – диспепсиясы кезінде және жаралардың тез жазылуына септігін тигізеді.

УДК 504.4.054; 504.4.06

АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ ПОПУЛЯЦИИ СУДАКА УРАЛО-КАСПИЙСКОГО БАССЕЙНА

Ж. Б. Бисембаева, Г. Г. Мурзашева - магистранты
Научный руководитель - А. Ш. Канбетов, канд. биол. наук, профессор
Атырауский институт нефти и газа

В последние годы в результате происходящих в Урало-Каспийском бассейне природные изменения привели к существенному перераспределению запасов полупроходных в водоеме, которые находятся в удовлетворительном состоянии.

На контрольно – промысловых участках («Бугорки», «Еркен – Калинская», «Малая Дамбинская») проводились исследования по динамике нерестового хода судака. Отбор ихтиологических проб осуществлялся в дни дневок за счет лимита природопользователей. В период нерестовой миграции рыб изучалась качественная характеристика рыб их численность, соотношение полов, стадия зрелости гонад рыб [1].

Уловы судака в 2007 году были несколько выше, чем в предыдущие годы. На состояние 18 сентября 2007 года судака было выловлено 429,1 тонн, что составляет 27% от общего лимита (таблица 1).

Таблица 1 – Уловы судака в р. Урал и предустьевого пространства, тонны

Район промысла	Годы					
	2002	2003	2004	2005	2006	2007
Р.Урал	749,5	543,2	730,3	720,6	1166,9	349,1
Предустье	132,5	95,52	265,9	563,5	594,5	79,97

Уральский судак распространен в восточной части Северного Каспия и предустьевом пространстве. Только в период нереста и зимовки он мигрирует в р. Урал. Обычно с конца лета половозрелые производители судака, обладая высокой упитанностью, заходят в р. Урал для зимовки. Зимуют они в глубоких местах и ямах нижнего течения и дельты. Осенняя миграция судака происходит в течение сентября, октября и ноября. Осенью заходит в реку 75 - 80% нерестовой части популяции судака, а оставшаяся часть заходит ранней весной следующего года.

Наблюдения за динамикой нерестового хода весной 2007 г. свидетельствует о том, что судак вылавливается с первых же дней весенней путины (таблица 2).

Таблица 2 – Динамика нерестового хода судака на реке Урал весной 2007 году

Пятидневки	Тоня « Малая Дамбинская»					тоня « Еркин-Калинская»		тоня «Бугорки»	
	апрель	май	июнь	июль	август	апрель	май	апрель	май
I		1,38		2,5	34,4		1,88		14,38
II	169,0			1,3	22,6	0,75	4,6		14,13
III	45,5	2,0		2,6	2,7	32,5	2,13		11,13
IV		-	2,4			40,3	1,38	68,8	12,5
V	12,2		1,6			63,2		49,62	3,5
VI	1,75		0,9			9,25		23,0	
Средняя за месяц	57,2	1,12	1,6	2,1	19,9	35,8	2,49	47,11	11,13

Качественная структура судака за ряд лет представлена в таблице 3.

Таблица 3 – Качественная структура нерестовой популяции судака р. Урал за 2000-2007 гг

Годы	Длина, см			Масса, кг		
	Самцы	Самки	Оба пола	Самцы	Самки	Оба пола
2000	45,5	47,4	46,4	1,32	1,46	1,38
2001	47,3	51,9	49,5	1,46	1,91	1,67
2002	42,2	43,4	42,8	1,03	1,14	1,09
2003	40,8	40,6	40,7	0,89	0,91	0,90
2004	43,4	44,9	44	1,17	1,24	1,20
2005	42,9	47,1	45,2	1,06	1,41	1,24
2006	43,9	47,3	45,8	1,16	1,52	1,36
2007	39,5	43,5	41,3	0,84	1,20	1,00

Весной 2007 года на нерест в реку заходили производители судака размерами от 26 до 63 см, в возрасте 2 - 14 лет.

Размерный состав судака в неводных уловах, характеризуются доминированием рыб с длиной тела 30-40 см (56,3 %). Присутствие в уловах особей с размерами свыше 60 см не превышает 0,9 %.

В исследуемом году размерно-весовой состав нерестовый популяции судака р. Урал представлен особями от 34 до 67 см и массой от 0,48 до 4 кг (таблицы 4, 5).

Таблица 4 – Динамика размерного состава судака за ряд лет, %

Размерный класс	Годы						
	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
19-22	-	0,4	-	-	-	-	-
23-25	-	2,6	-	-	-	-	-
26-28	-	3,6	3,8	-	-	-	0,4
29-31	0,3	5,6	6,3	1,1	-	-	1,5
32-34	1,1	7,8	10	1,4	7,7	-	6,4
35-37	12	14,1	22,1	14,7	28,2	5,3	17,9
38-40	33,2	13,2	27,5	22,6	26,5	9,4	31,2
41-43	35,2	20,3	21,2	12,9	7,7	24,5	16,6
44-46	16	15,4	6,3	12,2	4,3	21,1	8,8
47-49	0,8	12	1,6	9,7	8,5	17,5	4,7
50-52	1,4	4,3	-	13,6	4,3	12,2	4,5
53-55	-	-	1,2	6,8	5,1	5,8	5,1
56-58	-	0,7	-	4,3	6,8	1,2	1,7
59-61	-	-	-	0,7	0,9	0,6	0,4
62-64	-	-	-	-	-	0,6	0,6
65-67	-	-	-	-	-	1,8	-
68-70	-	-	-	-	-	-	0,2

Таблица 5 – Динамика весового состава судака р. Урал за ряд лет, %

Весовой класс	Годы						
1	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
	2	3	4	5	6	7	8
0-0,30	-	2,5	-	-	-	-	0,4
0,31-0,60	7,8	13,6	20	11,7	26,5	1,8	19,6
0,61-0,90	2,4	32,6	65	29,9	39,1	15,8	42
0,91-1,20	10,2	7,3	9	17,4	12,8	32,1	19
1,21-1,50	11,2	17,8	2,8	8,9	5,1	22,1	4,7
1,51-1,80	15	16,1	1,1	15,5	2,6	12,7	3,4

1	2	3	4	5	6	7	8
1,81-2,10	13,6	4,5	2,1	10,2	6	7	6,4
2,11-2,40	16	1,9	-	4,9	5,1	2,9	1,2
2,41-2,70	11,6	1	-	1,5	-	1,8	1,7
2,71-3,00	8,3	0,6	-	-	1	1,2	0,6
3,01-3,30	2,4	0,6	-	-	0,6	-	0,2
3,31-3,60	1,5	0,6	-	-	0,6	-	0,2
3,61-3,90	-	0,6	-	-	0,3	0,8	0,2
3,91-4,20	-	0,3	-	-	0,3	1,8	-
4,21-4,50	-	-	-	-	-	-	-
4,51-4,80	-	-	-	-	-	-	0,2
4,81-5,10	-	-	-	-	-	-	0,2

Возрастная структура судака в 2007 году особями от 2 до 14 лет, при этом средний возраст у самцов был несколько ниже, чем у самок и составил соответственно - 3,3 и 4,1 года (таблица 6).

Таблица 6 – Динамика возрастного состава судака за ряд лет, %

Возраст	Годы						
	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
2	-	2,2	-	2,1	2,44	1,9	16,6
3	4,1	17,5	8,3	17,2	52,4	20,8	38,8
4	5,6	32,5	35,8	38,2	25,6	30,7	26,7
5	23,9	24,2	32,8	23,4	6,1	21,4	7,7
6	24,8	19,8	18,4	8,5	6,1	12,6	4,5
7	12,6	0,8	1,9	8,5	2,46	5,7	3,2
8	10,8	1,2	0,7	2,1	3,65	2,5	1,5
9	8,8	1,5	0,8	-	1,25	1,9	0,4
10	6,7	0,3	0,9	-	-	0,6	0,2
11	2,7	-	0,4	-	-	1,9	-
12	-	-	-	-	-	-	-
13	-	-	-	-	-	-	0,2
14	-	-	-	-	-	-	0,2

Половая структура судака, по результатам исследований 2007 года, характеризуется превалированием самцов с соотношением 1: 1,29 (таблица 7).

Таблица 7 – Соотношение полов судака за ряд лет, %

Пол	Годы						
	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
Самцы	62,6	42,9	45,3	46,7	46,1	44,4	56,3
Самки	37,4	57,1	54,7	53,3	53,9	55,6	43,7

Показатели средней абсолютной плодовитости судака в 2007 году составили 196,2 тыс. икринок.

Качественная и количественная структура популяции судака имела некоторые отклонения от средних многолетних показателей, но на столько, чтобы могли повлиять на промысловый запас.

Литература:

1. Правдин, И.Ф. Руководство по изучению рыб. / И.Ф. Правдин /М.: Пищевая промышленность, 1966.–376с.

УДК:619:616.995.132

ДИКТИОКАУЛЕЗ КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА, ОСЛОЖНЕНЫЙ БРОНХОПНЕВМОНИЕЙ

А. А. Валитова - студент
Научный руководитель - Р. С. Кармалиев, канд. вет. наук, доцент
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Среди мероприятий, способствующих росту поголовья крупного рогатого скота и повышения его продуктивности, важное значение имеет предупреждение и ликвидация инвазионных заболеваний. В Приуральном районе Западно Казахстанской области одним из распространенных заболеваний является диктиокаулёз. Он наносит большой экономический ущерб хозяйствам района. [1,2,3]

Правильное проведение ветеринарных мероприятий, внедрение в хозяйственное производство новейших достижений ветеринарной науки создает реальные условия для получения дополнительного количества мяса и молока.

ТОО «Асан» благополучно по большинству инфекционных и инвазионных заболеваний крупного рогатого скота. Однако, уже не первый год оно является стационарно неблагополучным по диктиокаулезу. Это и послужило поводом для выбора ТОО «Асан» для выполнения данной работы.

Диктиокаулез - заболевание легких, вызываемое гельминтами, паразитирующими в дыхательных путях. Основным возбудителем диктиокаулеза крупного рогатого скота является специфический для него вид Dictyocaulus viviparus. Кроме того, у крупного рогатого скота может паразитировать вид, паразитирующий у овец и коз – Dictyocaulus filaria. Последний вид у крупного рогатого скота, провидимому, встречается весьма редко и едва ли для него имеет большое практическое значение. [4,5]

Материалы и методы

Исследования проводили в условиях ТОО «Асан» на землях бывшего Исмаевского спецхозобьеденения Приурального района города Уральска. Для выполнения поставленных задач нами был подобран ряд общих и специальных методов исследования. Они включали в себя анализ причин возникновения диктиокаулеза который был осложнен бронхопневмонии в хозяйстве, клинические и лабораторные исследования.

Инвазированность определяли по методу Метод Бермана и Орлова для диагностики диктиокаулеза и других нематодозов. С этой целью использовали оборудование: модифицированный аппарат Бермана. Пробы фекалий (10 г) помещают в воронки аппарата Бермана на металлической сетке или завернутыми в кусочки марли (лучше на сетке). Предварительно воронки заливают водой комнатной температуры. Аппарат с пробами крупного рогатого скота – на 12 часов. Личинки диктиокаулюса вида филярия более подвижны, чем вида вивипарус (последние выходят из проб с трудом из-за клейкости и большой вязкости массы). За это время личинки нематод выползают из пробы в жидкость и опускаются по трубке на дно пробирки или до места перекрытия трубки зажимом. Затем пробирки осторожно отъединяют от резиновых трубок и быстро, не вытряхивая осадок на дне, сливаю жидкость из каждой пробирки до осадка (воду можно отсасывать пипеткой). Пробирки ставят в штатив. После встряхивания осадок разливают на предметные стекла и микроскопируют при малом увлечение микроскопа. Если же применяют зажимы, то, ослабляя последние, наполняют пробирки водой, в которой могут находиться личинки нематод. Пробирки ставят в штатив на 20 минут для осаждения личинок. Затем воду из пробирки

сливают одним приемом до осадка. Осадок встряхивают, разливают на предметные стекла и микроскопируют. Личинки нематод подвижны и легко обнаруживаются.

Для определения методов лечения диктиокаулеза, осложненного бронхопневмонией использовали 69 голов крупного рогатого скота, инвазированных диктиокаулезом, с клиническими признаками бронхопневмонии. Всех животных разделили по принципу аналогов на 5 групп по 10 голов в каждой. Животных контрольных и подопытных групп подбирали, учитывая: породу, возраст, пол, живую массу и одинаковую зараженность (интенсивность, видовой состав гельминтов и т.п.). Все животные находились в одних и тех же условиях кормления и содержания. За неделю до обработки и до момента учета эффективности дегельминтизации подопытных и контрольных животных метили ушными номерами. Животные потерявшие метку выбывали из опытов. Для оценки антигельминтиков препараты животным вводили однократно, внутримышечно и перорально.

Первой - группе вводили перорально Фенкур 22,2%. 10 мг/кг.

Второй – группе вводили внутримышечно ивермек 0,1%. 0,2 мг/кг

Третьей – группе вводили фенкур 22,2% в той же дозе и одновременно внутримышечно гентамицин 4% в дозе 0,1 мл/кг.

Четвертой – группе вводили внутримышечно ивермек 0,1% и одновременно 4% раствор гентамицина.

Пятая группа - препарата не получала и служила контролем.

Результаты исследований

При исследовании 69 голов крупного рогатого скота определили, видовой состав и степень инвазированности животных гельминтами пищеварительного тракта и легких (таб.1).

Нами была установлена экстенсивность инвазии крупного рогатого скота диктиокаулами и стронгилятами пищеварительного тракта (таб.2)

Таблица 1 – Видовой состав гельминтов пищеварительного тракта и легких у телят

№	Вид гельминтов
1	Strongylata sp.
2	Nematodirus spathiger
3	Dictyocaulus viviparus

Таблица 2 – Инвазированность телят нематодами пищеварительного тракта и легких

№	Вид гельминтов	Исследовано голов	Заражено голов	ЭИ, %
1	Strongylata sp.	69	69	100
2	Nematodirus spathiger	69	20	28,9
3	Dictyocaulus viviparus	69	15	21,7

Эффективность методов лечения при диктиокаулезе крупного рогатого скота

Проводили сопоставление результатов (гельминтокопрологические исследования) до введения антигельмитиков и через 14 дней после дегельминтизации.

Результаты оказались следующими:

В первой подопытной группе, получившей фенкур 22,2% от диктиокаул освободились 5 голов крупного рогатого скота, экстенсэффективность составила 50% и у них наблюдали признаки бронхопневмонии.

Во второй подопытной группе, получившие ивермек 1% от гельминтов освободились 7 голов крупного рогатого скота, экстенсэффективность составила 70% и у них наблюдали признаки бронхопневмонии.

В третьей подопытной группе, получившей фенкур 22,2% одновременно с 4% раствором гентамицина выздоровело и освободилось от гельминтов 9 голов крупного рогатого скота, экстенсэффективность составила 90%.

В четвертой подопытной группе, получившей Ивермек 1% вместе с 4% раствором гентамицином все животные выздоровели от бронхопневмонии и освободились от гельминтов., экстенсэффективность этого метода лечения составила 100%.

В пятой контрольной группе все животные были инвазированы диктикаулами до, и после дегельминтизации и у них наблюдали признаки бронхопневмонии.

Таким образом, наибольшую эффективность 100% при диктиокаулезе телят, осложненного бронхопневмонией, показал метод лечения ивермек 1% с гентамицином. (таб. 3).

Выводы

1. При исследовании крупного рогатого скота определили, что видовой состав гельминтов пищеварительного тракта и легких состоит из Strongylata sp., Nematodirus spathiger, Dictyocaulus viviparus.
2. Экстенсивность инвазии телят нематодами пищеварительного тракта и легких составила Strongylata sp. 100%, Nematodirus spathiger 28,9%, Dictyocaulus viviparus 21,7%.
3. Наиболее эффективный метод лечения диктиокаулеза телят, осложненного бронхопневмонией является использование ивермека 1% одновременно с гентамицином 4%.

Таблица 3 – Эффективность методов лечения диктиокаулеза телят, осложненного бронхопневмонией

№	Группа животных	Количество голов	Антгельминтик	Способ введения	Доза	Препараты	Способ введения	Доза	Выздоровело голов	Эффективность, %
1	Подопытная	10	Фенкур 22,2%	Перорально	10 мг/кг				5	50
2	Подопытная	10	Ивермек 1%	Внутримышечно	0,2 мг/кг				7	70
3	Подопытная	10	Фенкур 22,2%	Перорально	10 мг/кг	Гентамицин 4% р-р	Внутримышечно	0,1 мл/кг	9	90
4	Подопытная	10	Ивермек 1%	Внутримышечно	0,2 мг/кг	Гентамицин 4% р-р	Внутримышечно	0,1 мл/кг	10	100
5	Контрольная	10	-	-	-	-	-	-	0	0

Литература

1. Абуладзе, К.И. Паразитарные болезни сельскохозяйственных животных / К.И. Абуладзе [и др.] – М.: Колос, 1990. – 464 с.
2. Кадыров, Н. Т. Паразитология и инвазионные болезни с.-х. животных/ Н.Т Кадыров - Астана, 2000. - 560 с.
3. Орлов, И. В. Практикум по ветеринарной паразитологии/ И.В. Орлов, Н.И Агринский [и др.] -Сельхозлит. - М., 1962 С. 54-55.
4. Шумаковича, Е.Е Гельминтозы жвачных животных. / Е.Е Шумаковича - М.: Колос, 1968. С. 150.
5. Скрябин, К.И. Гельминтозы крупного рогатого скота и его молодняка /К.И. Скрябин, Р.С. Шульц – М.: Сельхозгиз, 1937. - С.493 – 509.

ӘОЖ: 637.12:636.296

ТҮЙЕ СҮТІНІҢ ҚАСИЕТІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. Б. Габбасова - студент
С. М. Жумагазиева – а.-ш. ғылымдарының канд., аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Жергілікті тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемаларын шешу үшін жаңа қорүнемдегіш технологиялар негізінде жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті азықтық өнімдерді өндірудің маңызы жоғары дәрежеде.

Ауыл шаруашылық өнімдерін салыстырмалы қысқа мерзімде арттыруға Қазақстандағы мал шаруашылығының дәстүрлі салаларының бірі болып табылатын түйе шаруашылығы қабілетті.

Бұл жоғарыөнімді жануарлар аязға, жоғары температураға шыдамды, басқа ауылшаруашылық малы жей алмайтын өсімдіктермен қоректенеді, бірнеше тәулік бойы сусыз жүруге, сонымен қатар тұзды суды да ішуге қабілетті [1].

Түйелерді бағып-күтуге кететін шығындар көлемінің төмендігі оларды азықтандыруда арнайы азықты қажет етпестен жыл бойы табиғи жайылымдарда жайылуымен және құны арзан қора-жайда күтілуімен түсіндіріледі.

Түйе шаруашылығы Қазақстанның құрғақ далалы, шөлді және жартылай шөлді аймақты оңтүстік, оңтүстік-шығыс және батыс өңірінде дамыған [2].

Қазақстан ғалымдары қалмақтың бактриан түйелерін түркімен аруанасымен будандастыру арқылы қазақтың бактриан тұқымы түйелерінің тұқымдық және өнімділік қасиеттерін арттыру тәсілін жасап шығарды.

Әлемдік практикада тұңғыш рет түйелерді машинамен сауу технологиясы және түйелерді қырқу станогында «тұрып тұрған» күйінде электронды-механикалық тәсілмен қырқу әдісі жасалып, өндіріске енгізілді.

Түйе еті қоректілігі бойынша ірі қара етінен кем түспейді, ал сүті ерекше емдік қасиетке ие.

Қазіргі таңда халқымыздың азық-түлікке деген жоғары қажеттілігіне байланысты азықтың барлық әлеуеттік көздерін, әсіресе танымал емес, нашар зерттелген түрлерін жан-жақты зерттеу ұсынылады.

Соның ішінде түйе малынан алынатын сүт өнімдері. Інгеннің сүтін түркімен, қазақ, қарақалпақ және басқа Орта Азия халықтары тағам ретінде пайдаланады. Көп жылғы тәжірибе және қазіргі күннің ғылымы көрсеткендей, дәмділік және жұғымдылық қасиеттері жағынан түйе сүті сиыр сүтінен асып түседі, сонымен қатар інгеннен сауылатын сүт жергілікті сиыр тұқымдарынан сауылатын сүттен анағұрлым көп болады

Түйе сүті мен шұбат тұрғындар арасында үлкен танымалдыққа ие болғанымен, оның емдік қасиеті жүздеген жыл бұрын белгілі. Бірақ та оның химиялық қасиеті, азықтық және биологиялық қасиеті жеткілікті түрде толық зерттелмеген.

Шұбат дегеніміз сүт қышқылы мен спирттік ашыту жолымен түйе сүтінен алынатын сүт қышқылды сусын. Шұбат ашытуға ашытқы ретінде ащы, бөгде иісі не бөгде дәмі жоқ шұбат алынады.

Қазіргі таңда түйе сүтінен шұбатты дайындау, консервация және құрғату жолымен оларды ұзақ сақтаудың өнеркәсіптік технологиясы жасалды. Қазақстанда INCO-COPERNICUS бағдарламасы бойынша құрамында бар аминқышқылдарға, әсіресе линол және линолен қышқылдарына байланысты жүйе жүйесі қызметінің бұзылуы салдарынан туындаған ауруларды емдеуге шұбат қолданылады.

Сонымен қатар бұл өнім қарын жарасы, туберкулез, астма ауруларына қарсы ем. Ол қарынасты безі, бауыр, ішек қызметін реттеп, жүйке жүйесі мен иммунитетке беріктік қасиет береді. Дәрумен жетіспеушілік, қант диабеті, қан аздық, созылмалы гастрит, колит аурулары кезінде ішкенде шұбат құрамындағы А, В1, В2, С дәрумендерінің көзімен емдік әсер етеді. Ал, қант лактозасы мидың және жүйке жүйесінің қызметін қамтамасыз етіп, казеин адам ағзасы үшін сүттің басты ақуызы.

Арабтар шұбатты бактерицидтік қасиетіне байланысты ежелгі гректің махаббат құдайы Афродитаның жасартқыш құралы ретінде танып, тағам және дәрі түрінде қолданса, ертеде көшпелі халқымыз қойдың шикі терісінен иленген торсыққа шұбатты құйып, ерге байлап алып жүрген. Шындығына келгенде, шұбатты қыста ішкендер жылынып, ал жазда салқындайды. Оның құрамында аминқышқылдар, дәрумендерден басқа, кальций, темір, мыс, магний, мырыш, фосфор сияқты минералдық элементтер де көп. Шұбатты қымыз сияқты уақыт сайын шайқамай, қонаққа берер кезде сәл араластырса жетеді. Нағыз шұбат ерекше ақ түсті, қымызбен салыстырғанда қою және майлы (8% дейін).

Қорытындылай келе айтарымыз, қазіргі күні сүтті түйе шаруашылығы Орта Азия мен Қазақстанның бірқатар облыстарының тұрақтанып, тарихи қалыптасқан саласы болып саналады. Бұл саланың экономикалық тиімділігі өмірде де ақталып отыр. Бүгінде Шымкенттік ғалымдардың қазақтың ұлттық тағамы – шұбатты құрғақ түрде дайындайтын патенттің иегері атанғаны бәрімізге мәлім. Енді табиғи өнімнің аналогы таблетка немесе құрғақ қоспа түрінде шығарылады. Бірақ 6 сағатқа созылатын процесс нәтижесінде дайындалатын таблетка табиғи өнімді ауыстыра алмайтыны даусыз.

Әдебиеттер:

1. Мусаев, З. М. Развитие верблюдоводства в условиях Приаральской пустыни / З. М. Мусаев // Вестн. с.-х. науки Казахстана.- 1992.- N1-2.- С.74-77.
2. Бозымов Қ. Жылқы және түйе шаруашылығы: (Практикалық сабақтар). / Қ.Бозымов/ – Алматы: «Қайнар», 1993-181 б.

ӘОЖ 616-07:619:636.7

ИТТЕРДІҢ ВИРУСТЫҚ ЭНТЕРИТІН БАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ

А. Г. Дарменова - магистрант
Ғылыми жетекші – Қ. Ж. Кушалиев, вет. ғылымдарының д-ры., профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Жер бетінде кең таралған, тұқым түрлері 400 ден асатын үй иттерінің (canis familaris) халық шаруашылығындағы, жалпы алғанда адамның тұрмыс-тіршілігіндегі рөлі тым жоғары. Оларды қызмет ететін иттер, аң-құсқа түсетін иттер және сәндік иттер деп үш топқа бөледі. Біздің елімізде бұл жануарларды күзет пен бақташылық істерінде, ел шекарасын қорғаумен кеден қызметтері салдарында, қылмыстық істерді ашуда. Адам мен малды қорғау мақсаттарында пайдаланылады. Сонымен қатар, биологияда, медицина мен ветеринарлық медицинада иттер жиі зертханалық жануарлар ретінде пайдаланылады. Кейінгі жылдары еліміздің табыстары артып, әлауқаттың жоғарлауына байланысты қалада әуесқойлықпен үй жағдайында иттерді өсіру етек алуда шетелдерден асыл тұқымды иттер әкелініп, ит питомниктері ұйымдастырылып жатыр. Осы айтылған жәйттер ит санының көбеюіне әкелуде. Итті өлімге ұшырататын және әлемде етек алған «жас» инфекциялардың бірі иттің вирустық энтериті. Алғаш рет бұл ауру туралы жариялым бұдан 33 жыл бұрын (1976 ж) әуелі Белгияда, көп ұзамай АҚШ-та жарық көрген, кейін бірер жыл ішінде оның вирустық табиғаты (құрамында ДНҚ бар мүкісіз вовирус) түпкілікті дәлеледенген. Инфекция 3-4 жыл ішінде әлемнің көптеген елдеріне таралды. Морфологиясы мен химиялық құрамы-пішіні икосаэдр тәрізді, капсид симметриясы - кубтық, қарапайым, сыртқы қабықшасы болмайды. Құрамында белоктардың үш түрлері бар. Вирустың ерекшелігі - геномы - бір жіпшелі сызықшалы ДНҚ-лы. Төзімділігі. Физикалық, химиялық әсерлерге вирус төзімді. Эфирге,

хлороформға, дезинфекциялық заттарға, қоршаған ортаның әсеріне, ортаның pH-на, жылытуға төзімді. 60 °С-та вирус 1 сағаттан кейін бұзылады.

Шоғырлануы мен репродукциясы. Вирус ауру иттің миндалиндерінің лимфоидті ұлпаларының торшаларында, жіңішке ішектің эпителийлерінде көбейеді. Организмнен вирус нәжіс арқылы бөлінеді. Ауруға қарсы вакциналар мен аурудан емдеу әдістері ұсынылып, олар қолданылуда. Алайда, иттерді өлім-жітімге ұшыратып, ит қожалықтарын емдеуге қажет шығындарға мәжбүрлеу, шаруашылықтарды үлкен экономикалық зиянға ұшырататын иттің вирустық аурулары Орал қаласы мен оның маңайында кең таралған.

Орал қаласында иттің инфекциялық аурулары құрамында вирустық инфекцияның үлес салмағы 40 пайыздан асады деген дерек бар. Яғни, бұл жұқпалы ауру мәселерін зерттеудің өзектілігі күмән келтірмейтін өндірістік қажеттілік болып табылады.

Вирустық энтеритке шалдыққан иттерді балаудың негізгі міндеттері:

1. Вирустық энтеритке шалдығып өлген иттер мүшелеріндегі патологиялық анатомиялық өзгерістерді иттердің жасын, тұқымын және аурудың өту ұзақтығын ескере отырып зерттеп білу.

2. Вирустық энтеритпен ауырған иттердің ас қорыту, тыныс алу, несеп бөлу, иммундық мүшелерін гистологиялық және кейбір гистохимиялық зерттеулерден өткізіп, оларды туындаған өзгерістердің мән мағынасын сипаттау.

3. Иттің вирустік энтеритіне патанатомиялық диагноз қоюға мүмкіндік беретін морфологиялық нышандарды нақтылау.

4. Иттің вирустық энтеритін патоморфологиялық зерттеулермен ажырата тану ұстанымын анықтау.

5. Иттің вирустік энтеритінің індеттік ерекшеліктерін және клиникалық нышандарын жұмыстың негізгі мақсатына қосымша ретінде қысқаша сипаттау.

Иттердегі вирустық энтеритті тудырушы түрлі факторлар кездеседі: күтіп-бағудың дұрыс болмауы, азықтандыру мен тұрған жерлерінің дұрыс болмауы; стресстік жағдайлар – кенеттен қожайынын ауыстыру жағдайы, операциялар, вакцинация, ішек-құрт инвазиясы; ішек-қарын бұзылулары.

Негізгі даму жолдары.

Вирустық энтеритті ажырату келесідей сатылардан құралған:

- зақымдаушы дозаның мөлшеріне байланысты;
- зақымдану барысындағы организмнің физиологиялық жағдайы;
- өзге ішек патогендік микрофлорасының әсері.

Вирустың зақымдаушы басты жерлері бұл лимфа ұлпалары мен миокард және ішектің эпетилі қабаты болып табылады. Вирустың өзіне тән қасиетіне байланысты (геномының кіші көлемді болуына байланысты), оның белсенді репликациясына сай зақымдаушы клеткаларда активті метоболитикалық процесстер жүруі қажет


Энтерит- ащы және тоқ ішек бөлімдерінің қабынуымен сипатталады. Өту барысы бойынша жіті және созылмалы, патологиялық процесстің сипаты бойынша біріншілік және екіншілік болып бөлінеді [1].

Асқорыту жолдары арқылы енген вирус жұтқыншақ, шажырқай сөл түйіндерінде іркеліп, көбейеді. Нәтижесінде өліеттенген ошақтар пайда болады. 2-3 тәуліктен кейін виремия басталып әртүрлі ағзаларға лимфоидты ұлпалар және ішек эпителийін зақымдайды. 6- 10 күн аралығында ішек айтарлықтай қабынып, диареяның әсерінен организм сусызданып, организмнің интоксикациясы байқала бастайды. Организмде антигемагглютиндер, вирус бейтараптаушы комплемент байланыстырушы антиденелер пайда болады. Созылмалы энтериттің өзінде қарынның, ішектің, бауырдың, өттің моторлы-секреторлық қызметі бұзылу нәтижесінде гипопротеиннемия, дегидремия, организмнің интоксикациясы мен зат алмасудың тезарада бұзылуымен сипатталады. Ауру иттер өздерінің қоңдылығын жояды. Індеттке шалдыққан иттердің тәбеті болмайды, құсу әсерінен организм сусызданып, тілде ақ

дақтар пайда болады. Құрсақ қуысы ауырсынады, кей жағдайдаларда тік ішектің шығып кетуі байқалады.

Инфекцияланған сыртқы жыныс мүшелері арқылы енген микроб әсерінен зәрдің ұстамай қалуы мүмкін. Осы факторлардың салдарынан иттің жүн жамылғысы жылтырлығын жоғалтып, кейде сарғыш тартады [2].

Міне сондықтан асқорыту жолдарының патологиясын антибиотиктерсіз емдеу – қазіргі таңда актуальді мәселе болып отыр. Вирустық энтеритке шалдыққан иттердің ащы және тоқ ішектерінен гистологиялық кесінділер дайындау арқылы патоморфологиялық өзгерістерге сипаттама бердік. Вирустық энтеритке шалдыққан иттердің ішектеріндегі патологиялық өзгерістерді рентген аппаратынан анық көруге болады (сурет 1, 2).



1-Сурет – Ішектегі қабыну процессінің көрінісі (жаңғы көрінісі)



2-Сурет – Ішектегі қабыну процессі (арқа жағынан көрінісі)

Аурудың нақтылығын білу үшін алдын ала балау қажет:

1. Эпизоотологиялық – иттерде бұл ауру кең тараған, 5-айлыққа дейін иттердің өлімімен сипатталады.
2. Клиникалық –иттерде инфекция үш түрімен өтеді жүректік 3-8 айлық күшіктер ауырады, ішектік 8 апталықтан бастап 9 апталыққа иттер ауырады, аралас түрі 6-8 апталық күшіктер ауырады.

Итте құсу, локсу, диарея, тахикардия, дегитрация байқалады.

3. Патологиялық-анатомиялық өзгерістер. Өлген итті сойғанда геморрагиялық энтерит пневмония, жіңішке ішіектің эпителий қабатының клеткалары өліеттенуі байқалады.
4. Зертханалық балау. Патологиялық материалдан (нәжіс, жүрек бұлшық еті жіңішке ішек) вирусты бөлу үшін клетка өсінділері, күшіктерді қолдандық.

Вирусты индикациясын орындау барысында жасалынатын шаралар.

1. Электрондық микроскопта
2. Гистологиялық зерттеулер
3. АР-да жүргізіледі.
5. Гистологиялық зерттеу арқылы ауруға тән ішектің эпителиінің түгіндегі атрофиялық өзгерістерді айқындайды.

Иттің нәжісінде вирусты анықтау үшін гемагглютинация реакцияс, ал вирустың түрін айқындау үшін гемагглютинацияны тежеу реакциясы қолданылады немесе вирусты күшіктің бүйрек клеткасының өсіндісінен бөліп алады.

Вирус алғаш трипсинделген клетка өсінділерінде (күшіктің бүйрегінен алған), тұрақты клетка өсінділерінде өсіріледі [3].

Аурудың жасырын кезеңі әдетте 2-6 күн. Иттің вирустық энтериті жіті өткенде 6-10 сағ кейін диарея байқалады. Нәжісі бастапқыда сұрғылт түсті кейін көкшіл-жасыл тартады, қан ұйындысы кездеседі, өте сұйық, иісі өте жағымсыз болады. Дене температурасы 39℃-қа, кейде 40-41 ℃-қа, дейін көтеріледі.

Құсу мен жиі іш өтудің нәтижесінде организм сусызданып, күйі күрт төмендеп, әлсірейді.

Иттің вирустық энтериттінің ішектегі түрі кезінде өлім көрсеткіші күшіктерде 50 % -ке жетеді, ересек иттерде 5-10 %, жүректегі түрінде 70-80 % құрайды

Ауруға шалдыққан иттерге зерттеу жұмыстарының нәтижелері:

Патологиялық өзгерістер әсіресе ащы және тоқ ішектерде өзгерістер байқалады. Күшіктің тоқ ішегінің клеткасының цитоплазмасы ісініп эозинофильді дәнекті көрініс көрінеді. Ал бұлшық етті қабаты айтарлықтай қанға толы

Вирцустық энтеритпен шалдыққан күшіктің ащы ішектерінде эпителийінің дәнді дистрофиясы айқын байқалады.

Кей жағдайларда кілегей қабықтардың полинуклеарлық лейкоциттердің (нейтрофилдермен лимфоциттер) шоғырланып құралған муцинозды масса айқын көрінеді. Көп жағдайда кілегей қабықтың полиморфологиялық инфильтрациясы байқалады. Ішек қабырғасындағы қан тамырлары қанға толы. Ішектің серозды қабаты барлық жағдайда өзге қоспаларсыз болады [4].

Ауырып жазылған итті оқшаулап, симптоматикалық ем қолдануы құсуға қарсы атропин және алоперидол қолданылады. Қосалқы микрофлоралы тежеу үшін антибиотиктер мен сульфаниламидтер пайдаланылады, ішектің қанталауының сардабын азайту үшін пектин береді. Денені сусыздануына қарсы изотоникалық ерітінділер қолданылады. Емдеу жұмысы нәтижелі болу үшін диетаны жақсарту басты шарт болып табылады. Ауру ит тұрған жерді, құрал-саймандарда 0,2-0,3 % формальдегид пен кальцийленген соданың 1:20 ерітіндісімен дезинфекциялайды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінің қорытындысы вирустық энтеритке шалдыққан иттерге кешенді емдеу мен алдын алу шараларын уақтылы қолданған уақытта ғана тиімді нәтиже береді. Яғни, патоморфологиялық өзгеріс динамикасы, жалпы жағдайының жақсаруы (тәбеттің пайда болуы, құсу мен диарея жойылады) жүн жамылғысының жақсаруы байқалады [5].

Алдын алу шаралары. Вирустық энтериттің спецификалық профилактикасы әлемнің барлық жерінде (тірі вакциналармен жұмыс істеудің нәтижелерін тиімсіз деп есептейді) өлі вакцинаны қолдануға негізделген. CVP-2 өлі вирусты вакцинада моновалентті вариант ретінде иттердің өзге ауруларын тудырушы қоздырғыш вирустардың ассоциясына негізделген. Бұл вакциналардағы иммуногендікті анықтаудағы негізгі критерии, иммундалған дозадағы антигендердің саны болып табылады.

Тірі вакциналармен салыстырғанда өлі вакциналарда бұл феномин анық байқалмайды. Пассивті иммунизацияға (қан сарысулары арқылы профилактикасы) оба кезінде қолданылатын барлық шаралар ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Байматов,В.Н Болезни нарушения обмена веществ в современном животноводстве Сельское хозяйство за рубежом /В.Н.Байматов, И.Д.Шпильман //,1980 №8 – С 25-28.
2. Сайдуллин,Т. Індеттану / Т.Сайдуллин// Алматы.: Ы.Алтынсарин атд. Қазақтың Білім Академиясының Республикалық Баспа кабинеті 1995. С. 257-259
3. Лейтис,С.М Проблемы регуляции обмена веществ в норме и патологии / С.М. Лейтис. //,–М.: Медицина, 1978. С.76-77
4. Мырзабеков,Ш.Б Ветеринарная вирусология/ Ш.Б.Мырзабеков//, Алматы.: Білім 2004. С. 326
5. Караман,Р.Л Вестник Российской академии сельскохозяйственных наук/ Р.Л Караман, //Вестник, 2009 - №1 - С.76-78

ӘОЖ 619:616-022:636.2

МАЛ АРАСЫНДА ЛАРВАЛЬДЫ ЭХИНОКОККОЗДЫҢ ТАРАЛУЫ

А. Т. Ермаханова - магистрант
Ғылыми жетекші - М. Ш. Шалменов, вет. ғылымдарының д-ры, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Қазақстан Республикасының мал шаруашылығын өркендетуге кедергі болып отырған ивазиялық аурулар тудыратын гельминттердің ішіндегі маңыздысы эхинококк. Орталық Азияда ит гелменттерінің 44 түрі анықталған [1]. Жамбыл облысы бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сүйенетін болсақ, иттерде 16 паразит құрт түрлері табылған. Олардың 10-ы адам денсаулығына, 9-ы ауылшаруашылық малдарына зиян келтіреді. [2] Жыл мезгіліне байланысты малдың эхинококкозбен шалдығуы жаз және қыс айларында көбірек байқалынады. [3].

Эхинококк- иттердің, қасқырдың, түлкі т.б. етқоректілерінің ащы ішегінде тіршілік ететін паразиттік құртардың бірі.

Ветеринарлық қызметтің ақсауы, иттерге дегельминтизациялау жұмысын (ішек құртарынан айрылту) жүргізбеу, малдардың арасындағы аурулардың алдын-алу шаралары жоқтығы көңілге көленке түсіреді.

Жергілікті әкімдіктің күшімен барлық итті байлатып, үстін жуып- тазалап, сосын егу жұмыстары жүргізілуі керек. Және олардың ұзақ уақыт байлаулы тұрғандары дұрыс болады. Әйтпесе егу жүргізілген иттің қайда барып жататыны белгісіз. Ол қайтадан ауру қоздырғыш личинкалары бар жерге жатса, үстіне жұмыртқалар тағы түсіп, егілгеннен ешқандай пайда болмайды. Оның үстіне егілген дәрі құрттың өзін өлтіргенімен, оның жұмыртқаларына әсер ете алмайды. Ауруы бар дәріленген иттерден 40 сағат бойы жұмыртқалардың сыртқы ортаға шығуы анықталған.

Материалдары мен әдістері

2007 - 2008 жылдары аралығында Батыс Қазақстан облысы аудандарының ветеринарлық есептері бойынша және облыс аймақтарының еткомбинаттарында сойылатын шошқа, мүйізді ірі қара және қойлардың өкпе-бауырларының эпизоотологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы жылдары Фюллеборн әдісімен және олардың өлтірілу мезгіліне қарап иттердің зақымдалуын анықтадық. Фюллеборн әдісімен 47 иттердің нәжістері зерттеліп, 18-ге жуық жартылай гельминтологиялық жарып-сою жүргізілді.

Аурудың экстенсивтілігі мен интенсивтілігін анықталды. 1 зақымдалған жануарға шаққандағы санына қарай 1 ден 5 ларвоцистке дейін анықталса-әлсіз, орташасы 6 дан 10-ға

дейін және жоғарғысы 10 ларвоцисттен көп болса. Ларвоцисттер фертильді (жұмыртқа тасушы), протосколексі жоқ және атиптік деп бөлінеді. Соңғыларына іріңдеген, петрифицирленген, спецификалық емес зақымданулар жатады (түйіндер, дақтар). Ларвоцистің фертильділігін Echeguia (1971) методикасы бойынша анықтады. Цистаны жарып-сойып герминативті қабықтың бір бөлігін бөлек алып, оны компрессорға салып және микроскоптың кіші объективінде зерттейді. Протосколекс негізі алдын ала зерттегенде цистаның фертильділігіне алып келді. Егер протосколекс болмаған жағдайда зерттеуді қайталап жүргізеді. Осы мақсатпен цистаның құрамын пипеткамен тазартып, шыны әйнекке тамшылармен араластырып, қанды жұғындысы бар әйнекпен жауып оны зерттейді. Нақты нәтиже алғаннан кейін қай категорияға жататының анықтайды.

Нәтижелер мен талқылаулар. 2008-2009 жж Батыс Қазақстан облысында ветеринарлық нәтижелер бойынша әртүрлі жануарлардың эхинококкоктармен залалдануы және осы аурудың кеңінен таралуы зерттеулерінде куәландырады. Иттер арасында эхинококкоз барлық Орал қаласы маңында тіркелген. Иттердің эхинококкоктармен залалдануы 2007ж- 3,7% жетсе, ал 2008 ж-8,9 % зақымдалуының өсу дәрежесі белгіленген.

Қойларға да басқа мемлекеттердегідей үлкен қашықтықтарға қозғалу арқылы және мал моласы мен сою пунктері болмағандықтан күн сайын зақымдалу қаупі төнеді.

Эхинококкоктармен инвазияланған жануарлардың мезгіл динамикасын зерттеу кезінде Батыс Қазақстан облысында 1 жыл ішінде тіркелетіндігі анықталды.

Жергілікті әкімдіктердің иттердің санын шектеу, бұралқы, кезбе иттерді құрту амалдарын жасауы кезек күттірмейтін міндет екенін ұққандары дұрыс. Ал аурудан өлген малдардың өлекселерін түгелдей жойып отыру керек. Ауылдарда өлген малды көметін мал моласы болуы керек. Иттердің айтарлықтай зақымдалуы наурыз, сәуір, мамыр, қараша мен желтоқсанда, мүйізді ірі қараларда қаңтар, ақпан,наурыз, қазан, қараша, желтоқсан, сонымен қоса қойларда қаңтар, ақпан, қыркүйек, қазан, қараша айларында тіркелген.

Әдебиеттер:

1. Муминова, К.Ш. Малдардың эхинококкозын анықтаудың иммунологиялық негізі / К.Ш. Муминова /Әдістемелік нұсқау.– Алматы, 2006 ж.
2. Қазақбаев, Қ.М. Әр түрлі мақсаттарда асырап-бағылатын иттерге дегельминтизация жасау туралы әдістемелік ұсыныстар./ Қ.М. Қазақбаев, А.Е.Үсенбаев, М.Ж. Сүлейменов / Әдістемелік ұсыныстар.– Тараз, 2005 ж.
3. Нұрғалиев, Б.Е. «Қой эхинококкозы мен тенуикольді цистицеркозын анықтау және олардан болатын өзгерістерге байланысты өнімдерінің сапасын бағалау»./ Б.Е.Нұрғалиев //Ұсыныс – 04.06.2007 ж.

ӘОЖ 619:615.371:616.15:636.91

ПЧ-82 ВАКЦИНАСЫН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ ТЕҢІЗ ШОШҚАСЫ ҚАНЫНДАҒЫ ГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ДИНАМИКАСЫ

Ж. Ж. Жанекенова - студент
Ғылыми жетекші – Қ. Ж. Кушалиев, вет. ғылымдарының д-ры, профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Малдардың бруцеллезі Қазақстанда кеңінен таралған, ол мал шаруашылығына және адам денсаулығына үлкен зиянын тигізеді. Жануарлардың инфекциялық ауруларының алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру мен өткізу, сапалы және қауіпсіз мал өнімдерін алу ветеринарлық қызметтің негізгі міндеттерінің бірі [1, 2, 3].

Ғылыми жұмысымның мақсаты мен міндеттері. Орындалған ғылыми жұмысымның негізгі мақсаты – бруцеллезге қарсы ПЧ-82 штамының вакцинасымен иммунделген теңіз шошқаларының организміндегі иммуноморфологиялық көрсеткіштерді анықтау.

Қойылған мақсатқа жету үшін алдымызға келесі міндеттер қойылады:

1. ПЧ-82 штамының вакцинасымен егілген лабороториялық жануарлардың мүшелері мен ұлпаларындағы патморфологиялық өзгерістерді анықтау;
2. Вакцина иннокуляциасынан соң теңіз шошқаларының организміндегі гематологиялық көрсеткіштердің динамикасын анықтау;
3. Егілген вакциналардың мөлшеріне байланысты патморфологиялық өзгерістерді анықтау;

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бруцеллезге қарсы ПЧ-82 штамының вакцинасының иммуноморфологиялық бағасы патоморфологиялық, серологиялық, гематологиялық, микроскопиялық әдістерімен анықталды.

Жұмыс Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университетінің ветеринарлық медицина және биотехнология факультетінің морфология және физиология кафедрасында 2009-2010 жылдары жүргізілді. Сонымен қатар ветеринарлық клиникада тәжірибе клиникалық дені сау теңіз шошқаларына өткізілді. Тәжірибеге 10 бас теңіз шошқалары алынды.

Патматериалды бекемдеу 10% нейтральді формалин ерітіндісінде жүргізіліп, морфологиялық зерттеу үшін тәжірибеге алынған барлық жануарлардың ішкі мүшелері мен ұлпаларының бөлшектері қолданылды. Гисто кесіктерді Романовский-Гимза бойынша гематоксинмен және эозинмен боядық. Перифериялық қандағы В-лимфоциттер В.Mayer әдісімен анықталды.

Өткізілген зерттеу нәтижесі бойынша ПЧ-82 штамы вакцинасының иннокуляциясынан соң, 3 күн өткеннен кейін теңіз шошқаларының организмінде иммуноморфологиялық реакциялар байқалып, қан тамырларының толық қандылығы және ұсақ нүктелі қан құйылулар, тері асты клетчаткаларының геморрагиялық инфильтрациясы түрінде кездесетіндігі анықталды. Иммунделген лабороториялық жануарлардың талағында лимфатикалық фолликулдардан туындаған герменативті орталықтары пайда болады.Оның бірқатар мөлшерін бласталық клеткалар құрайды. ПЧ-82 штамының вакцинасымен иммундалған жануарлардың лимфа түйіндерінде ұсақ тамырлардың қабатының мукоидты ісінулері мен макрофагтар көлемінің үлғаюы байқалды. Сонымен қатар ескере кететін жәйт лабораторлық жануарлардың лимфа түйіндерінде эпителоидты клеткалардың ошақты жиналуы, бауырда түйіршікті және вакуольді дистрофия байқалды.

Инокуляциядан соң контррегионарлы сол жақ шап және лимфа түйіндерінде гиперпластикалық-пролеферативті процесстер күшейгенменде, интенсивтілігі бойынша жергілікті оң жақ шап аумағымен салыстыру барысында артта қалады. Лимфа түйіндерде

лимфоидтық-гиперпластикалық және макрофагальді процесстер күшейді, ал бөлек лимфа түйіндерінде плазмоклеткалы реакциялардың интенсивтілігінің төмен екендігі байқалды.

Ұсақ қан тамырлардың қабырғасы мукоидты ісінулер жағдайында болды. Талақта лимфоидты-гиперпластикалық және макрофагальді процесстердің күшеюі байқалып, фолликулдардың герминтативті орталықтарының кеңеюі, периартериальді гильзаның лимфоидты ұлпаларының гиперплазиясы, қызыл пульпаның қанмен орташа депонирленуі, ұсақ қан тамырларының мукоидты ісінулері байқалды.

ПЧ-82 штамының вакцинасымен иммундалған теңіз шошқаларының кейбір синустарында лимфостаз және фибриннің нәзік қабатының түзілуі байқалды.

Вакциндеуден кейін 15 күн өткен соң теңіз шошқаларының талағында лимфоидты-гиперпластикалық және плазма клеткалы реакциялар байқалды.

Иммунизациядан кейінгі 22-і күні бауырда, өкпеде, миокардта, қан тамырларының толық қандығы паренхиматозды клеткаларының түйіршікті дистрофиясы және интерстициальді ұлпалардың мононуклеарлы клеткалардың ошақты жиналуы байқалды.

Вакцинациядан кейінгі 29-шы күні талақта герминтативті орталықтары кеңейген фолликулдар қабатының мукоидты ісінулері, артериолдардың, венулдардың, капиллярлардың көлемінің ұлғайғандығы анықталды.

Лимфа түйіндерінде иммуноморфологиялық өзгерістер әліде жақсы байқалады. Сонымен қатар лимфа түйіндерде эритроциттердің, лейкоциттердің, макрофагтардың жиналуы анықталды. Плазмоциттер ересек формаға ие болған. Бруцеллезге қарсы вакцинасы егілген теңіз шошқаларының организмінде қалдық уыттылық және реактогендік дәрежесіне тәуелді вариацияланатын бір типті иммуноморфологиялық реакцияларды тудырады.

1 кестеде перифериялық қанда Т және В лимфоциттердің құрамдық проценті туралы мәліметтер келтірілген. Зерттеу мәліметі бойынша теңіз шошқаларының қанында Т-лимфоциттер - 22,11± 1,36, В - лимфоциттер – 13,18 ± 0, 85% құрайды.

1-кесте – Бруцелл ПЧ-82 штаммының вакцинасымен егілген теңіз шошқаларының Т және В лимфоциттер құрамы дәрежесінің динамикасы

Зерттеу уақыты, күні	Т-лимфоциттер, %	В-лимфоциттер. %
1	19,65±1,84	14,99±0,78
3	12.04±0,88	17.22±0,88
5	19,96±1,49	18,03±0,55
7	28,81±1,61	18,39± 0,70
10	33,94±1,75	22,27± 0,87
15.	43,02±2,53	26,16 ±2,28
22	29,13± 0,71	23,16±0,90
29	21,31±0,79	13,94±1,06
45	21,94±1,42	14,02±1,46
60	22,83±1,22	14,12±0,86
120	23,03±1,34	14,08± 0,92
Интакты жануарлардың көрсетікіші	22,11±1,36	13,18±0,85
Х нақты айырмашылығы анықталды P< 0,05		

Иммунокомпетентті ағзалардың кооперациясынан кейін (Т және В – лимфоциттер, макрофагтар) В-лимфоциттер спецификалық антиденелерді өндіруші плазматикалық ағзаларда дифференцацияланады. ПЧ-82 штамының вакцинасымен тудырылған иммунологиялық процессті дәл анықтау үшін тәжірибелік теңіз шошқаларының перифериялық қанындағы Т және В - лимфоциттерінің құрамдық динамикасы саналды. Сонымен қатар жергілікті лимфа түйіндердің және тәжірибелік жануарлардың талағының гисто кесінділерінде антидене түзуші плазматикалық ағзаларды тікелей иммунофлуоресцентті Кунса әдісін қолдана отырып санадық. Вакцинаның зиянды әсерінің

дәрежесін анықтау үшін осы теңіз шошқаларының перифериялық қанындағы аутоантидене түзуші клеткалардың көлемін санадық.

Иммуноморфологиялық зерттеудің нәтижесінен алынған перифериялық қанында Т және В - лимфоциттердің құрамдық пайызы туралы мәлімет 2-кестеде берілген.

Зерттеу нәтижелері арқылы интактты теңіз шошқаларының қанында Т-лимфоциттер 19,09±1,04%, В-лимфоциттер 10,16±0,63% құрайтындығы анықталды.

Теңіз шошқаларын ПЧ-82 штамының вакцинасымен иммундағанда алғашқы күндері қанда Т-лимфоциттер саның төмендеуі, кейін олардың артуы байқалды. В-лимфоциттер көлемі вакцинацияның бірінші күнінен бастап көбейіп, 28-ші күні құрамдық дәрежесі қалпына келеді.

2-кесте – ПЧ-82 штамының вакцинасымен иммундалған теңіз шошқаларында Т және В-лимфоциттерінің дәрежесінің динамикасы

Зерттеу уақыты, күні	Т лимфоциттер, %	В лимфоциттер, %
1	2	3
3	10,02 ± 0,8*	15,20 ± 0,86*
7	25,79 ±1,09*	16,07 ± 0,38
10	30,92 ±1,03*	19,25 ± 0,55*
14	40,90 ± 2,01*	23,14 ± 2,06*
21	26,11± 0,39*	20,13 ± 0,58*
28	18,29 ± 0,47	10,92 ± 0,84
Интактты жануарлардың көрсеткіштері	19,09 ± 1,04	10,16 ± 0,63

Жергілікті лимфа түйіндерінде және талақта антидене түзуші клеткаларды санаудың нәтижесі 3- кестеде берілген.

3-кесте – ПЧ-82 штамының вакцинасымен иммундалған теңіз шошқаларының талағында және жергілікті лимфа түйіндерінде антидене түзуші клеткалардың құрамдық динамикасы

Зерттеу уақыты күні	Талақ	Лимфа түйіні
3	62,29± 3,09	72,64 ± 3,02
7	104,10 ± 2.94	131,24 ± 2,11
10	126,32 ± 3,01	147,00 ± 1,06
14	98,10 ± 1,74	106,52 ± 2,16
21	64,00 ± 2,50	84,31 ± 2,37
28	42,30 ± 2,70	46,33 ±1,06
Интактты жануарлардың көрсеткіштері	19,32 ± 0,90	32,04 ± 1,27

3-кестеде берілген мәліметтер арқылы интактты жануарларда иммуноглобулин түзуші плазмоциттер көлемі лимфа түйінінде және талақта 32,04 ± 1,27 және 19,32 ± 0,90 құрайтындығы анықталды.

Қорытынды. Теңіз шошқаларын ПЧ-82 штамының вакцинасымен иммундау кезінде олардың мүшелері және ұлпаларында иммуноморфологиялық реакциялар байқалды.

Әдебиеттер:

1. Коляков Я.В. Ветеринарная иммунология /Я.В.Коляков// М., Агропромиздат, 1986, 272 с.
2. Жаров, А.В. Патологическая анатомия с.-х. животных / А.В. Жаров, В.П. Шишков, М.С. Жаков и др.// – М.: Колос, 1999.
3. Алексеев К.К., Применение вакцины из штамма 82 против бруцеллеза крупного рогатого скота / К.К. Алексеев, А.К.Лукин. // Ветеринария, 1980, №8, С.24-26.

ӘОЖ.636.2.618.

ҚОЙЛАРДЫ ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

У. Ж. Жумагалиева - студент
Ғылыми жетекші - Р. М. Бисенгалиев а-ш. ғылымдарының канд., доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті

В.С.Шипилов (1986) енгізуінде негізделгендей ауыл шаруашылық малдарын қолдан ұрықтандырудың ветеринарлық – зоотехникалық мәні қошқардан алынған бір эякулят бірнеше ұрғашы қойларды ұрықтандыруға жететіндігін дәлелдеді.

В.Г.Ожин, А.А.Родин (1988) табиғи және жасанды ұрықтандырудың принциптерін салыстыра отырып мынаны анықтады: Егер ұрықты қынап арқылы енгізсек, онда ұрықтандыруға 3 – тен 10 млрд-қа дейінгі ұрық қажет. Ал егерде жатыр мойыны арқылы енгізгенде қажет ұрықтың 300 – 1000 млн.санын 10 рет азайтады. Қой шаруашылығында цервикальді әдіс қолдан ұрықтандырудың маңызды құралына айналды.

Бұл технологияның мақсаты қой шаруашылығында қойды қолдан ұрықтандыру. Осыған байланысты келесі тапсырмалар орындалуы тиіс: практикалық қолдануда цервикальдің мүмкіндігін анықтау, жатырлық, ваккумды – цервикальдік электрорефлекторлық, гормональды - рефлекторлы, трансцервикальді әдістерінен қойларды қолдан ұрықтандыру, ұрықтардың физиологиялық мүмкіндіктерін анықтау және әр түрлі қолдан ұрықтандыру әдісі кезінде ұрықтану қабілетін сақтау.

Материал және зерттеу әдісі. Экспериментальды және клиникалық зерттеу «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университетіндегі» - «Жұқпалы емес аурулар» кафедрасында өткізілді. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысындағы жеке қой шаруашылық фермаларында әр түрлі зерттеулер жүргізілді.

Вакуумды ұрықтандыруға арналған катетерді пайдаланып, акрилді массаны 0,5; 0,2; 0,4; 0,5; мөлшерінде қолданып шәует енгізген кезде қойлар жатыр мойыны аумағында вакуумдану реакциясын сезеді. Тәжірибелік жолмен жануарға ауру сезімін және тактильдік тіртіркену тудырмайтын, жатыр мойыны аумағына шәует енгізуге қолайлы теріс қысым деңгейін анықтадық (0,2атм/кг).

Ваккумды цервикальды әдіс қойларды қолдан ұрықтандыру кезінде екі каналды катетердің көмегімен жүргізілді. Бір канал арқылы ваккуммен қынаптың мойын аймағындағы ауаны сорып, жатыр мойнында пайда болған ваккумдық қуысқа екінші канал арқылы ұрық мөлшерін (0,5 мл 100млн.ұрық.) енгіземіз. Қойларды қолдан ұрықтандыруда ваккумдық – цервикальді әдісін визоцервикальды әдіспен салыстырдық. [2].

Зерттеудің нәтижесі мен қорытындысы. Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде 0,02г мөлшердегі ұнтақ тәрізді адиурекринді қойдың мұрын қуысына үрлегенннен кейін, 50 – 60 минуттан соң, жатыр мойнының бұлшық еті жиырылып, одан жатыр мойнының сақина тәрізді және көлденең салалы бұлшық еттері кезектесіп жиырылады. Ол жатыр мойнына 3 – 4 см-ге шприц – катетерді енгізуге қолайлы жағдай туғызады. 0,05 – 0,08г адиурекрин мөлшері жатыр мойнының спастикалық жиырылуын туғызады.

Жатыр мойнына 0,5 – 1см 10бірлік мөлшерде окситоцинді енгізгенде бастапқыда қойдың жатыр мойнының жиырылуы күшейеді, ал кейінгі 20 – 30 минутта жатыр мойнында жиырылу болмайды. Қойлардың жатыр мойнындағы көлденең салалы және сақиналы бұлшық еттерінің талшықтарына 5 бірлік мөлшердегі окситоцинді енгізгенде көлденең жиырылу болады [1].

Алдын – ала окситоцин және адиурекринмен өңделген қойлардың ұрықтану нәтижесі 1 – кестеде көрсетілген.

1-кесте – Ұрықтың енгізілген тереңдігіне адиурекрин мен окситоциннің әсері және қойды қолдан ұрықтандырудың нәтижесі

Қолданылған пепараттар	Аналық мал басының саны	Соның ішінде төлдегені	
		Саны	%
Адиурекрин	95	70	73,6±4,5
Окситоцин	76	51	67,1±5,6
Бақылау	72	45	62,5±1,07

Тәжірибелік нәтижеде ұрықты қойдың жатыр мойнына 3-4см тереңдікте адиурекрин 73,6±4,5% мен окситоцин 67,1±5,6% енгізеді.

Аналық қойлардың электрстимулдеуші клиторының нәтижесі 2- кестеде көрсетілген. Аналық қойларда ұрықтану деңгейі ұрықты енгізбес бұрын 15% көтерілген.

2-кесте – Аналық қойлардың жатырын электростимуляциялау нәтижелері

Топтар	Тәжірибелік қойлардың саны	Стимуляциядан кейін	
		саны	%
Тәжірибелік	31	25	81,6±1,3
Бақылау	30	20	66,6±

Ваккумдық кезінде қынап мойын аумағында ұрықты терең – цервикальді енгізу кезінде оптимальды теріс қысым (-0,3атм.) пайда болады. Қынап мойын және ваккум катетер бойы аралығында атмосфераның 0,5;0,6 – дағы теріс қысымы қынап мойын бұлшық етінің тарылу активизациясын тудырды. Акрил массасының 0,05;0,2;0,4;0,5 мл мөлшері бойынша 12 тәжірибелі қойларға вакумдық тәсіл арқылы ұрықтың терең – цервикальді енгізуінің ең тиімді жалпы дозасы 0,4 мл болып табылады.

Алынған материалдар бойынша ұрықтандырудың вакуумды – цервикальді тәсілі ұрық мөлшерін қынап мойнына терең енгізуіне жол ашады. Сонымен қатар 40 млн.спермийлерді ұрықтандырудың вакуумді тәсілі бойынша қынап мойнына енгізгеннен кейін 73,7%, ал металл айна мен шприц – катетер арқылы 40 млн.спермийлерді ұрықтандыру арқылы қынап мойнына 0,5 – 1,0см – ге ұрықты енгізуге болады. (статистикалық дәлелденбеген).

Жасанды ұрықтандырудың вакуумды – цервикальді тәсілі ұрықты терең – цервикальді жолымен ұрық алуды 8,5% - ға көбейтуге мүмкіндік береді; жасанды ұрықтандырудың вакуумды – цервикальді тәсілінің жұмысы аздау, онда ұрық мөлшерін қынап мойын каналына 4 – 5см-ге енгізуге мүмкіндік береді. Қойлардың жасанды ұрықтандыруынан кейін әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы жаңа алынған араласқан ұрықты қынап мойнының түрлі бөлімдеріне енгізуге мүмкіндік береді.

Біз қойларға жасанды ұрықтандыруды қынап мойын каналына
2см тереңдікте 0,2мл ұрықтың әр түрлі мөлшерін 20,40,100млн.спермийлерді енгізу арқылы жүргіздік.

Терең – цервикальді әдісте вибрионды катетермен ұрықты енгізу арқылы қойды ұрықтандыру жүргіздік. Млн.спермийлерді ұрықтандыру кезінде 53,8±1,8% құрады, ал қынап мойнына 1см-ге ұрықтандыру 48,6% құрады. Қойларда 40 млн. 100 млн. спермийлермен ұрықтандырудан кейін терең – цервикальді жолмен 2см енгізу арқылы 70,5% құрады.

Ұрықтандырудың вакуумді – цервикальді тәсілі арқылы қынап мойнына ұрық мөлшерін терең енгізуге болады. Сондықтан 30 млн. спермийлерді қынап мойнына енгізіп, вакуумдық

тәсілмен қойлардың ұрығын 68,3%,ал металл айна мен шприц – катетер арқылы ұрықтандыру кезінде қынап мойнына 0,5-1,0см-ге ұрықты енгіуіне болады, қойлардың ұрығы 56,2% құрады.(статистикалық дәлелденбеген).

Микро – шприц көмегімен топтық станокта қойларды бекіткеннен кейін, қынап мойын каналына, енгізудің тереңдігін өлшеу кезінде, 10 бекітілген қойлардың екі оң және сол жақтағылары қынап мойнына 0,5 – 1,0см-ге катетер енгізуге болатынын көрсетті. Ортасында орналасқан 6 қойларға катетерді 4см-ге дейін енгізуге болады. Ал соңғы жақтағы 2 қойларға катетерді 2см енгізуге болады. Қойларды бекітетін топтық станокта ұстау стресстік жағдайын төмендетеді;

Аналық қойларды топтық станокта бекіткен кезде қойлардың кейбір стресстік факторын төмендетуге болады, 70-80% 3,5-4см қынап мойнына ұрық мөлшерін енгізуге мүмкіндік берді, ұрық енгізудің осы негізінде ұрық алуы 87% құрады.

Түтік тәрізді сәулелі қынап айнасы, геликоидты шприц – катетері қойлардың стресстік реакциясын төмендетеді. Ол ұрықтану деңгейін жоғарлатады. Қатырылған ұрықты аэродинамикалық еріту, ұрықты сапалы ерітілуін қамтамасыз етеді. Еріту кезінде ұрықтың қызып кетпеуін қадағалау қажет.

Әдебиеттер:

1. Шипилов, В.С. Акушерство и гинекология сельскохозяйственных животных. / В.С. Шипилов /–М. –Агропромиздат. – 1986.

2. Ожин, В.Г. Искусственное осеменение сельскохозяйственных животных. / В.Г. Ожин, А.А. Родин /–М. – Колос. – 1988.

УДК 619:612.08:631.2

ИММУНОФЛУОРЕСЦЕНТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ОРГАНОВ И ТКАНЕЙ ТЕЛОК, ПРИВИТЫХ ПРОТИВОБРУЦЕЛЛЕЗНЫМИ ВАКЦИНАМИ

Н. С. Жумина– магистрант
Научный руководитель - К. Ж. Кушалиев, д-р вет. наук, профессор
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

ТМД елдерінде пастереллездің алдын алу үшін келесі вакциналар ұсынылады: мүйізді ірі қара, қодас, қой пастереллезіне қарсы эмульгирленген вакцина; күйіс қайырушылар мен шошқалардың пастереллезіне қарсы майлы формолвакцина; ірі қара және қодас пастереллезіне қарсы жартылай сұйық ГОА формолвакцина т.б [3, 4].

Зерттеу мақсаты: пастереллезге қарсы қолданылған поливалентті вакцинаны еккеннен кейінгі қояндар қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін анықтау.

Әдістер мен материалдар. Ауыл шаруашылық малдарының пастереллезіне қарсы поливалентті вакцинасы формалинмен залалсыздандырылған пастерелла өсіндерінің В, Д серотиптерінен тұратын, флакон түбінде ашық-сары түсті тұнбасы бар және жақсылап араластырғанда, біртекті масса түзетін қоспа.

Организмге егілетін вакцинаның реакциясын анықтау мақсатымен әрқайсысының тірілей салмағы 1,5-2,0 кг болатын шиншилла тұқымының қояндарына сынау жүргізілді. Аналогтар қағидасы бойынша экспериментке әрқайсысы 20 бастан тұратын тәжірибелік және бақылаулық қоян топтары іріктеліп алынды. Тәжірибелік қояндарға нұсқауға сай поливалентті вакцина егілді. Вакцина реактогендігі жергілікті және жалпы реакцияны бақылау арқылы зерттелді.

Алынған нәтижелер мен талдаулар. Вакциндеуге дейін және одан кейінгі 3, 7, 14, 21 және 30 күндері тәжірибелік қояндардан гемотологиялық және биохимиялық зерттеуге қан сынамасы алынды, ал қан сынамасын серологиялық зерттеу жұмыстары 90 күнге дейін созылды. Иммундеуден кейінгі 30-шы күні қояндарға тәжірибе жүзінде ауру жұқтырылды.

Вакциндеуден кейінгі дене температурасы қалыптағыдан 1,0 °С-қа артып, қысқа уақытқа күйзеледі. Кей кездері азықтан бас тартып, вакцина егілген орында ауырсынатын тығыз, мөлшері грек жаңғағындай ісік байқалды.

Поливалентті вакцинаның иммунделген қояндар қанының морфологиялық құрамына әсерін анықтау үшін гемотологиялық көрсеткіштері зерттелді.

Зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ: вакциндеуден кейін эритроцит мөлшері өзгеріссіз қалып, гемоглобин иммундегеннен кейінгі 7 күннен бастап 3 %-ды, максимальды көтерілуі 14 күні 7,2 % - ды, ал 21-30 күндері гемоглобин көлемі 3,4 %-3,1 % болды.

Лейкоцит мөлшері вакцинациядан кейінгі 3-күні 16,8 %-ға көтерілді. Лейкоцитоз 7, 14, 21 күндері 21,9 %-ды, 25,3 %-ды және 23,6 %-ды құрап, ал 30 күні 4,7 %-ға төмендеді.

Лейкоцитарлық формулада таяқшаядролы нейтрофилдердің төмендеуі салдарынан лимфоциттердің, сегменттіядролы нейтрофильдердің, моноциттердің мөлшері артатыны байқалды. 7-ші күндері-14,8 %-ға, 14-ші күндері-11,8 %-ға сегменттіядролы нейтрофильдің мөлшері артып, таяқшаядролы клеткалардың мөлшері 3,7 % және 5,6 %-ға төмендеді.

7, 14, 21 күндері моноцит мөлшері артып 14,3 %, 20,2 %, 12,5 %-ды құрады. 7-14 күндері вакцинделген жануарларда лимфоцитоз 12,2 %-ды және 15,9 %-ды құрады.

Алынған деректерді талдай келе, иммунделгеннен кейінгі 7 күні егілген вакцина әсерінен жалпы белок құрамы 8,7 %-ға артып, 21 күндері де сақталатындығы, ал 30 күндері жалпы белок деңгейінің физиологиялық қалыпта.

Иммундеуден кейінгі 7 күні тәжірибелік қояндарда альбуминдердің 12,4 %-ға төмендегені байқалса, сәйкесінше 14 және 21 күндері альбуминдердің 15,1 % және 3,7 %-ға төмендегенін ескеру керек. 30 күндері альбумин мөлшері физиологиялық қалыпта болды.

Мұнда, γ-глобулин деңгейі 7-ші күні 11,1 %-ға, 14-ші күні 12,4 %, 21-ші күні ол одан да жоғарылап 20,3 %-ға дейін жетті. 30-шы күндері иммунделген қояндардың қан сарысуы құрамындағы γ-глобулин деңгейі бастапқы деңгеймен шамаласты.

γ- және β-глобулиндері мөлшері вакцинделген қояндардың қан сарысуын зерттеу барысында аздаған ауытқулар ұшырасады.

Ауыл шаруашылық жануарларының пастереллезіне қарсы поливалентті вакцинамен егілген қояндардың антидене түзуін зерттеу, жалпы ақуыз және оның фракцияларының өзгерістері мен қанның морфологиялық құрамына вакцинаның әсерін анықтаумен қатар жүргізілді.

Пастереллездік гемагглютининдердің орташа геометриялық титрінің динамикасы тәжірибелік қояндарда 7 күннен бастап артып, 1:175±0,18 құрайтынын көрсетті.

Бұдан кейінгі антидене титрінің өсуі 14-ші күні 1: 269±0,15, 21-ші күні 1:372±0,17 болып, ал 30-шы күні пастереллездік гемагглютиндердің титрі 1:110±0,21 төмендеді. 60-90-шы күндері антидене титрі 1:18±0,23 және 1:8±0,20 құрады.

Вакциндеуден кейінгі 14-21 күндеріндегі тәжірибелік қояндардан алынған қан сарысуы P. multocida 90 штамының вирулентті культурасымен енжар егілгеннен кейінгі зарарланған ақ тышқандарды 75%-80% қорғайды және ауыл шаруашылық жануарларының пастереллезіне қарсы поливалентті вакцина иммунделген тәжірибелік қояндарда қажетті деңгейде күшті иммунитет қалыптастырды.

Қорытынды. Ауыл шаруашылық жануарларының пастереллезіне қарсы поливалентті вакцина иммунделген тәжірибелік қояндарда қажетті деңгейде күшті иммунитет қалыптастырды.

Әдебиеттер:

1. Сайдуллин, Т. С. Індетке қарсы шаралардың өзекті мәселелері / Т.С. Сайдуллин //Жайық ветеринары, 2008, № 2, 3 б.

2. Велиев, Ш. В. Эпизоотология пастереллеза овец / Ш.В. Велиев //Тез. докл. III Всесоюзн. конф. по эпизоотологии. - Новосибирск, 1991. - С.322-323.

3. Данилов, Е. П. Болезин пушных зверей / Данилов Е.П. – М.: Колос, 1984. 156 с.

4. Таубаев, У. Б. Морфологические, тинкториальные и культуральные свойства эпизоотических изолятов пастерелл /Таубаев У. Б., Мурзабаев К. Е. Ізденістер, нәтижелер. – Алматы, 2006. № 4. с. 323-325

ӘОК 351.773.137.127.6

БАЗАР АЙМАҒЫНАН ТЫС ЖЕРЛЕРДЕ САТЫЛАТЫН СИЫР СҮТІНІҢ САПАСЫН АНЫҚТАУ

Г. Утешкалиева - студент
Ғылыми жетекшісі – Б. Е. Нұрғалиев вет.ғылымдарының канд., аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Сүт және сүт өнімдері маңызы жағынан халықты тағаммен қамтамасыз етуде екінші орын алады. Сондықтан сүтті сиыр шаруашылығын дамыту, сүт өндіруді ұйымдастыру және оның сапасын жақсарту, шикізаттың алғашқы қасиеттерін сақтай отырып әр түрлі сүт өнімдерін дайындау технологияларын игеру зоотехник және мал мамандарының басты міндеті.

Республика экономикасының біршама дамуына байланысты халықтың сапалы сүт өнімдеріне деген сұранысы артып отыр. Осыған байланысты сапалы сүт және сүт өнімдерін өндіру бүгінгі күннің басты талабы.

Сүтті тапсырып – қабылдау кезінде өнім температурасы 10^0С аспау керек. Сондықтан сүтті 5-7^0С дейін салқындатқан дұрыс.

Сүтті саууды санитарлық жағдайын айқын суреттейтін көрсеткіш оның бактериямен және механикалық қоспалармен ластану дәрежесі. Сүттің тазалық деңгейі оны фермада қандай жағдайда алынатынын көрсетеді.

Сүттің құрамында механикалық қоспалардың көп болуы оның тазалық жоқ ортада алғанын, сақтағанын, тасымалдағанын көрсетеді. Олармен бірге сүтке бактериялар да түседі.

Сүт құрамындағы бактерия мөлшерін редуктаза сынамасымен анықтайды, ол сүттің санитарлық жағдайын сипаттайды. Ол сүтке түскен бактериялармен даму барысында редуктаза ферментін бөлуіне негізделген. Жаңа сауылған сүтте фермент болмайды. Сондықтан сүттің жалпы бактериялармен ластануын осы ферменттің мөлшеріне қарап білуге болады. Редуктаза сүтке қосқан әлсіз органикалық бояғыштар- метил көгі немесе резазуринді түссіздендіре алады.

Кез – келген тірі организмдер тәрізді микробтар қоректенеді, тыныс алады, көбейеді және сүтке тіршілік әрекетінің ыдырау өнімін бөледі. Олар сүтте еріген қоректік заттармен қоректенеді. Олар қоршаған орта субстратын ерітетін көптеген ферменттер бөледі. Ферменттер белсенділігі өте жоғары, мысалы, амилаза ферментінің 1г 1 тонна крахмалды ыдыратады. Микробтардың тыныс алуы әр түрлі органикалық қосындылар мен минералдық заттардың биологиялық тотығуына ұқсас. Табиғатта өте жиі кездесетін анаэробты ортада ашу процесі «ауасыз тыныс алу» болып табылады. Оның нәтижесінде микробтар жылу, көмір қышқыл газын, су, спирт, сірке, май қышқылдарын бөледі. Әсіресе бактерицидтік кезеңінің соңына қарай сүтте микрофлораның көптеген түрі дамиды. Бұлар бактериялар, ашытқылар, зеңдер, вирустар тағы басқалар. Салқындатылмаған сүт бактериялардың дамуына өте қолайлы орта. Әрбір 20минутта олардың саны екі еселеніп отырады. Көптеген бактериялар үшін ең қолайлы температура 36-37^{0}С, ал жаңа сауылған сүт температурасына сәйкес. Сондықтан микроорганизмдердің өсуін тоқтату үшін оны 5-6^{0}С дейін суытады, ал оларды құрыту үшін сүтті жылумен өңдейді, яғни пастерлейді. Микроорганизмдер дамығанда сүттің қасиеттері өзгереді, кемшіліктер пайда болады[1].

Сүт тағамдарының сапасына қойылатын талап мемлекеттік сндартта көрсетілген. Стндарт бойынша сүт бірінші, екінші сорт немесе сортсз болып танылады. Сүт сорттылығының негізгі көрсеткіштері қышқылдылығы, механикаық және бактериялық ластығы болып табылды [2].

Сүттің құрамы мен қасиеті сиырлардың сүт беру мерзіміне, күтіп-ұстау, азықтандыру жағдайы мен тұқымдарына, жасына және сауу әдістеріне байланысты [3].

Сүт және сүт өнімдерінің сапасын кешенді түрде анықтау керек. Сонымен қатар сүт сапасын анықтауда оның құрамы, ерекшелігі, тағамдық құндылығы, сырттан түскен жағымсыз және бөтен қоспалар мен заттардың бар-жоғына тексеру керек. Көбінесе сүттің сапасы оны алу мен сақтау шарттарына және көптеген басқада әртүрлі факторларға байланысты [4].

Сиырларды сауууды дұрыс ұйымдастыру, сауу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау кезінде сиырлардан сауылған сүт таза және сапалы болады [5].

Біздің зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты базарлардан тыс жерлерде, ветеринария мамандарының қадағалауынсыз сатылатын сиыр сүтін сезімдік және зертханалық зерттеу әдістерімен сүттің сапасын анықтау болып табылады. Сонымен қатар тексерудегі сиыр сүтін зертханалық зерттеулер бойынша тексеріп қорытынды жасау.

Зерттеулер «Эпизоотология, паразитология және ветеринарлық санитарлық сараптау» кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Зерттеу нысандары болып базар аймағынан тыс жерлерде сатылатын сиыр сүті сынамалары болып табылды. Барлығы – 5 сиыр сүтінің сынамалары зерттелді.

Зерттеу барысында сиыр сүтінің сынамалары келесі сезімдік зерттеулерге зерттелді. Олар: түсі, иісі, дәмі, консистенциясына тексерілді. Зерттеу нәтижелері 1- кестеде көрсетілген.

Зерттелген сиыр сүті сынамаларының түсі мөлдір цилиндрге құйылып, күндізгі бөлме жарығында анықталды.

Иісі бөлме температурасында сүттің иісін мұрынға тартып, ауыз қуысынан шығару арқылы анықтадық.

Дәмі тілдің шеттеріндегі дәмді жақсы сезетін аймақтары арқылы анықтадық.

Сүттің консистенциясы таза шыны колбаның қабырғасына құю, шайқау арқылы, ондағы сүттің ағу біркелкілігін, іртіктердің бар-жоғына тексердік. Егер сүтте бөгде жалған су сияқты қоспалар қосылса онда бір ыдыстан бір ыдысқа құю барысында ол айқын көрінеді.

1-кесте – Сиыр сүті сынамаларының сезімдік зерттеулер нәтижелері

№	Көрсеткіштер			
	түсі	иісі	дәмі	консистенциясы
1	ақшыл, сарғыш	сүтке тән ністі	жағымды, өзінде тән	сұйық, біркелкі
2	ақшыл, сарғыш	сүтке тән ністі	жағымды, өзінде тән	сұйық, біркелкі
3	көгілдір	қышқылтым	ашқылтым	іртікті
4	ақшыл, сарғыш	сүтке тән ністі	жағымды, өзінде тән	сұйық, біркелкі
5	көкшіл	қышқылтым	қышқылтым	көпіршікті
Норма бойынша	ақшыл (әлсіз сарғыш рұқсат етіледі)	бөгде иіссіз	өзіне тән	сұйық, біркелкі

Бірінші кестеде көрсетілгендей сүт сынамаларының сезімдік зерттеу нәтижелерін талдай келсек, 5 сынаманың 3-уінің сезімдік көрсеткіші, сатылтын сүтке қойылатын талаптарға сай болды. Ал қалған 2 сүт сынамасының түсі, дәмі және консистенциясы қалыпты жағдайдан ауытқығандығы байқалады.

Сонымен қатар сүттің микробтармен ластануын және класын анықтау барысында сиыр сүтіне редуктаза сынамасын жүргіздік және нәтижелерін төмендегі 2 кестемен салыстырдық.

2-кесте – Сүттегі бактерия санын және оның класын анықтау

Метил көгінің түссіздену ұзақтығы		1 мл сүттегі бактерия саны	Класы	Сапасы
стандарт әдісімен	жылдам әдісімен			
5,5 сағаттан астам	3 сағаттан астам	500 мыңға дейін	I	жақсы
2-5,5 сағатқа дейін	1-3 сағатқа дейін	500 мыңнан 4 млн. дейін	II	қанағатты
20 минуттан 2 сағатқа дейін	8 минуттан 1 сағатқа дейін	4-20 млн. дейін	III	нашар

Тексеру нәтижесі көрсеткендей, 3 сүт сынамасы 5,5 сағаттан кейін түссізденді, ол сүт сапалы, I класқа жатқызылды. Ал 2 сынамада сүттің түссізденуі 2,5 сағаттан 5 сағат аралығында жүрді. Яғни сүттің сапасы қанағаттанарлық болды.

Сонымен қатар сүттің тазалығын, сүттегі бөгде заттар мөлшеріне анықтау жұмыстарын жүргіздік. Сүттің тазалығын «Рекорд» аспабымен, су қосылғандығын Иохелсон сынамасымен, сүтке сода, крахмал қосылғандығын әдеттегі әдістермен анықтадық.

Тексеру барысында 5 сынаманың 3-нде сүзгі үстінде тұнба байқалған жоқ, яғни таза, бірінші топқа жатқызылды. Екеуінен сүзгі үстінде шамалы тұнба байқалды және екінші топқа жатқызылды.

Сүтке су қосылғандығын, крахмал мен сода бар-жоқтығын анықтау барысында тексерілген 5 сүт сынамасының 2-уіне су, крахмал қосылғандығы, 1-не сода қосылғандығы анықталды. Ал 3 сүт сынамасы таза, ешқандай бөгде заттар қосылмағандығы анықталды.

Қорытындылай келе базар аймағынан тыс жерлерде сатылатын сиыр сүтінің барлығы бірдей таза, сапалы бола бермейтіндігін жоғарыда көрсетілген зерттеулер нәтижесінен

байқауға болады. Сүттің құрамында бөгде заттардың болуы, сүт сатушының өткен күннен қалып қойған сүтін сатып жіберу үшін сүттің бұзылғандығын және балауса сүт еместігін жасыру мақсатында сүтке сода, крахмал т.б. бөгде заттар қосуынан болады. Сонымен қатар сатылатын сүттің көлемін көтеру үшін, таза сүтті сумен, көк сүтпен араластырады. Сатушылардың тауарларын еш кедергісіз өткізуі үшін пайдаланатын айласын қолдану нәтижесінде сүттің құрамында бөгде заттар бар, сапасы төмен, балауса емес сүттерді таза сүт деп сатып алып, күнделікті өмірімізде пайдаланамыз.

Осындай келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында, келесідей ұсыныстарды ұсынамыз: базарлардан тыс жерлерде сүт сатуға тиым салу немесе ветсансараптаудан өткен, арнайы құжаттары бар сүттердің сатылуын үнемі қадағалау; сатылатын жерлердің тазалығын талапқа сай болуын қадағалау болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қырықбайұлы С. Ветеринариялық-санитариялық сараптау практикумы, / С. Қырықбайұлы, Т.М.Тілеуғали, Алматы, 2007. С. 231-244.
2. ГОСТ 13264-70 «Молоко коровье». Требовния при заготовках. М. – 1972. 4с.
3. Карташов,Л.П. Машинное доение коров. / Л.П. Карташов, Ю.Ф. Куранов. /М., «Высшая школа». – 1980. С. 7-12 .
4. Жамурова, В.С. Сапа менеджмент жүйесіндегі сүт сапасының классификациясы. / В.С. Жамурова, Л.К. Бупебаева. /Жаршы, 2008, №12. 38-39 б.
5. Аманжолов, Қ.Ж. Қала маңындағы фермерлік шаруашылықтарда сүт өндірудің тиімді әдістерін анықтау./ Қ.Ж.Аманжолов, Қ.П.Тажиев, А.Ж.Қарбекова, С.А.Айнабекова. / Жаршы, 2006, №7. 40-43 б.

УДК: 619:616.995.121:637.7

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЭХИНОКОККОЗА В МИКРОРАЙОНЕ «АРМАН» И ЦЕНТРАЛЬНОМ РЫНКЕ «МИРЛАН» Г. УРАЛЬСК

А. Г. Хайруллин - магистрант
Научный руководитель - М. Ш. Шалменов д-р. вет. наук, доцент
Западно Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир-хана

С древних времен и поныне заболевания, вызываемые гельминтами, продолжают наносить значительный урон всему человечеству мира, который складывается не только из отрицательного воздействия на здоровье населения и животных, но и из огромных финансовых издержек, связанных с затратами мирового общества на искоренение губительных последствий эпидемии гельминтозов.

Гельминтозы широко распространены и играют одну из важнейших ролей среди паразитарных болезней собак. Оказывая негативное воздействие на организм животного, они ухудшают общее физиологическое состояние макроорганизма. К одним из таких опаснейших и популярнейших инвазий относится эхинококкоз. Эхинококкоз собак и других представителей семейства псовых (волк, лиса и т.д.) распространен во все сезоны и практически везде.

Эхинококкоз привлекает внимание ученых и ветеринарных специалистов всего мира, в том числе и нашей страны. В Казахстане эхинококкоз относится к заболеваниям, наносящим огромный экономический ущерб и имеющим важное социальное значение.

Собака является основным источником заражения людей и домашних животных личинками цестодозами, включая и эхинококкоз. Заражение собак паразитом происходит при поедании паренхиматозных органов (печень, легкие и т.д.), пораженных эхинококковыми пузырями. Это явление часто наблюдается при убое скотины во дворах частных секторов и на выпасах.

Большинством исследователей установлено, что собаки различного служебного назначения в разной степени заражены эхинококкозом, а потому играют различную роль в эпизоотологии и эпидемиологии заболевания. Наиболее поражены приотарные и поселковые собаки, что связано с частым контактом с промежуточными хозяевами (крупный рогатый скот, мелкий рогатый скот и т.д.). Эти собаки представляют значительную угрозу для населения города и села.

Основными факторами, определяющими уровень инвазированности собак и сельскохозяйственных животных эхинококкозом, являются: огромное количество и безнадзорность собак; их переселение между близко расположенными фермами и населенными пунктами; нарушение мероприятий по дегельминтизации приотарных и дворовых собак; неконтролируемый подворный убой овец; скармливание пораженных внутренних органов собакам; тесное обитание собак вблизи жилья человека и в местах содержания скота.

В Западно-Казахстанской области изучением кишечных гельминтозов собак занимались такие ученые-гельминтологи, как Кереев Я.М., Шалменов М.Ш., Кармалиев Р.С. и другие.

По данным Шалменова М.Ш. и Кармалиева Р.С., в 1991-1995 гг. экстенсивность эхинококкоза среди исследованных собак составила 45,1 %, в том числе у приотарных – 28,7 %, поселковых – 13 %, городских – 3,4 % [1].

В результате гельминтологического вскрытия собак за 1996-2000 гг. зараженность эхинококкозом составила 11,3 %. Распространение паразита среди поселковых собак по Западно-Казахстанской области снизилось на 15-20%, но, в свою очередь, отмечено увеличение зараженности у городских собак [2].

В 2000-2002 гг. были вскрыты тонкие отделы кишечника от 165 собак, отловленных на территории г. Уральск и пригородных поселков. Echinococcus granulozus обнаружен у 8,2 % обследованных собак. Среди сельских – 16,3 %, городских – 2,6% [3].

Для изучения распространения эхинококкоза среди собак различного направления под чутким наблюдением руководителя мной были проведены исследования с декабря 2009 по февраль 2010 гг. включительно.

Материалы и методы исследования

За прошедшие три зимних месяца было исследовано 39 собак, 21 из которых поселковые из микрорайона «Арман», 18 – городские (беспризорные), отловленные в районе центрального рынка «Мирлан». Экстенсивность эхинококкоза среди собак изучал путем неполного гельминтологического вскрытия тонкого отдела кишечника по Скрябину и профилактической дегельминтизации 1% раствором ареколина. Исследования проводили в полевых условиях, в лаборатории гельминтологии Западно-Казахстанской научно-исследовательской ветеринарной станции и факультете «Ветеринарной медицины и биотехнологии» Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана.

Результаты исследований

Из общего количества исследованных собак цестодами инвазировано 20,5 %, нематодами – 23 %. Всего обнаружено 5 видов гельминтов, из них 3 вида относятся к классу цестод, 2 – нематод. Все 5 вида отмечены у поселковых собак, у городских не отмечен Multiceps multiceps. (Таблица 1).

Dipylidium caninum отмечен у 7,7 % собак, из них поселковые заражены на 4,8 %, городские – 11,1 %

Echinococcus granulosus обнаружен у 10,3 % собак, из них поселковые заражены на 14,3 %, городские – 5,6 %.

Toxocara canis выявлен у 15,4 % собак, из них поселковые поражены на 14,3 %, городские – 16,7 %.

Toxascaris leonina наблюдалась у 7,7 %: поселковые – 4,8 %, городские – 11,1 %.

Multiceps multiceps обнаружен у 2,6%, из них только у поселковых собак – 4,8 %, у бродячих городских собак паразит не отмечен.

Таким образом, анализ полученных данных показывает, что экстенсивность эхинококкоза среди поселковых собак выше, чем у бродячих городских собак. Этим последствиям послужил бесконтрольный забой сельскохозяйственных животных в домашних условиях без ведома квалифицированных ветеринарных специалистов. Вследствие чего обсемененные цистами внутренние органы (печень, легие) были употреблены в пищу придворными собаками.

Из результатов исследований также видно, что городские собаки заражены Dipylidium caninum, Toxascaris leonina больше, чем поселковые. Multiceps multiceps был обнаружен в одном случае у поселковых собак.

Таблица 1 – Экстенсивность гельминтозами собак в ЗКО РК за декабрь-февраль 2009-2010 гг.

Виды гельминтов	В целом, 39 голов		Поселковые, 21 голов		Городские, 18 голов	
	Поражено голов	Доля зараженности (%)	Поражено голов	Доля зараженности (%)	Поражено голов	Доля зараженности (%)
Dipylidium caninum	3	7,7	1	4,8	2	11,1
Echinococcus granulosus	4	10,3	3	14,3	1	5,6
Toxocara canis	6	15,4	3	14,3	3	16,7
Toxascaris leonina	3	7,7	1	4,8	2	11,1
Multiceps multiceps	1	2,6	1	4,8	-	-

Литература

1. Шалменов, М.Ш. Инвазированность собак гельминтами в Западно-Казахстанской области / М.Ш. Шалменов, Р.С. Кармалиев //Труды КазНИВИ.- Алматы, – 1997.- С. 234-237.
2. Шалменов, М.Ш. Эхинококкоз в Западно-Казахстанской области// Материалы международной научно-исследовательской конференции, посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан / М.Ш. Шалменов.- Алматы, – 2001.- С.408-413.
3. Шалменов, М.Ш. Гельминты собак, кошек и их эпизоотологическое значение// Материалы международной научно-исследовательской конференции «Развитие народного хозяйства в Западном Казахстане: потенциал, проблемы и перспективы», посвященной 40-летию Западно-Казахстанского аграрно-технического университета / М.Ш. Шалменов. – Орал, - 2003. – С. 297-298.

УДК 619:616.9:636.2

ИСПЫТАНИЕ ИММУНИЗИРУЮЩИХ СВОЙСТВ АТТЕНУИРОВАННОГО ШТАММА SALMONELLA DUBLIN 12

И. О. Чапурин - студент
Научный руководитель - Г. Г. Есенгалиев ст. преподаватель.
Западно – Казахстанский аграрно – технический университет имени Жангир хана

С целью профилактики сальмонеллеза у сельскохозяйственных животных и птиц с успехом применяют живые вакцины на основе аттенуированных штаммов [1, 2].

При этом, следует отметить, что к живым вакцинам предъявляются особые требования, главными из которых являются безвредность, реактогенность и иммуногенность.

В связи с этим, при разработке живых вакцин из аттенуированных штаммов микроорганизмов очевидна необходимость изучения не только степени реактогенности и опасности бактерионосительства, но и проверка иммунизирующей активности. Изучение иммуногенных свойств аттенуированных штаммов бактерий при создании вакцин является актуальным вопросом. Только после тщательной экспериментальной проверки иммунизирующей активности аттенуированных штаммов можно рекомендовать их в качестве вакцинных штаммов [3].

Исходя из вышеизложенного, целью нашей работы являлось изучение иммуногенных свойств аттенуированного штамма Salmonella dublin 12.

Материалы и методы. Нами изучена иммунизирующая активность аттенуированного штамма Salmonella dublin 12 в опытах на белых мышах, морских свинках и телятах. Контролем служили животные, привитые убитыми вакцинами и не иммунизированные. Иммунизирующую активность вакцинного штамма Salmonella dublin 12 вначале изучали на белых мышах (45 подопытных и 20 контрольных) весом 14-16 г. Мышей иммунизировали однократно, подкожно аттенуированным штаммом Salmonella dublin 12 в дозах 10^4, 10^5 и 10^6 КОЕ. Контролем служили белые мыши однократно иммунизированные формолквасцовой вакциной в дозе 0,1 мл ($5 \cdot 10^8$ КОЕ) и непривитые. На 21 сутки после вакцинации подопытных мышей заражали вирулентной культурой Salmonella dublin 373 подкожно в дозе 10^6 КОЕ. Контрольных (непривитых) заражали вирулентной культурой Salmonella dublin 373 подкожно в десять раз меньшей дозой 10^5 КОЕ.

Результаты исследований. В результате этих исследований установлено, что белые мыши, привитые однократно аттенуированным штаммом Salmonella dublin 12, а затем зараженные вирулентной культурой Salmonella dublin 373 подкожно, оставались живыми в 100 % случаях (табл.1).

Белые мыши, иммунизированные формолквасцовой вакциной (в дозе, превышающей в 10 тыс. раз живую вакцину), при последующем заражении вирулентной культурой Salmonella dublin 373 погибали до 67 процентов. Все контрольные не иммунизированные мыши погибали в течении 9-12 суток.

Результаты опытов на белых мышах показали, что аттенуированный штамм Salmonella dublin 12 в дозе 10^5 м.к. защищает белых мышей от летального заражения вирулентной культурой S. dublin 373 в 100 % случаев.

Иммунизирующая активность аттенуированного штамма Salmonella dublin 12 нами испытывалась также на морских свинках в сравнении с формолквасцовой вакциной. Морских свинок иммунизировали однократно, подкожно аттенуированным штаммом в дозе $3 \cdot 10^8$ КОЕ, а формолквасцовой вакциной двукратно в дозе $5 \cdot 10^9$ КОЕ (1 мл). По истечении 20 суток подопытных и контрольных животных заражали подкожно вирулентной культурой Salmonella dublin 373 в дозе $2 \cdot 10^9$ КОЕ.

Результаты опытов показали, что аттенуированные штаммы S. dublin 12 защищают морских свинок в 90-100 % случаев от летального заражения. Формолквасцовая вакцина показала низкую иммуногенность – только от 40 до 50 % свинок остаются живыми после смертельного заражения вирулентной культурой Salmonella dublin 373. Все контрольные свинки (неиммунизированные) погибали.

Проведенные нами опыты на белых мышах и морских свинках по проверке иммуногенной активности аттенуированного штамма S. dublin 12 в сравнении с формолквасцовой вакциной, позволили сделать заключение, что аттенуированный штамм S. dublin 12 создает иммунитет высокого напряжения и процент выживаемости у него выше, чем у формолквасцовой вакцины.

Таблица 1.– Изучение иммуногенной активности аттенуированного штамма S. dublin 12 на лабораторных животных (белые мыши)

Вакцина	Иммунизация мышей			Заражение вирулентной культурой				
						результат		
	количество	доза	метод введения	заражено мышей	доза и способ	выжило	пало	% выживаемости
Аттенуированный штамм S. dublin12-живая вакцина	15	10^4 м.к.	подкожно	15	10^6 м.к., п/к	15	-	100
Аттенуированный штамм S. dublin12-живая вакцина	15	10^5 м.к.	подкожно	15	10^6 м.к., п/к	15	-	100
Аттенуированный штамм S. dublin12-живая вакцина	15	10^6 м.к.	подкожно	15	10^6 м.к., п/к	15	-	100
Формолквасцовая вакцина	15	0,1мл	подкожно	15	10^6 м.к., п/к	5	10	33
Контроль (непривитые)	5	-	-	5	10^3 м.к., п/к	-	5	-

Примечание. Срок наблюдения после заражения-20 суток.

Полученные материалы экспериментальных исследовании на лабораторных животных позволили нам продолжить опыты на телятах.

Сравнительная иммуногеннсть исследованного аттенуированного штамма S. dublin 12 изучалась на телятах. Нами учитывались степень выживаемости и температурная реакция. Для изучения сравнительной иммуногенности аттенуированного штамма S. dublin 12 и формолквасцовой вакцины были подобраны методом аналогов двадцать три 8-10-дневных телят, разделенных по 9 животных в опытных группах, и 5 телят в контрольную группу (не привитые). Вакцина вводилась подопытным телятам в область верхней трети шеи. Девять подопытных телят первой группы иммунизировали аттенуированным штаммом S. dublin 12 подкожно в дозе 10^9 КОЕ однократно. Девять подопытных телят второй группы иммунизировали формолквасовой вакциной, двукратно, в дозах $1 \cdot 10^9$ и $2 \cdot 10^9$ КОЕ (1 мл). Через 20 суток после вакцинации подопытные и контрольные телята были заражены вирулентной культурой S. dublin 373 в оттитрованных дозах.

Напряженность иммунитета учитывали по общепринятой методике по выживаемости и температурной реакции. В результате проведенных опытов установлено, что телята, иммунизированные исследуемым аттенуированным штаммом S. dublin 12 легко перенесли

заражение вирулентной культурой S. dublin 373. У телят в течении 3-х суток отмечалось кратковременное повышение температуры на 0,7 градус. Затем температура и общее состояние телят нормализировалось. Других отклонений физиологических параметров у телят, иммунизированных испытуемым штаммом, не обнаружили.

А у телят иммунизированных формолквасцовой вакциной высокая температура наблюдалась в течении 9-10 суток, сопровождавшиеся угнетенным состоянием, поносами, учащением сердцебиения, дыхания, а также уменьшением аппетита. Выжило от 50 до 65 процентов животных, что указывает на недостаточную иммунизирующую активность формолквасцовой вакцины.

У неиммунизированных контрольных телят на третий день после заражения отмечалось резкое угнетение, повышение температуры до 41,5-41,8^{0}С, которая сохранялась до момента их гибели. Контрольные телята погибали на 7-9 сутки после заражения, с явлениями острого сальмонеллеза.

Проведенные опыты на лабораторных животных и телятах показали, что аттенуированный штамм S. dublin 12 у лабораторных животных и телят дает доброкачественную местную и общую реакцию, безвредна и обладает хорошо выраженными иммуногенными свойствами. Результаты опытов на лабораторных моделях показала его высокую иммуногенную активность, сохраняя 100 % животных при заражении вирулентной культурой в смертельных дозах.

Выводы.

Таким образом, приведенные в данной работе результаты экспериментальных исследований показывают, что вакцина из аттенуированного штамма при однократной подкожной иммунизации лабораторных животных и телят создает высокую устойчивость к экспериментальному заражению. Результаты опытов также показали, что аттенуированный штамм S. dublin 12 обладает более высокой иммунизирующей активностью по сравнению с формолквасцовой.

Литература:

1. Матвиенко Б.А. Актуальные вопросы иммунопрофилактики сальмонеллезов животных. // Б.А. Матвиенко. В сб.: Болезни сельскохозяйственных животных. Труды АЗВИ.- Алма-Ата, -1986. -С. 53-66.

2. Шустер Б.Ю. Специфическая профилактика сальмонеллеза сельскохозяйственных животных. // Б.Ю. Шустер Тез. докл. на Всесоюзной научной конференции. –Львов, 1988. - С. 23-24.

3. Матвиенко Б.А. Иммуногенность аттенуированных штаммов сальмонелл. // Б.А. Матвиенко //Ветеринария. М.: -1970. -№ 8. –С.44-45.

ӘОЖ 543.26.

АУА МИКРОФЛОРАСЫ

Д. Шалкарова, А. Кулбаева – студенттер
Ғылыми жетекші - Ж. Т. Усенов оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Ауадағы микроорганизмдер болатының адам баласы әлде қашаннан сезген. Бұдан 2000-жылдай бұрын рим жазушысы және оқымыстысы Марк Теренции Варон өте кішкене жәндіктер болатынын болжаған. Дегенмен олардың атмосферада барлығын алғаш болып Л.Пастер дәлелдеді. өмірдін өздігінен пайда болу мәселелерін зерттеу кезінде ол үй, көше, тау арасындағы микробтар мөлшерін анықтағанда шыны колбаның шүмегін сындырып, ауа кіргеннен кейін тез жауып,сілкіп шайқаған. Біраздан кейін ортада ашу басталса, лайланса микроб екендігін көрсетеді.

Микробтар біркелкі таралмаған. Олар қаланың ортасында көп, қала шетінде, далада, орманда, көл теңіз аймағында, биік тауда аз. Шаң, тозан, лас жерде микробтар көп, өйткені олар түйішіктер бетіне адсорбцияланады. Микробтар жер бетінде (тропосферада) көп, ал стратосферада аз болады.

Микробтар негізінде фитопатогендік саңырауқұлақтардын споралары, бұлт арсынан да табылған. Жоғары биіктікте ерекше пигменттер түзетін микроорганизмдер кездеседі, бұл пигменттер микроорганизмдердің қолайсыз жағдайға әсіресе ультра-күлгін сәулеге, төзімділігін арттырады. Теңіз беткеінен 84 км биіктікте микробтар әлі табылған жоқ.

Микробтар ауаға топырақтан, жануарлар денесінен, транспорттан таралады. Қозғалыс неғұрлым жиі, жедел болса, соғұрлым ауада қалқыған бөлшектер, солармен бірге микробтар, соғұрлым көп болады. Тұрғын үйден алыстаған сайын микроб саны кеми түседі. Фитонцидтер әсер ететін жағдайда тоғайда, қалын орманда, кей жерлерде де ауа стерильді болады. Қалаларда ағаш, бұта, гүл өсірудін маңызы үлкен, олар шаң-тозаңнын 90% жуығын ұстайды [1].

Соның нәтижесінде микробтар саны 3-9 есе кемиді. Қала атмосферасында пигмент түзетін таяқшалар, құрғаққа төзімді кокктер, зең саңырауқұлақтары, споралар болады. Мысалы Москва тарриториясында 30-37% түзетін бактериялар, 20% дейін зең саңырауқұлақтары және 2-1,5% бациллалар табылған. Теңіз үстінде әсіресе солтүстікте, микробтар аз болады. Бұндай жерлерде бірнеше сағатқа бетін ашық қалдырған Петри тостағаншасында өсу байқалмаған. Демек, бұл жердегі ауа микроорганизм тіршілігіне қолайсыз деуге болады. Еліміздің солтүстік өңірінде тыныс органдары аурулары кең таралғанын, осы жағдайға байланысты түсіндіруге болады.

Микробтардың көбіне тіршілік етуге атмосферада жағдай жоқ, дегенмен олардын кейбірулеріне атмосфера тіршілік ортасы болып саналады. Ауа арқылы патогенді микробтар ауа тамшы не ауа-тозаң жолымен таралады. Ауда қалқыған күйдегі майда тамшыларды ауа толқыны өзімен бірге алыс жерге апаруы, ол жерде түрлі заттар бетіне қалуы мүмкін. Ауа арқылы тұмау, туберкулез, қызылша, сібір жарасының споралары, зең саңырауқұлақтар споралары таралады [2].

Аусыл, сиыр өкпе ауруы, жоғары тыныс жолының жұқпалы қабынуы, жылқының сақау және маңқа аурулары, шошқа тұмауы, ит обасы және басқа ауру қоздырғыштары тамшы арқылы таралады. Сиыр жөтелгенде сілекейімен бірге микробтар 3-4 м жерге дейін жетеді және ол ұзақ уақыт ауада қалқып жүреді. Микроб жұғу факторлары малдың бір жерде көп болуы, мал қорасын су сеппей сыпыру, жем шөп беру. Бұл жағдайда түзілетін аэрозольде минералдық және органикалық шаң-тозаң болады. Шаң-тозаң құрамы әр түрлі, өсімдік текті, жануар текті, де заттар болуы мүмкін. Бұлар өсімдік, көң-қи, эпидермис, түк, қауырсын бөлшектері, микроорганизмдер болуы мүмкін.

Егер шаруашылықта инфекциялы аурулар қапі болса, шаң тозаңда потогендік микробтар болуы мүмкін. Мөлшері 0,54 тен 5мкм-ге дейінгі майда шаң тозаң өте қауіпті, олар өкпе альвеолаларына еңеді. Бұдан ірірек бөлшектер тыныс жолдарында, мұрын қуысында ұсталады және сілекей арқылы сыртқа шығарылады. Микробтар организмге ену жолында механикалық және биологиялық кедергілер бар (мұрын қуыстағы түк, бездерден бөлінетін цидті заттар). Қора-жайда микробтар қыста көп, жазда аз болады, бұған керісінше қыста ауа таза, өйткені онда шаң тозаң кем болады. Шаң тозаңды қар басады.

Сонымен жоғарда көрсетілген бірқатар мәліметтерге сүйене отырып ауаның құрамындағы бактерияларды, яғни ауа кеңістігінде ортаға байланысты бактериялардын қай ортада көп кездесетінің тәжірибе арқылы біліумізге болады [3].

Тәжірибе жүргізу мақсатында біздер үш жерден ауаның микрофлорасын тексердік. Бұл тәжірибені Кох әдісімен жүргіздік. Ол үшін 5 минутқа Петри тостағаншасын ашық түрде қалдырады және уақыт өткесін термостатқа салып өскен колонияны санайды. Біздер 3 стерильді Петри тостағаншасын алып оған 10-12 мл шамасында қыздырылған ЕПА (ет

пептонды агар) құйып қатқанша бөлме температурасында қалдырдық, содан кейін кептіргіш шкафта 120 С° температурада 30 минут залалсыздандырдық. Қажетті құралдар дайын болғасын біздер сынама алынатын 3 нүктеге (1 нүкте ветеринвряи факультетінің холы, 2 нүкте факультет дәріс аудиториясы, 3 нүкте көше атмосферасы) Петри тостағаншаларын 5 минут ашық қалдырдық. Алынған сынамаларды тармостатқа 24 сағатқа қалдырдық нәтижесі 1 кестеде келтірілген.

1-кесте – Зерттеу нәтижесіндегі 1м^3 ауа микрофлорасындағы анықталған микроб саны.

№	сынама	өскен колония саны
1	1-сынама	120
2	2-сынама	50
3	3-сынама	40

Кестедегі деректер бойынша 1 сынама алынған нүктеде ең көп микроб 1м ^{3} 120 анықталған ең аз 3 сынама алынған нүктеде 1м^3 40 колония.

Зерттеу нәтижесінде ең көп микроорганизм холдан алынған сынамада себебі бұл жерде көп қозғалыс болады, ал сыртта ең аз болуы жоғарда айтылған себептерге байланысты.

Әдебиеттер:

1. Шоқанов, Н.К. Ауыл шаруашылығы микробиологиясы ./ Н.К.Шоқанов Алматы. Қайнар. Білім, 1997ж.
2. Асонов, Н.Р. Микробиология./ Н.Р.Асонов М.: Агропромиздат,1980
3. Троценко, Н.И. Практикум по ветеринарной вирусологии / Н.И.Троценко М.: ВО Агропромиздат.1989

ЭКОЛОГИЯ

ӘОЖ 581.5

ҚАУІПТІ ХИМИЯЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРДЫ ЗАЛАСЫЗДАНДЫРУДАҒЫ ЖАСЫЛ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ

Б. Т. Айтжанова
Ғылыми жетекші - Х. Е. Сатыбалдиева
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Өсімдіктер жердегі тіршіліктің дамуының бастаушы көзі болып саналады және олар арқылы фотосинтез процесі жүзеге асады. Фотосинтез процесі бүкіл планетамызда үнемі жүріп отырады, соған байланысты суммарлық эффекті жоғары деңгейде. Фотосинтез процесі кезінде көмірқышқыл газы мен судың әсерінен органикалық заттар түзеді, құнды өнімнің негізгі көзі (бидай, көкөніс, жеміс, т.б), өнеркәсіп пен құрылыста негізгі шикізат көзі болып табылады.

Атмосфералық ауаның газдық құрамы да өсімдіктерге тікелей байланысты екені белгілі. Фотосинтез процесі нәтижесінде жасыл өсімдіктер жылына 510 тоннаға жуық бос оттегі бөледі. Жүгерінің 1га көлемі жылына 15т оттегі бөледі, ол 30 адамның тыныс алуына жеткілікті мөлшерде. 2000 жыл ішінде атмосфералық оттегі жасыл затардан қалыптасты. 300жыл ішінде өсімдік сіңірген көміртегінің мөлшері атмосфера мен судағы мөлшерімен бірдей. XX ғасырдың аяғында бүкіл дүние жүзілік станцияларда фотосинтездің жылдық химиялық энергия өнімі 1000 есе артық энергия өндірді. Фотосинтез процесі нәтижесінде жердегі өсімдіктер жыл сайын 177 млрд тоннадан астам органикалық затар түзететіні айқындалды [2].

Сонымен қатар, өсімдіктер топырақтың негізгі тіршілік қабаты гумустың қалыптасуына септігін тигізеді.органикалық заттар құрамына көміртегі, сутегі, оттегіден басқа азот, фосфор, күкірт атомдары және аз мөлшерде (темір, кобольт, магний, мыс) кіреді. Бұлардың барлығы топырақтан және сулы ортадан тотыққан күйінде тұзды ион түрінде өсімдіктер арқылы өндіріледі. Минералды тұздар топырақтың беткі қабатынан шайылмайтындықтан, өсімдіктер үнемі минералды заттарды сіңіріп, топырақ арқылы жануарларға азық ретінде беріп отырады. Өсімдіктер сияқты жануарлар да өлгеннен кейін минералды заттар топыраққа беріледі, ол қайтадан өсімдікке сіңіріліп отырады. Өсімдік шайылу процесінде өзінің құнарлылығы үшін топыраққа үнемі минералды тұздарды беріп отырады.

Өсімдіктер сонымен қатар климатқа, суқоймаларына, жануарлар әлеміне және биосфераның басқа да элементтерімен тығыз байланысты болғандықтан, оларға үлкен әсерін тигізеді.

Қолдану масштабы бойынша өсімдіктер микроағзалардан айрықша ерекшеленеді. Біріншіден, арнайы реакторлар мен фильтрациялық жүйені қажет етпейді, себебі үлкен көлемдегі өсімдік жамылғысының ауданы олардың кез-келген бөгде заттармен әрекеттесуіне жағдай жасайды. Сондықтан,өсімдіктерді экологиялық мақсатта қолданған жағдайда олардың қандай қосылыстарды сіңіре алатынын ескерген жөн. Көп жағдайда улы қосылыс көзінің айналасына бірінші аймаққа бір жылдық өсімдіктерді отырғызу ұсынылады,өсімдіктің түрі мен плантация аймағын токсиканттың концентрациясына мен оның табиғатына және ауа массаларының қозғалыс интенсивтілігіне байланысты таңдайды. Екінші қатардағы аймаққа – бұталар, ал содан кейін арнайы таңдалып алынған көпжылдық

өсімдіктер отырғызылады. «Жасыл фильтрді» осылайша ораналстырған жағдайда ауадағы токсиканттар сыйымдылық салмағына байланысты ауаның төменгі қабатына шөгіп, төменгі ярусты өсімдіктермен әрекеттеседі [3].

Өсімдіктердің индикаторлық рөлінің маңызы зор. Өсімдіктерді бақылай отырып, адамзат баласы көне заманнан бері өсімдіктердің бейімділуін, кеңістікте қалыптасуын меңгеріп, оны компос ретінде пайдаланған. Кейбір өсімдіктер адамдарға тәуліктің дәлме дәл уақытын көрсеткен. Басқа өсімдіктер барометр мен гигрометр функциясын атқарады, тұщы, тұзды суларға индикатор болып табылады. Қазіргі уақытта өсімдіктерді индикатор ретінде, геолог, гилролог, жерді орналастырушылар, топырақтанушылар, климатологтар, орман шаруашылығы, археолог және тағы басқа маман иелері өз зерттеулері мен практика барысында пайдаланады. Өсімдік топырақтың құнарлылығына индикатор болып қызмет етеді.

Химиялық өндіріс, автотрасса маңында токсиканттарды оңай сіңірп алатын көкөністерді отырғызудың мағынасы жоқ. Бұл жерлердің топырағында канцерогенді көмірсутектер көп болады. Өсімдіктертамыры арқылы қосылыстарды сіңіріп, жер беті мүшелеріне тасымалдайды. Экотоксиканттар ауа арқылы жапырақ лептесіктері арқылы өсімдіктің газ алмасу жүйесіне енген кезден бастап өсімдік жасушасымен әрекеттесе бастайды. Бөгде заттардың өсімдік жасушасына енуі ондағы метаболитикалық процестерге әсер етіп, қалыпты физиологиялық,биохимиялық процестерді бұзады. Өсімдіктер түрлі топтарға жататын органикалық қосылыстарды көмірқышқыл газына дейін тотықтыра алады. Бірақ, өсімдік жасушасы бұл қосылыстардың белгілі бір мөлшерін ғана сіңіре алады. Осыған байланысты өсімдік жасушасына түсетін бөгде заттардың метоболизмі бастапқы концентрациясына байланысты. Оның үш түрі болады:

- зат алмасуына түсетін доза - токсиканттың өсімдік жасушасының физиологиялық нормасына әсер етпейтін концентрациясы;
- зат алмасуына күш түсіре жүретін, яғни өсімдік жасушасы токсикантты залалсыздандырғанда ондағы физиологиялық-биохимиялық процесстер мен морфологиялық көрсеткіштерде нақты ауытқуларға әкелетін концентрация;
- летальды доза — токсиканттың дозасы өсімдікті тіршілігін жояды.

Өсімдік жасушасына енетін бөгде заттардың химиялық табиғаты олардың әрі қарай әрекет етуіне түрлі ықпал жасайды. Осыған орай, органикалық және бейорганикалық қосылыстардың бір-бірінен айырмашылығы бар екендігі анықталды. Ион алмасу реакциялары тез жүреді, сондықтан өсімдік жасушасында бейорганикалық қосылыстардың детоксикациясы да ұзақ уақытқа созылмайды. Органикалық қосылыстардың алмасуы арнайы ферменттердің (монооксигеназа, цитохром Р-450, полифенолоксидаза, пероксидаза) қатысуымен жүзеге асады. Бұл ферменттердің синтезіне белгілі бір уақыт қажет, сондықтан процесс жай жүреді [4].

Табиғатта тараған бейорганикалық токсиканттардың басым бөлігі оксидетр класына жатады (күкірт және азот оксидтері және т.б.). Олар өсімдік жасушасында сумен әрекеттесіп, өздеріне сәйкес қышқылдар мен негіздер түзеді. Құрамында сутегі бар бейорганикалық токсиканттар (HC1, HF, H2S, NH3 және т.б.) қышқылдық және сілтілік қасиеттер көрсетеді. Жасуша құрамындағы судың әсерінен өсімдік сіңірген тұздар гидролизге ұшырап, қышқылдық,негіздік және бейтараптану реакцияларын беоеді. Осылайша, бейорганикалық токсиканттардың жасушаға әсері қышқылдық-негіздік орта түзу арқылы сипатталады. Жасушаға түсетін қышқыл біріншіден цитоплазманың pH өзгертеді. Өсімдік жасушасы бейорганикалық токсиканттардың төмен концентрациясын катионды-анионды баланс және жасушаның буферлік жүйесі арқылы бейтараптанады, ал жоғары концентрациясын залалсыздандыру органикалық қышқылдар биосинтезінің артуымен немесе топырақтан катиондарды сіңіріп,жасушада жинақтаумен жүзеге асады.

Автомобильдерден шығарылған зиянды газдардың әсері кейбір өсімдіктерге анық байқалады. Сондықтан оларды адам өміріне қауіпті концентрациялы газдарды анықтауға пайдалануға болады. әсіресе бұл қалдық газдар көп жиналатын жерлерде, автокөлік қозғалысы көп жерлердегі құбырлар. Жапырақ жиектерінің қурауы, түсінің өзгеруі, ақ дақтардың пайда болуы қоршаған ортада зиянды заттардың бар екендігін білдіреді.

Әр түрлі жолмен өсімдіктер зиянды заттардың детоксификациясын жүргізеді кейбір қауіпті заттар өсімдік жасушасының цитоплазмасына қосылып, оның белсенділігін жояды, басқа зиянды заттар өсімдіктерге токсикалық емес заттарға айналып,зат алмасу процесіне қатысады.

Өсімдіктер өздерінен зиянды микроорганизмдерді жоятын заттар бөліп шығарады. Олардың қатарына (пенициллин, стрептомицин, тетрациклин және т. б.) антибиотиктер мен фитонцидтер кіреді. Жуа мен сарымсақтың күшті бактериялды қасиеттері бар. Сондықтан олар бұрынғы кезден емдік заттар ретінде пайдаланылады. Можевельниктің бір өсімдігі тәулігіне 30г ұшқыш заттар шығарады, 1га жерде бұндай фитонцидтердің шығарылатын мөлшері үлкен қалалардың көшелеріндегі микробтарды тазалауға жеткілікті.

Өсімдік жасушасында өтетін экзогенді қосылыстардың детоксикациялану процесстерінің ішіндегі экологиялық маңызды болып саналатын - органикалық қосылыстардың тотығу жолымен деградациялануы. Бұл күрделі процесс полифенолоксидаза, пероксидаза, цитохрома Р-450 қатысуымен жүретін монооксигеназды жүйесі арқылы токсикант молекуласының гидроксилденіп, оның көміртек қаңқасының деградацияға ұшырап, СО2 –ге дейін тотығуымен аяқталды [1] .

Өсімдік жасушасындағы экзогенді қосылыстардың детоксикациясы олардың коваленттi байланыстарының жасушаның эндогенді компоненттерімен байланысуы арқылы жиі жүзеге асатын процесс немесе экзогенді қосылыстардың конъюгациялану реакциясы. Конъюгация процесінде түзілетін өнімдер уыттылығы жағынан бейтарап немесе бастапқы экзогенді қосылыстарға қарағанда уыттылығы әлдеқайда төмен. Экзогенді және эндогенді қосылыстардың коваленттi жұптасуы функционалды топтардың көмегімен жүреді. Осындай жолмен өсімдік токсикантты жасушада белгілі бір уақытқа дейін вакуольға жинақтап сақтайды да, концентрациясы төмендегенде конъюгатты диссоциациия жолымен жасушадағы метаболизмге енгізіп,әрі қарай тотықтырады.

Көмірсулардың эндогенді қосылыстармен конъюгациясы экзогенді қосылыстарда -ОН немесе –СООН функционалды топтарының болуын талап етеді.

Өсімдіктерде токсиканттарды байланыстыру жасушаның гидрофильді қосылыстары көмегімен жүреді, яғни бөгде заттардың еруін тездетіп, жасушаның кез-келген бөлігіне жеткізеді.

Жоғары сатыдағы өсімдіктерде бөгде заттардың детоксикациясы өсімдік қантымен конъюгациялану жолымен де жүзеге асады. Кейбір карбоксил тобы бар бөгде қосылыстар күрделі эфирлер түзеді.

Көне Рим мелекетінде агрономия саласы бойынша терең зерттеулер жүргізген Ю. М. Колумелла атты білгір маман болған. Ол « білгір шаруаға ағаш жапырағына, шөпке немесе піскен жемісіне қарап топырақ ерекшелігін жане онда не жақсы өсетінін білу тән » деген. Бұл көзқарасқа оның замандасы Плиний де өз ұстанымын қосты.« Бүлдірген, дала жуасы, клевер, жабайы алма және алмұрт топырақтың жоғары өсімінің белгісі болып табылады» деген. Өсімдіктерге сыртқы орта өзгерісі тез әсер етеді өсімдіктердің таралуы мен өсуі топырақ қабатының жайына тәуелді.

Өсімдіктерге қатысты потенциалдық пайдалы принцип ескерілуі қажет. Осы және басқа да түрлердің болашақта адамға қандай әсері бар екенін біле алмаймыз. Зиянды және зиянсыз саналатын түрлердің кейінгі уақытта өте маңызды болғаны бізге анық. Осылайша саңырауқұлақтың кейбір түрлері қазіргі уақытта адамға антибиотик ретінде, ал әр түрлі жарамсыз бактериялар пайдалы қазбаларды игеруге үлкен көмек көрсетті. Қазір өмір сүріп жатқан организмдер-құнсыз эволюциялық құбылыс болып саналады, осыны дұрыс

пайдалану әр түрлі облыстарда адамның ғылыми-техникалық прогрестерді дамытуына көмектеседі.

Жалпы, өсімдіктерді органикалық токсиканттарды игеріп, метаболиздеу қабілетіне байланысты үш топқа бөледі.

Бірінші топқа өсімдіктің тәулігіне органикалық токсикант миллиграмының жүздеген үлесін сіңіретін өсімдіктер, 1 кг жасыл массасына шаққанда,екінші топқа миллиграмның ондаған бөлігін ассимиляциялайтын өсімдіктер жатса, үшінші топқа жоғары детоксикациялық потенциалы жоғары, яғни1 кг жасыл массасы тәулігіне токсиканттардың миллиграмын сіңіретін өсімдіктер тобы жатады. Өсімдіктердің детоксикациялық потенциалы микроағзаларға қарағанда төмен, бірақ өсімдіктердің басымдығы олар үлкен аудандарды алып жатыр және тәулік бойы топырақтағы,ауадағы,суқоймалардағы токсиканттарды залассыздандырып отырады. Сондықтан планетаның өсімдік жамылғысы табиғатты қорғаудың экологиялық бастамасы болып табылады. Адамзаттың алдында тұрған міндет - өсімдіктерді дұрыс таңдай отырып, табиғаттың осы қасиетін мейлінше тиімді пайдалану.

Әдебиеттер:

1. Егорова, Т. А. Основы биотехнологии / Т.А.Егорова, С.М. Клунова, Е.А. Живухина.- М.: «Academa», 2003. – 207 с.

2. Квеситадзе, Г. И. Введение в биотехнологию / Г.И.Квеситадзе, А.М. Безбородов. – М.: Наука, 2003. – 248 с.

3. Панин, М. С. Экология Казахстана / М.С.Панин.- Семипалатинск : Семипалат. гос. пед. институт, 2005.- 547 с.

4. Форстер, К. Ф. Экологическая биотехнология / К.Ф.Форстер, Д.А.ДЖ. Вейза; пер. с англ. В.А.Дымшица; под ред. А.И. Гинака. - Л.: Химия, 1990.- 382 с.

УДК 639.13:591.526

МОНИТОРИНГ ЧИСЛЕННОСТИ ПОПУЛЯЦИЙ КАСПИЙСКОГО ТЮЛЕНЯ

Е. Алатырцева – студент
Научный руководитель - А. М. Берниязова ст. преподаватель
Западно Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

В начале XX века численность каспийских тюленей оценивалась в пределах 1 миллиона особей.

По результатам аэрофотосъёмок, произведенных В.И.Крыловым в 1989, году количество зверей снизилось до 400 тысяч. Аэрофотосъёмки, проведенные в 2007 и 2008 годах, установили, что на данный момент в Каспийском море обитает около 111 тысяч тюленей. Каспийский тюлень эндемик и по строению тела, характеру питания, образу жизни и многим морфологическим признакам отличается от других тюленей мира.

